

PUBLISHINGS of Kostanay State Pedagogical Institute	 BAITYRSYNOV UNIVERSITY	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАҒЫЫСЫ	ВЕСТНИК Костанайского государственного педагогического института
--	--	--	---

2022 ж., сәуір №2 (66)
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Бас редактор: Исмуратова Ғ. С., экономика ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары: Ташетов А.А., PhD докторы, А.Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

РЕЦЕНЗЕНТТЕР

Бережнова Е.В., педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ СИМ, Мәскеу қ., Ресей

Жаксылыкова К.Б., педагогика ғылымдарының докторы, Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Қазақстан

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Амирова Б.А., психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан

Благодарзумына О.Н., экономика ғылымдарының кандидаты, Молдова Халықаралық Тәуелсіз Университетінің доценті, Молдова

Доман Э., лингвистикалық ғылымдар докторы, Макао университеті, Сидней, Австралия

Елагина В.С., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ООМГПУ, Ресей

Жилбаев Ж.О., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы президенті, Қазақстан

Кайе Ж., философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция

Катцнер Т., Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ, Батыс Вирджиния

Кульгильдинова Т.А., педагогика ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ-нің профессоры, Қазақстан

Марилена Сантана дос Сантос Гарсия, лингвистикалық ғылымдар докторы, Сан-Паулу Папа католик университеті, Бразилия

Монова-Желева М., PhD докторы, Бургас еркін университетінің профессоры, Болгария

Чаба Толгизи, Венгрияның Сегед Университеті экология кафедрасының ғылыми қызметкері, Венгрия

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен
19.04.2019 берілген.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:

110000, Қостанай қ., Тәуелсіздік к., 118

(Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті)

Тел. (7142) 54-84-43 (258)

№2 (66), апрель 2022 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова*

Главный редактор: *Исмуратова Г.С.*, доктор экономических наук, КРУ им. А. Байтурсынова, Казахстан

Заместитель главного редактора: *Ташетов А.А.*, доктор PhD, КРУ им. А. Байтурсынова, Казахстан

РЕЦЕНЗЕНТЫ

Бережнова Е.В., доктор педагогических наук, профессор МГИМО МИД, г. Москва, Россия

Жаксылыкова К.Б., доктор педагогических наук, профессор Казахского национального исследовательского университета им. К. Сатпаева, Казахстан

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Амирова Б.А., доктор психологических наук, КарГУ им. Е.А. Букетова, Казахстан

Благодарная О.Н., кандидат экономических наук, доцент Международного Независимого Университета Молдовы

Доман Э., доктор лингвистических наук, университет Макао, Сидней, Австралия

Елагина В.С., доктор педагогических наук, профессор, ЮУГГПУ, Россия

Жилбаев Ж.О., кандидат педагогических наук, доцент, президент Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, Казахстан

Кайе Ж., доктор философских наук, профессор, Университет Виа Домисия, г. Перпиньян, Франция

Катцнер Т., доктор PhD, профессор Университета Западной Вирджинии, США

Кульгильдинова Т.А., доктор педагогических наук, профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Казахстан

Марилена Сантана дос Сантос Гарсия, доктор лингвистических наук, Папский католический университет Сан-Паулу, Бразилия

Монова-Желева М., доктор PhD, профессор Бургасского свободного университета, Болгария

Чаба Толгизи, научный сотрудник кафедры экологии, Университет Сегеда, Венгрия

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж
выдано Министерством культуры и информации Республики Казахстан
19.04.2019 г.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 118
(Департамент науки и послевузовского образования)
Тел. (7142) 54-84-43 (258)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Сіздің қолыңызда «ҚМПИ Жаршысы» ғылыми-әдістемелік журналының кезекті саны. Біз сіздердің назарларыңызға басылымның 2022 жылғы екінші санын ұсынып отырмыз.

Басылымда университетіміздің ғалымдары мен студенттерінің өзіндік ғылыми зерттеу жұмыстары жарияланады.

Журналдан сіз өзіңіздің ғылыми зерттеулеріңізді дамытуға арналған қызықты тақырыптарды, ғылыми-әдістемелік тәжірибені қорытуға арналған материалдарды, университет оқытушыларының инновациялық жаңалықтары мен жаңартылған озық педагогикалық тәжірибелерін таба аласыз. Журнал бөлімдері біздің университеттің жетекші ғалымдарының, әлеуметтік серіктестердің, жұмыс берушілердің,

шетелден шақырылған ғалымдардың материалдарын қамтиды. Журналдың бұл санында аталмыш бөлімдер сіздерге ғылыми мәтінді түсінуге арналған әдістер, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жұмыстар, инклюзивті білім беру, студенттердің оқу мотивациясын арттыру, ана тіліміз арқылы ағылшын тілін үйрету сынды тағыда басқа көптеген пайдалы тақырыптар ұсынылып отыр.

Редакцияға келіп түскен әрбір материал сараптамалық тексеруден және авторлық шолудан өтеді. Журнал материалдарына қойылатын талаптар мақала авторының ғылыми ұстанымдарының нақты және айқын болуы, берілген жағдайды сапалы өзгерте алу, автордың барынша мәселені жақсартуға деген ұсыныстың болуы, мәселені қоя білу және т.б. Бұл нөмірге профессор, аға оқытушылармен магистранттардың бірлесе жазған жұмыстары енгізілген. Материалдар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған.

«ҚМПИ Жаршысы» журналы басылымдар бағытын кеңейтеді. Бұл көпөлшемділік ғылыми қордың жаңаруы мен толықтырылуына ықпал етеді. Журналдың редакциялық алқасы материалдар авторлар мен оқырмандар арасында үлкен қызығушылық тудырады деп үміттенеді. Біз сіздерден қызықты және сапалы жұмыстар күтеміз.

Исмуратова Г.С.,
«ҚМПИ Жаршысының» бас редакторы,
экономика ғылымдарының докторы

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

В ваших руках очередной выпуск научно-методического журнала «Вестник КГПИ». Мы предлагаем вашему вниманию первый выпуск издания 2022 года.

В научно-методическом издании публикуются результаты исследований ученых и студентов университета.

В журнале вы найдете интересные темы для развития собственных исследований, материалы обобщения научно-методического опыта, актуальный обзор инновационных находок и передовой педагогический опыт преподавателей университета. В разделах журнала располагаются материалы ведущих ученых нашего университета, социальных партнеров, работодателей, приглашенных ученых из зарубежья. В данном выпуске журнала представлены статьи по академическому письму, конкретно, по методам для понимания научного текста, материалы по методике работы с детьми дошкольного возраста, актуальные проблемы инклюзивного образования, пути и методы повышения учебной мотивации студентов, вопросы изучения английского языка с помощью родного языка и многое другое.

Каждый материал, поступивший в редакцию, проходит экспертную проверку и рецензирование. В основе требований к материалам журнала – ясность и четкость научных позиций автора статьи, научный стиль изложения, рекомендации автора по методологии улучшения, качественного изменения ситуации, постановка проблемы и т.д. В этот номер включены работы, написанные профессорами, старшими преподавателями совместно с магистрантами. Материалы написаны на казахском, русском и английском языках.

Журнал «Вестник КГПИ» будет расширять направления публикаций. Такая многоаспектность, будет способствовать обновлению и пополнению научного фонда. Редакция журнала надеется, что материалы вызовут большой интерес у авторов, у читателей. Ждем интересных и качественных работ.



Исмуратова Г.С.,
главный редактор «ҚМПИ Жаршысы»,
доктор экономических наук

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САРАПТАМАЛЫҚ-ШОЛУ ЗЕРТТЕУЛЕР ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ОБЗОРНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

ӘОЖ 82.0 (574)

Оспанұлы, С.,
ф.ғ.к., профессор
Мырзағалиева, К.М.
ф.ғ.к., тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының қауымдастырылған
профессоры
А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,
Қостанай, Қазақстан

АХАҢНЫҢ АТАМЕКЕНІ

Түйін

Мақалада ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының атамекені Жанкелдин ауданындағы Ақкөл ауылы мен туған жері Сарытүбектің өткен тарихы, бүгінгі жай-күйі сөз болады. Сондай-ақ осы өңірден шыққан ұлы тұлғалар жайында да айтылып, ақындардың Ахаң еліне арнаған өлең-жырлары беріледі.

Кілт сөздер: атамекен, Ақкөл, Аққұм, кеңшар, Жыңғылды, Ұлы Жыланишық, мектеп, ақын, қара тұз, ыстық су.

1 Кіріспе

А. Байтұрсынұлының бабасының есімі – Ақжол, атамекенінің аты – Ақкөл, Ақкөлге көрші ауыл Аққұм. Ақкөл мен Қарақұм арасына орналасқан терең аңғар – Ақирек деп аталады. Кең алап тұтасқан ақирек өрнекпен белдеуленген. Жер бедері де әр түрлі; құм, қиыршық тастар. Соған қарап бұл аңғарды ел ертедегі теңіз түбі болған деп жорамалдайды. Осы абадан алаптан Үлкен Тегене деген шағын өзен бастау алады. Ол, әсіресе, қар еріп, көктем туа бастағанда қатты тасиды. Одан төмен аққан су Қарғалы, Қайдауыл, Шыршық, Қоянқарта, Ақмамық деп аталатын арналы саймен жолындағы шабындықтарға нәр беріп, Шұбар теңіз арқылы Жыңғылды өзегіне келіп құяды.

Жыңғылды – сол баяғы Үмбетейдің намысты ұлдары Ақтас пен Байтұрсын, Сабалақтардың кәрі ояз Яковлевтің басын жаратын жері. Ерлікке, өрлікке куәгер тарихи мекен.

Ахаңның ата-бабалары батыр! Сол батырлықтың кейінгі ұрпағына да дарығаны осы «Жыңғылды» оқиғасынан да байқалады. Шолақұлы Қарпық ақынның

Үмбетей атам, Жәнібек

Бабалардың рухы

Бұларға келіп қауышқан! [1;60], –

деуі сондықтан.

Халық ақыны Нұрхан Ахметбеков «Торғайдан сәлем» атты жырында табиғаттың ескерткішіндей Ақиректі былайша суреттейді:

Шортаны атан түйедей,

Ақ балығы биедей

Айдын да шалқар көлі бар.

Еңсесін созып аспанға,

Арқасын күнге төсеген,

Ақиректің шыңы бар.

Теріс аққан Тегене

Құзды айналып бұрылар,
Қарақұмның бойында
Айрықша желі, суы бар...
Қаңтарда суға қаз қонып,
Отынсыз бетің жылынар[3;39]

2 Материалдар және әдістер

Ахмет осы Ақкөлдің Сарытүбегінде ағасы Мәшен қажының үйінде дүние есігін ашты. Өйткені Ахаңның әкесі Байтұрсын үлкен балаларына енші бөліп беріп, өзі кенжесі Мәшеннің қолында қалған[2;12]. Алғашқы көрген, шомылған көлі де осы Ақкөл. «Анасы келіп су алған, әкесі атын суарған» Ақкөл. Ақкөлдің суы ортаймасын дегендей оған Жыланшық өзені келіп құяды. Көктем сайын арнасынан асырып, суын жаңартып, толықтырып, толқындата түседі.

«Адам туған жерінің табиғатына тартып туады» деген рас шығар, Ахаңның халық қамын жеп, бала оқытып, ұлтының білім деңгейінің ортаймауын ойлауы, не бір қиындыққа төзіп, жолындағы кедергілерді бұзып-жарып өтуі осы Үлкен Тегене, Ұлы Жыланшық өзендеріне, етек- жеңінің молдығы, ортаймайтыны, арнасының кеңдігі Ақкөлге ұқсайды. Ұлы Жыланшық өзенінің сағалық алабындағы көлді халық айнадай аппақ боп ағарып жатқан соң Ақкөл атаған.

Ақкөл-Торғай мен Ырғыз даласы түйісер тұста, Торғай Қолатының оңтүстік шығысында теңіз деңгейінен 115 метр биіктікте орналасқан. «Аумағы 41,2 шақырым, ұзындығы-12-13 шақырым, ені -6 шақырым, айналма жағалауы 62 шақырым, көлді орта тереңдігі-3,7 метр, ең терең жері бес метрден асады. Солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс жағалаулары жарқабақты, басқа жағы жайпақ. Шығысында 1,5 шақырымға созылған түбегі бар... Алабы құнарлы шабындық, жайылымдық. Көлтабан, шортан, алабұға, ақбалық сияқты балықтарға бай, балық аулау кәсібі кейінгі кездерде ғана жолға қойыла бастады...

XIX ғасырдың 1837-1847 жылдары Ресей мемлекетінің отаршылдық саясатына қарсы азаттық соғыс жүргізген Кенесары Қасымұлы осында екі жыл қыстаған. Ал, Шақшақ Жәнібек тархан көл алқабын Үмбетей батырдың балаларына еншіге берген» [5;49].

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Ақкөл–Қостанай облысындағы көлдердің арасында көлемі жағынан төртінші орында. Сыр-ағаң оны:

Аралдан соң ең көлемді, ең ұзын
Ақкөл менің алғаш көрген теңізім
Артық емес теңесем де айнаға,
Айдалада жарқыраған көл жүзін[4;148], – деп суреттейді.

Ақкөл – ақынның анасы Алмагүлдің де, жары – Күнжамалдың да туған жері. Екеуінің де руы –Үмбетей. Сырбай сонда Үмбетейге әрі жиен, әрі күйеу. Күйеулігі жақын. Өйткені Күнжамал Ахаңның ағасы Қалидың Әмірінің қызы. Сондықтан да Ақкөл Сыр-ағаңа ерекше ыстық. Сол ақпейілін ақын былайша тебірене жеткізеді:

Іілемін Ақкөлге мен ізетпен,
Анам туып, мұнда жазы, күзі өткен.
Жөргегімді шайып Ақкөл толқыны,
Ақкөл талы бесігімді күзеткен.

Ақ балығы найзағайдай атылып,
Жоқ болады қоғажайды жапырып.
Инеліктер, көбелектер, бақалар
Шуылдайды бірін-бірі шақырып.

Шұбырады үйір-үйір ақ шабақ,
Қуады оны ақ шортандар ашқарақ.
Аш жылдарда мекендеген аталар
Ақкөл бойын байтақ ырыс, бақ санап.

Толқиды Ақкөл аршын төсті сұлудай,
Топпақ жалды толқындары бұрымдай.
Түбі қайыр, жағалауы жалпақ құм,
Маған Ақкөл көрінеді Қырымдай.

Ақкөлді бір арман көріп өтті Асан,
Палуан, жүйрік түсті мұнда топқа сан.
Еш уақытта көншімейді көңілім,
Жылда айналып Ақкөлге бір соқпасам [4; 148-149].
Енді бірде Сыр-ағаң «ақ» сөзін ойнатып, Ақкөлін еркелете тербеткендей:
Жазығы да ақ сортаң,
Балығы да ақ шортан.
Қыздарының аты да-
Аспандағы Ақшолпан.
Ақ көлінде ақ қазы,
Ақ үйінде ақ тазы.
Ақ боз атын баптайды,
Ақ сақалды атпазы, – дейді [4;56]

5 Қорытынды

Аққұм – Ахаңның атасы Шошақтың жаз жайлауы, Ақкөл-қыс қыстауы болған.
Қазан төңкерісіне дейін Ақкөл, Аққұм – Тосын болысына қараса, 1950 жылы «Жаңа құрал», «Қабак» Н. Ахметбеков:

Атағы шыққан «Шөмішкөл»,
Айналы суы жеміс көл,
Кешегі соғыс кезінде

Атанып еді жеңіс көл [2;40], – деп жырға қосқан «Шөмішкөл» серіктестіктері бірігіп, ұжымшар болса, 1960 жылы «Ақкөл», «Южный» кеңшарларына айналды. Южный – Аққұм. Екі кеңшар да негізінен мал шаруашылығымен айналысты.

Қазір Ызбан, Шөптікөл, Кішікөл, Мешіт, Қосбидайық, Сызбай, Алтыбай, Қаратал, Көбей, Ахаң туған Сарытүбек, Құмарал елді мекендері мен қоныстары Ақкөл ауылдық округінің құрамында.

Ауылда жаңа үлгіде салынған Ахмет Байтұрсынұлы, жергілікті еңбек майталманы Аңсаған Қоңқабаев, Сырбай Мәуленов атындағы мектептер, балабақшалар жұмыс істейді.

Тағы бір ел ризығы – ауылдан 22 шақырым жердегі – Қаратұз. Оның аумағы шамамен 9,7 шаршы шақырым. Қоры-40 миллион тонна! Құнарлылығы жағынан да сапасы жоғары, әлемге танылған Илецк мен «Аралтұз» сияқты өңделген, иодталған тұздардан артық болмаса, кем түспейді. Бұл күндерді тұзды «Аю-ғалым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өндіруде.

Ақкөл табиғатындағы тағы бір ерекше жер-ауылдың солтүстігінен 12 шақырым қашықтағы жер астынан шығып жатқан термальді, ыстық су. «Судың құрамында адам ағзасына оң әсер ететін темір, магний және тағы басқа химиялық элементтер көптеп кездеседі. Судың температурасы – 70-75 градус. Судың шығып жатқан тереңдігі – 1500 метр. Бұрғылау нәтижесінде жер бетіне шыққан су қаншама жылдардан бері бір сарынмен тоқтаусыз ағып жатыр. Судың құяң, қышыма, қотыр, ревматизм сияқты ауруларға емдік қасиеті бар екендігі дәлелденген» [5;51].

Ақкөл жағасындағы қиыршық құм өңделгендей біркелкі. Арасындағы үгітінді тастар күн көзімен жарқ-жұрқ етіп күмістей болып көрінеді. Үйлердің қабырғасын осы күміс үгітіндісіндей қиыршық құмдарды араластырып сыласа ажар беріп, әрлене түсер еді. С. Мәуленовтің Ақкөлді Қырымға тенеуі асыра айтқандық емес, шындық!

Жағасына үйлер салып, көлеңке боларлық ағаштар егілсе таптырмас демалыс орнына айналар еді. Ыстық суы ғана емес, самалы да ем Ақкөлдің.

Аққұмның да ұлы Жыланшық өзені жағалауларынан оңтүстікке қарай теңіздің майда толқындарындай болып созылып жатқан құмды дала «ұзындығы – 52 шақырым, ауданы 375 шақырым (2). Ең биік жері 130-160 метрге жетеді. Құм төбелер аралықтарына жүзгін, тал, жусан, селеу, т.б. өседі. Аққұм даласы жыл бойы мал жайлымдығы үшін пайдаланылады» [4;52]. Осы Аханның махаббатына айналған Аққұм, Тұздыкөл, Қыз айнасы, Сырлытам, Аханның ата-бабаларының жайлау-қыстаулары, бала Ахметті Торғайға апарған жол, т.б. тарихи орындар алыс-жақыннан келген қонақтардың тамашалайтын жерлеріне айналса, Ақкөлдің де шырайы кіріп қалар еді.

Тағы да Сырбай ақын өлеңін оқиық:
Ақкөл жаққа түсте шықтық Торғайдан,
Отыменен күйдіреді күн ыстық.
Асфальт онда табылады жол қайдан...

Жол үстінде тартып әбден ақырет,
Қою шаңға белуардан батып ек.
Көл боп бізге құшақ жайды Ахмет.

Аңсап, шаршап барғанда Ахмет болып көлдің құшақ жайатынына сенесің. Ол толқынымен айналады. Ақкөлге Торғайдан баратын жолдың ақырет тарттыратыны да шындық. Әсіресе, жаңбырдан кейін бұл ауылға жету – қиынның-қиыны борбас, сазды жер езіліп, қарыс аттатпайды.

Бұл жайында 1999 жылы жарық көрген «Алтын бесік» кітабында Байтұрсын Ілияс:

«Қостанайдан шыққалы соңымыздан жауын еріп келе жатқан-ды, – деп жазады, – Оны жақсы ырымға балап, көңіліміз көтеріңкі еді. Ақкөлге қарай, бірақ, жаңбыр тамбай қойды. Көтермелі жол, егер жауын болса, мүлдем езіліп кетеді, өйткені, табаны бос топырақпен үйілген, қиыршық тас төселмеген. Күн ысып кеткен. Шаңытып тұр. Шөл даланың ыстығы өзгеше. От болып өртеніп, жалын атады. Бұл жақтың өсімдіктері де өзгеше. Тырбық қара жусан. Тырбимай қайтсін, мынау жандырып бара жатқан күн көзі. Сап-сары дала. Ала сорлар. Дуадақ, жапалақ, қарақұс, сарышұнақ көрінеді. Бұрындар өріп жүретін киік қана жоқ. Байқоңыр ғарыш айғағының жақындығы табиғатқа да әсер еткен. Халық арасында ауру көп. Қан ағарып кетеді. Ажалынан ерте кетіп жатқан сорлы қазақ. Жиырмасыншы ғасырдың қасіреттерінің бәрі осы даладан табылады [6;3].

Иә, жеріне зымыран құлайды. Ел осы бір сордан құтылса, жолдан көрген азап түк емес-ау...

Өлеңдері А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышына» енген, Байтұрсын (А. Байтұрсынұлының әкесі) мен Ақтас, Сабалақтарды соттап, Сібірге айдағанда оларға араша түсе алмаған ояз бастығының көмекшісін сынап өлең жазған Алтыбас Ақмолда (Әлмұхаммед) Орынбайұлы, Қарпық Шолақұлы, бір өзі бір Академияның қызметін атқарған ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы, Ұлттық Академияны басқарған академик Кенжеғали Сағадиев дүниеге келген киелі мекеннің қазіргі жай-күйі де мүшкіл.

Әдебиеттер тізімі

1. Жиырма үш жоқтау. Жинастырып түзеткен Байтұрсынұлы Ахмет, Бөкейханұлы Әлихан. – Мәскеу, 1926.
2. Әбдиманұлы Ә. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу- эссе. – Алматы: «Арда», 2007.
3. Ахметбеков Н. Шығармалар жинағы. – Алматы Ел-шежіре», 2007.
4. Мәуленов С. Күзгі бұлттар. – Алматы: «Жалын» баспасы, 1987.
5. Торғай энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
6. Ілияс Б. Алтын бесік. – Қостанай, 1998.

Материал редакцияға түсті 17.02.2022

ОСПАНУЛЫ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М. РОДИНА АХМЕТА

В статье рассказывается о прошлом и настоящем сел Акколь и Сарытубека Жанкельдинского района, родины великого учителя народа Ахмета Байтурсынова. Есть также рассказы о великих людях из этого края, а также стихи поэтов, посвященные земле Ахана.

Ключевые слова: *родина, Акколь, Аккум, совхоз, Жынгильды, Великий Жыланыш, школа, поэт, горячие воды.*

OSPANULY, S., MYRZAGALIEVA, K.M. AKHMET 'S HOMELAND

The article tells about the past and present of the villages of Akkol and Sarytubek of the Zhankeldi region, the birthplace of the great teacher of the people Akhmet Baitursynov. There are also stories about great people from this region, as well as poems by poets dedicated to the land of Ahan.

Key words: *motherland, Akkol, Akkum, state farm, Zhyngildy, Veliky Zhylanshyk, school, poet, hot waters.*

ӘОЖ82.0 (574)

Оспанұлы, С.,
ф.ғ.к., профессор
Мырзағалиева, К.
ф.ғ.к., тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының
қауымдастырылған профессоры
А. Байтұрсынов атындағы ҚОУ,
Қостанай, Қазақстан

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АРЛЫ ХАТТАРЫ

Түйін

А.Байтұрсынұлының әрқайсысы бір романға татырлық арлы, ел, жер деп соққан жүрегінің лүпілі бар, халық қамына толы күрескер, бұлқұнысты хаттарының бізге тек шет пұшақтары ғана жетті. Мақалада алтынға айырбастамас асыл қазынамыз хаттар – өткен күннің сан қатпар қыр-сыры, болған оқиғалар куәсі, бұлтартпас айғағы екені туралы сөз болады.

Кілт сөздер: *хат, ар-ождан, сот, от-басы, саясат, болыс, уез.*

1 Кіріспе

«Анама хат» – Ахаңның жан сыры
(Жыңғылды оқиғасының ақиқаты)

Кешегі халқымыз аңсаған арман-мақсат, сыртқа шыға алмай, отыз тіске қамалған шындық, кіршіксіз мөлдір махаббат, достық, туыскандық, бауырмалдық шынайы сезім сарғайтқан, сарғайған сағыныш, көңілдегі көрікті ой, көз жасы, қамал бұзар қаһарман сөздер, ана тіліміздің інжу-маржандары, діліміз, ар-ождан, ұят, сауап, қайырым, кешірім, сабыр... – бәрі-бәрі хаттарда.

«Рас, азаматтық тарихымызда орны бар тұлғалардың бір-біріне, достарына, туыстарына жазған хаттары аз сақталған. Бұған олардың ұрпағы, мұрагерлері, ізбасарлары кінәлі емес, дара тұлғаларды соттаған, айдаған, атқан, үрім-бұтағын, жанашырларын қуғын-сүргінге ұшыратқан тоталитарлық жүйе кінәлі» [1,241], – деп академик Дихан Қамзабекұлы айтқандай, «сотталған», өртелген, тәркіленген хаттар қаншама?! Оларда алтынға айырбастамас асыл қазынамыз – өткен күннің сан қатпар қыр-сыры, болған оқиғалар куәсі, бұлтартпас айғағы кетті.

2 Материалдар мен әдістер

А.Байтұрсынұлының әрқайсысы бір романға татырлық арлы, ел, жер деп соққан жүрегінің лүпілі бар, халық қамына толы күрескер, бұлқұнысты хаттарының бізге тек шет пұшпақтары ғана жетті. Оларды қызғыштай қорғап қызылдар қырғынынан аман алып қалған ағаларымызға, аналарымызға шексіз алғыс!

Өткеніміз бен бүгінімізге ойлана көз жүгіртсек, хаттардың халық басына күн туып, қабырғасын қиындық қысқан кезде көбірек жазылатынын аңғару қиын емес.

Ахаң да анасына арнап жазған алғашқы хат өлеңін сондай соқтықпалы соқпағы көп заманда жазғаны белгілі.

«Қарағым, дұға гөйім, қамқор анам!
Арнап хат жазайын деп, алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді хақ тағалам!», –

деп басталып, анасына «бара алмай, өтірікші болып, Семей түрмесінен» жазған бұл хат өлеңін қазір білмейтін қазақ жоқ шығар?!

Өлеңнің келесі шумағында «Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп, бітпеген жүрегімде бар бір жарам», – дейді. Есіңе Жыңғылды оқиғасы түседі. Бұл тарихта болған жайтты әркім әртүрлі жазып жүр. Шындығы, себебі мен салдары қандай еді?

Ел жуандарына жақпаған Ақтас Шошақовты облыс, уез әкімшілігі кудалап, ізіне түсіп ұстау мақсатында Торғай уезінің бастығы Яковлев бастаған отряд Торғайдан шығып, Тосын болысының үшінші ауылына бет түзеді. Әрі қарай оқиға неден басталып, қалай өрбігені, қалай ақталғаны ҚР Орталық Мемлекеттік архивтен табылған Торғай әскери Губернаторының негізгі тапсырмаларын орындайтын кеңесшісі Червицкидің рапортында:

«1885 жылдың 23 қазанында Жоғары Мәртебелінің №65 ұйғарымыңызға сәйкес Ақтас Шошақовты ұстау кезінде Торғай уездік бастығына қарсылық көрсеткені, олардың кімдер екені, қолдарында таяқтары, найзалары, тіпті екі-үшеуінде қару, ал Шошақовты ұстауды қышшан отрядта 12 қарулы казак болғанын, олардың әрқайсысына 10 патроннан берілгені айтады. Қарпық Шолақұлы да «Ақтас-Байтұрсын толғауында «жүргізбей он екі орыс алды қамап», – дейді.

«Қазақтардың қолдарында таяқ, найза, екеуі, не үшеуінде мылтық болды» деулері шындыққа жанаспайды. Олар аңға, немесе дұшпандарымен айқасқа емес, әрқайсысы өз шаруаларымен жүрген адамдар ғой. Мұны Қарпық ақын да «Жоқ болды бізді атуға мылтық, аспап, Шара жоқ, кез келтірді Тәңірім бастап» деп баян етеді.

Өткелге келе жатып, Уез Бастық аудармашысы Жақсыбаев арқылы Торғай өзенінің арғы бетіндегі қазақтарға өзіне қарай-бергі бетке келуін бұйырады. Бірақ бұйрығын ешкім тыңдамай, топ ішінен «Неге әскермен келеген?!», «Жоқ, бармаймыз» деген дауыстар естіледі. Енді уез бастығы қазақтарға өзеннен өтіп, қазақтар тобын қоршауға алып, бір де біреуін жібермеуді бұйырады. Негізгі мақсат – Ақтас Шошақов араларында болса, ұстау. Қазақтар қоршай бастағанда, қазақтар «Бермейміз, аттан түспейміз, сенің бізде шаруаң болмасын!» деп айқайлайды. Яковлев өткел арқылы арғы бетке өтіп, атынан түсіп, көпшілікке аттарынан түсуді бұйырады. Олар бұл бұйрыққа да қынбайды. Яковлев қазақтардың кейбірін, шаужайынан ұстап, жұлқып аттарынан түсіре бастайды. Сабақ Шошақов қарсылық көрсетіп, оларға аттан түспей «Саба!», «Ұр!» деп айқайлайды.

Одан әрі Червичкий: «Байтұрсын Шошақов Яковлевке жақындай беріп, куәгердің көрсетуінше таяқпен, ал Байтұрсыновтың өзінің айтуынша қамшымен ұрды: осы соққыдан полковник Яковлев жерге құлады... Урядник, Долгих уез бастығы өлді деп қазақтарға оқ атуды бұйырды, қазақтар жан-жаққа қаша жөнелді, жаралылар аттанынан аударылып түсті. Полковник Яковлев есін жинаннан кейін бірден қазақтарға оқ атуды тоқтатуды бұйырды», – дейді.

Сөйтіп 9 адам жауапқа тартылады. Олар – Байтұрсын, Сабақ, Ерғазы мен Ақтас Шошақовтар және туыстары: Ыбырай Байтұтов, Қайдек танабаев, оның ұлы Темірше Қайдеков, Қорғанбек Жантасов және Ботақан Тілеушин (соңғы төртеуі жараланған).

Жоғарыда аталғандардың ішінен ағайынды Шошақовтардың үшеуі (Байтұрсын, Сабалақ, Ақтас), Темірше Қайдеков, Ыбырай Байтұтов және Қорғанбек Жантсов Торғай қаласында қамауда ұсталса, екеуі ауыр жаралылар – Қайдек Танабаев, Ботақан Тілеушин өз ауылдарында қалады.

Сөйтіп 9 адам жауапқа тартылады. Олар – Байтұрсын, Сабалақ, Ерғазы мен Ақтас Шошақовтар және туыстары: Ыбырай Байтұтов, Қайдек Танабаев, оның ұлы Темірше Қайдеков, Қорғанбек Жантасов және Ботақан Тілеушин (соңғы төртеуі жараланған).

Жоғарыда аталғандардың ішінен ағайынды Шошақовтардың үшеуі (Байтұрсын, Сабалақ, Ақтас), Темірше Қайдеков, Ыбырай Байтұтов және Қорғанбек Жантсов Торғай қаласында қамауда ұсталса, екеуі ауыр жаралылар – Қайдек Танабаев, Ботақан Тілеушин өз ауылдарында қалады. Ерғашы Шошақов та қамауға алынады.

Ақтас Шошақов қарсылық кезінде ауылдастарының арасында жоқ еді [2].

Джаксыбаев – Ізтілеу Жақсыбаев. Ыбырай Алтынсарин білім алған Орынбордағы қазақ балаларына арналып ашылған 7 жылдық мектепті 1864 жылы бітіріп, 1896 жылдың 1 тамызынан бастап Орынбор генерал губернаторының бұйрығымен Орынбор (Торғай) бекінісіндегі қазақ балаларына арналған мектептің мұғалімі болып тағайындалады. 1875 жылдың 10 тамызында уездік басқармаға аудармашы етіп ауыстырылып, 1890 1 қазанында Торғай облысы әкеру губернаторының №66 бұйрығымен Торғай облыстың канцелериясына қарасты Торағай Уездің басқармасының жазбаша аудармашысы болады.

Жыңғылдыда болған осы қақтығыстан кейін Ақтасқа бұрыннан тістерін қайрап, не істерін білмей жүргендер ақыры абақтыға қаматады. Ақтас жабылған жаладан құтылудың амалын істеп, жоғары жақтағы ұлықтарға болыс пен уез бастықтарынан көрген зәбір-жапасын айтып бірнеше рет шағымданады. Алайда олардың ешқандай көмек болмайды, жазған арыздары жауапсыз қалады.

3 Нәтижелер

Ақтас Шошақов 1885 жылы прокурорға жазған өтініш хатында: «...1882 және 1883 жыдары мен старшина Төлебаевқа және басқарушы Дәуренбек Бірімжановқа шағым түсірдім және бізге Тосын болысынан шығуға рұқсат сұрады. Төтенше съезде шешім қабылданып, мүлдем кінәсіз біз тергеуге алындық, соған байланысты әскери губернаторға бірнеше өтініш бергенімізге қарамастан, олар мәселені шешкен жоқ», – деп Жыңғылдыда болған оқиғаға тоқталады: уез бастығының сарбаздармен келіп оқ жаудыра бастағанын, соның салдарынан бір адам қаза тауып, төрт адамның жарақаттанғанын, өзін гауптвахтаға отырғызғанын баяндайды. [3].

Ақтастың жары Үбіжан Шошақованың 1886 жылдың 30 қыркүйегінде Торғай әскери губернаторына жазған хаты:

Үстіміздегі жылдың 30 қыркүйегінде мен Торғайдың әскери бастығына жергілікті әскер абақтысында тұтқында отырған менің күйеуім Шошақов Ақтаспен кездесу үшін шарттылық өтініш бердім. Үйез бастығымен хаттар алмасқаннан кейін маған ақыры күйеуіммен кездесуге рұқсат берілді, соны 3 қазанда пайдаландым. Бұл кездесу кезінде қатысып отыруға полиция күзетшісі, уйез билеушісі мен әскербастығының аудармашылары және қарауылшы тағайындалды. Орын алғанқысымшылықтың кесірінен, еріксіз күйеуім екеуміздің әңгімеміз тек қана «сәлемәтсің бе» – «сау бол» деумен шектелді. Осындай жағдайды менің күйеуіммен қоса сотталған басқа да адамдармен кездесуге барған әйелдері де басынан кешті.

Күйеуіммен кездесуге біздің әңгімемізді тыңдап, қанша және қандай адам қатысып отырса да мен қарсы емеспін, бірақ әңгімемізді басынан жөндеп-реттеуге тыйым салуға наразылық білдіремін. Мұндай тыйым еш христиандық адамгершілікпен үйлеспейді; тұтқындағы адамдарға барып, оларды жұбату, көңілін сергіту бұл қандай болмасын дін ұстанымдағы адамдарға жат болуға тиіс емес. Адамгершілік саясында қай болмасын үкімет, ел сотталған адамдардың тағдырын жеңілдететуге мұршасы болғанша қарасады. Мейірімділік пен рақымдылықмақсатында абақтыларда мереке күндердің ерекшелігі болады, ол күндері тұтқындағы адамдарға туған-туыстарымен кездесуге міндетті түрде рұқсат беріліп, шерін

тарқатып сөйлесуге пұрсат беріледі. Төменгілерді қоспағанда: а) тергеу рәсімдерінің аяқталмауына байланысты оқшаулау туралы шешімнің шықпағаны; б) жалғыз отыруға қамалу туралы заң жүзінде кесім шыққандар. Бұлардың біреуіне де Ақтас Шошақовтың санаты жатпайды.

Ақтас Шошақовпен отбасы мүшелерінің жүздесіп сөйлесуге бөгет жасалуына аталған себептер жаза өлшемін үдете түсетін әрекет, қимыл.

Заң шеңберіндегі құқығым маған белгілі: мен күйеуімнің соңынан тағдыры қайда бұрса да еруге құқықтымын, бұған бөгет болатын тиісті сот үкімі болмайынша менің бұл мүмкіншілігімнен ешкім деайыра алмайды. Өкінішке орай, күйеуіммен сөйлесуге мұрша бермегені, менің біртұтас құқығымды бұзып, мен оның тағдырын бөлісуге өзімнің бел байлағанымды айтқызбады және от басы отағасымнан тиісті билік алдырмады.

4 Талқылау

Мәртебелі патшаханым Екатерина II «бір жазықсызды кінәға батырғанша, он айыптыны ақтаған жөн» деген екен, демек, айыптының заң жүзінде ақталуына әдіс-айланы мейілінше қолдану қажет. Сондықтан да жазаланушының өзі туралы ахуалдың осы сәттегі қозғалысы туралы, өзіне байланысты қаулылар мен хаттамалардың көшірмесімен танысып, күәлардың түсініктерімен танысуға толық құқығы бар. Енді менің күйеуіммен сөйлестіргеннен кесірінен, күйеуіме айыпты еместігін айтып жұбату мен қуантуға да мүмкіншілігімнен айырды. Бас әскери сотқа жазғанымды да айта алмадым, ең бастысы күйеуіммен ақталуға қосымша жеңілдіктерін растайтын құжаттары немесе бөлек деректерінің болуын анықтап сұрап, ол туралы керекті жерге арыз жолдауға да мұрша бермеді.

Күйеуіммен кездесуімізге қатысқан бір топ шенеуніктердің бізді сөйлестірмеу себебінің дәлелі ретінде айтқандары – біздің жігерлі талаптарымыз басқа да айыпталушылардың ақталуына апарып соғатыны /?!/. Қалай болғанда да осылай сөйлестірмеуге ауызша талап қойғаны топ ішіндегі бірісі. Оның талабы өз еркімен бе, әлде басшылардың нұсқауы ма мен өзім анықтай алмаймын.

Осы айтқандарымның соңында Жоғары мәртебелі тақсыр, арнайы Жарлығыңызбен мені және балаларымды күйеуім Ақтас Шошақовпен бөгетсіз аптасына бір рет кездесуіммен қатар ықтиярлы сөйлесуге рұқсат беруіңізді Сізден бас иіп өтінем.

Қырғыз қызы Үбіжан Шошақова.

Шошақова Үбіжанның сауатсыздығы себебінен, оның атынан жазған Басқарманың тұрақты алқа билерінің құқығына үміткер Герасимовский Георгий Степанович.

Торғай қ., 1886 жылдың 4 қазаны.

Жоғары мәртебелі Торғай Әскери губернаторына Қырғыз қызы Үбіжан Шошақованың сенімді өкілі, тұрақты алқа билердің құқығына үміткер Герасимовский Георгий Степановичтен арыз:

Казан Әскери-аймақтық соттың Уақытша бөлімшесінің үстіміздегі жылдың 6 маусымындағы Үкімімен менің сенімімдегі Үбіжан Шолақованың күйеуі Торғай уезі № 3 аулы Тосын болысының қырғызы Ақтас Шошақов бүкіл әл-ахуал құқығынан айыруға және он бес жылға ауыр жұмысқа жер аударуға кесім шығарылды. Бұл Үкім үстіміздегі жылдың 2 қыркүйегінде Бас Әскери сотының қаулысымен бекітілді. Осы жылдың 9 қыркүйегінде менің сенімімдегі Үбіжан Шолақова Әскери-сот Жарғысының 1056-бабы, 2-тармағы мен 1057-бабының негізінде, Жоғарғы Әскери сотқа күйеуі Ақтас Шошақовтың Ісін қайтадан қарауға арыз тапсырды. Бұл арыз осы күнге дейін қаралмай отыр.

Ақтас Шошақов жайындағы Үкім әлі өз күшіне кірмегендіктен, менің сенімімдегі Шолақованың Үкім шешімін қайта қарау туралы өтінішіне байланысты және Әскери-сот Жарғысының 1061-бабына сәйкес Жоғары мәртебелі тақсыр, Сізден бас иіп аса құрметпен Ақтас Шолақов жайындағы Үкімнің орындалуын менің сенімімдегі Үбіжан Шолақованың Жоғарғы Әскери сотқа жолдаған өтінішінің қорытындысы келгенше тоқтата тұруын сұраймын.

Бұнымен қоса сенімхат көшірмесін тіркеймін.

Алқа билердің құқығына үміткер Герасимовский Георгий Степанович [4].

5 Қорытынды

Жыңғылды оқиғасы жайында жазылған бұрынғы еңбектерде жоғарыдағы архивтен алынған құжатта көрсетілген 1882-1883 жылдары Ақтас Шошақовтың туыстары атынан Тосын болысының қарамағынан шығу жөінедегі өтініші айтылмай келді. арадағы даудың өршіп, шиеленісе, түсуінің тағы бір себебін енді біліп отырмыз.

Ресей патшалығы өзінің отаршылдық мақсатын жүзеге асыру үшін бір халықты бір халыққа айдап салып, араларында алаауыздық тудырып, соғыс өртін тұтатып, әлсіретуді ойлағаны тарихтан белгілі. Осы сұрқия саясатты ұстанған Ресей империясы қазақ елінің де тұтастығын бұзып бөлшектеуге кірісті. Қайта-қайта реформа жасап, елдік, этникалық, территориялық тұтастықан айырды. Бір хандықты екіге бөліп, бақталастықты, көреалмаушылықты күйейте түсті. Келе-келе уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Бұл саясат Торғай уезін де айналып өткен жоқ. Торғай уезі 11 болыстыққа, 65 ауылға бөлінді. [5].

ҚР Ішкі істер министрлігінің зейнеткері, Дәуітбай тархан өмірі мен қызметін ұзақ жылдар бойы зерттеп жүрген ертай Қарабала бұл реформаларда болыстарды құру барысына рулық қатынас ескерілмегендіктен, жергілкті халық тарапынан наразылық туындағанын айтып: «Осындай қаныпезер саясат Торғай өңірінде де табандылықпен іске асырылды. Оның қорытындысы – аты шулы Жыңғылды оқиғасын тудырды.»[6, 237], – дейді.

Екі ру – Үмбетей мен Дәуітбай жақын ағайын. Үмбетей Шақшақтың баласы болса, Дәуітбай Шақшақтан тарайтын Қошқарұлы Жәнібектің баласы. Ағайын арасында да жесір дауы, жер дауы болып тұрған ғой. Ерегес жаулық ниет негізінен атқамінерлер тарапынан туындап отырған. Көнекөз қарттар екі рудың атқамінерлері арасындағы араздық алғаш жесір дауынан шығып, кейін жер дауы, болыстыққа талас қосылып, күшейе түскенін жасырмайды. Оны кезінде М.Дулатұлы да [7, 295], Г.Дулатова да [8, 355], Байтұрсынұлының інісі Қалидың қызы Сәкен Қалиқызы да [8, 355] ахметтанушы Б. Ілияс та [9, 153-171] айтқан. Ахметте-нушы ғалым Өмірхан Әбдіманұлы жоғарыда аты аталған кісілердің жазбалдарына, Қарпық ақынның өлеңдеріне т.б. құжаттарға сүйене отырып, Жыңғылды оқиғасына кеңінен тоқталып, Байтұрсынның өзімсінген аға сұландармен, сардарлармен үнемі шексіз қалып отырғанын, сондықтан құлақтарына тыныштық іздеген ел билеушілері Байтұрсынды сардар етіп сайлағанын баян етіп: «Байтұрсын Шошақұлы ояз бастығы Яковлевпен және сардар Бірімжанмен (Ахмет, Ғазымбек Бірімжановтың аталары – Ө.Ө.) ашық жаулыққа көшеді, – дейді. – Олар кейін құдандалы болып, татуласса керек. Соның бір көрінісі – Сәкен апаның (жоғарыда аты аталған Сәкен қалиқызының – С.О.). Бірімжанның туысы Бектемістің немересі Ғалымжанға ұазытылуы» [10, 14].

Шындығында да ұзақ жылға созылған екі рулы атқамінерлері арасындағы дау-жанжал осы құдалықтан кейін тыйылып, ағайын-туыстық жалғасып келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Хамзабекұлы Д. Смағұл Садуақасұлы. – Алматы: Қазақстан, 1996.
2. ҚР ОМА, ф, 25, оп I, 2350, лл. 66-68.
3. ҚР ОМА, ф, 25, оп I, 2350, лл. 42-42 об.
4. ҚР ОМА ф, 1-т., 2550 іс. 137 б.
5. ҚР ОМА ф. 25, оп I, д. 498, л. 1-5.
6. Дәуітбай тархан: қоғамдық-әлеуметтік ортасы және ұрпақтар сабақтастығы («Тархан энциклопедиясы») – Астана, 2016.
7. Дулатұлы М. «Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов. Шығармалары». – Алматы: «Мектеп», 2012.
8. Дулатова Г. «Шындық шырағы: Естелік-эссе». – Алматы: «Мектеп», 2012.
9. Ілияс Б. «Алтын бесік» - Қостанай, 1998.
10. Әбдіманұлы Ө. «Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе». – Алматы: «Арда», 2007.

Материал редакцияға түсті: 17.02.2022

ОСПАНУЛЫ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М. ПИСЬМА АХМЕТА БАЙТУРСЫНУЛЫ

Каждое письмо А. Байтурсынулы достойно романа, потому как они пропитаны любовью к своей отчизне, стремлением борьбы за лучшую жизнь своего народа. До нас дошли лишь небольшие части. В данной статье речь идет о том, что нашим бесценным сокровищем являются письма - многогранный аспект прошлого, свидетель событий, неоспоримое доказательство.

Ключевые слова: письмо, совесть, суд, семья, политика, волость, уезд.

OSPANULY, S., MYRZAGALIEVA, K.M. LETTERS OF AKHMET BAITURSYNOV

Each letter of A. Baitursynuly is worthy of a novel, because they are saturated with love for their homeland, the desire to fight for a better life for their people. Only small parts have come down to us. In this article, we are talking about the fact that our priceless treasure is letters - a multifaceted aspect of the past, a witness to events, indisputable evidence.

Key words: letter, conscience, court, family, politics, parish, county.

ӘОЖ 37.01

Айдналиева, Н. А.,

п.ғ.к., мектепке дейінгі және

бастауышта білім беру кафедрасының

қауымдастырылған профессоры

Еруббаева, А.,

Саипназарова, М.

Бастауышта оқыту педагогикасы мен

әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша

2 курс студенттері

А. Байтұрсынов атындағы ҚҰУ,

Қостанай, Қазақстан

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ
ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

Түйін

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Ұлы ақын жас ұрпақты ізденісте, жан-жақты білімді болуға шақырады. Абай жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді, арсыздық пен ұятсыздықты, надандықты тәрбие және білім беру арқылы жоюға болатының көрсетті.

Кілт сөздер: білім, тәрбие, адами қасиеттер, көрнекілік.

1 Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлағатты ұстазы, дана ақыны. Бар асыл ойын замана жастарына, келер ұрпаққа арнағаны сөзсіз. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты да адам тәрбиесіне келіп тіреледі. Ұстаз сөзінің ең биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат – «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.

Ақынның педагогикалық көзқарасының пайда болуына, ары қарай дамып, өрбуіне кеудесі шежіре-тарих, аңыз-әңгімеге толы, халықтың салт-дәстүрлерін жетік білетін мейір-

бан әжесі Зере мен мінезге бай, тілге шешен анасы Ұлжан бірден бір себепкер болды. Талантты жастың өз бетінше ден қоя оқыған, құныға тыңдаған ауыз әдебиеті шығармалары туған халқының өмірі мен дәстүрін, арманы мен мұңын ертерек танып білуіне себепші болды. Ақынның жастарды білім алуға, ғылымға, адамгершілікке үндеген педагогикалық топшылаулары шығыстың атақты ғұламалары Ә.Науаи, Ғ.Дауани, әл-Фараби т.б. ой-пікірлерімен сабақтас, өзектес келеді.

Ақын ел қамы үшін емес, өз қамы үшін, елді бірлестіру үшін емес, араздастыру үшін оқитын, ойында «я тілмаш, я адвокат болу» ғана жүрген пысықай жастарды сынап, ғалым болу үшін ғана емес, сол алған білімін туған халқының мәдениетін, экономикасын, сана-сезімін көтеру үшін жұмсауға шақырады. Ойшыл ақын ғылымды үйренушілерді екі топқа бөледі:

- бірі – білімді ақиқатты тану, азамат болу үшін үйренушілер,
- екінші – бақастық, яғни біреуден озу, артық болу мақсатын көздеушілер.

Ақын ғылым жолын қалаған жастарға ғылымды жеке басының қамы, бақастық үшін емес, халқына адал қызмет ететін жан-жақты жетілген, білімді – «толық адам» болып шығу үшін үйренуге ақыл айтып: «үйреніп жеткенше осы да болады ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды», – деп, оларға тынбай талаптануға кеңес береді. Абай қазақ жастарын желөкпе, әр нәрсеге көрсеқызар болмай, өнерді үйренуге, табиғатты тануға, ғылыми көзқарасқа негізделген тиянақты білім алуға үндеді. Адам баласы өмір бойы білім алады, өмір бойы тәжірибе жинайды. Білім, ғылым деген түбі жоқ, баға жетпес қазына. «Барлығын білдім, болды», – дейтін адамдар, тап сол жерде тұлға ретінде дамуын тоқтатады. Сол себепті де, «толық адам» болу үшін әрдайым ізденісте болу керек.

Абай Отыз сегізінші сөзінде ғылымды әл-Фарабидің үлгісімен сала-салаға бөліп, ұстаздарға ғылым негізін жоспарлы және жүйелі түрде балаға түсінігіне ұғымды, қызықты, тартымды етіп оқытуға, білімді өмір талабымен ұштастыра білуге кеңес береді. Ақын ғажайыптарында оқудың шәкірттердің ынтасын арттыратындай түсініктілігі мен ерікті, көрнекілігі жайлы құнды дидактикалық пікірлер айтты. Қазіргі заманда, балаға оқуды ұғымды әрі қызықты ететін көптеген әдіс-тәсілдер, тартымды ететін бейнетаспалар, түрлі ойындар бар. Солар арқылы баланың зейін қойып тыңдауы артып келеді.

Абай жеке адамның қалыптасуына оқу-ағарту ісін ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесімен тығыз сабақтастыра қарастырады. Ақын түсінігінде адамгершілік тәрбиені құрайтын қасиеттер: адам баласын сүю, адамдардың бір-біріне адал, мейірімді және бірлікте, ынтымақта болуы. Ол адамгершілікке баулуда жастардың сол замандағы мінез-құлық олқылықтарын өз бойларынан іздетіп, олардан арылуға, өзін-өзі тәрбиелеуге өсиет етті. Жасөспірімдердің мінез-құлық, адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген Абай: «Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта көңіл-гүл...» – деп, жас баланы тәрбиелеуді өте ерте қолға алып, олардың дақ түспеген санасына ізгі қасиеттерді еге білу қажеттігін ескертеді. Бәрімізге белгілі, қазіргі кездегі балабақшалар балаларды үш, төрт жасынан бастап қабылдайды. Балабақшада тәрбиешілер кіршіксіз таза санаға бар жақсы қасиеттерді қалыптастырады, балаларды мейірімділікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа бірлікке тәрбиелейді. Ақын өзі өмір сүрген әлеуметтік ортада орын алған бес түрлі зиянды мінез-құлықтан адам боламын деген әрбір жасөспірімнің сақтануы керектігін ашық айтады. Адам өзіне-өзі сыншы болу керек: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен өзің есеп ал», – деген Абай тұжырымы жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырып, олардың бойында өзіне деген берік сенімін қалыптастырады.

Жастарды адамгершілік рухында тәрбиелеп, оларға ғылым мен білімге бастар жолды көрсете отырып, ақын бұл мәселелердің шешімі еңбекте деп білді. Ол еңбектің адам мен қоғам өмірінде алатын қызметіне зор мән берді. Абай шығармалары олардың әр түрлі кәсіпті еркін меңгеруіне ықпал етіп, еңбекті тиімді ұйымдастыру жолдарына баулыды. Ақын жастарды бойындағы күш-қуатын пайдалы еңбекке жұмсауға шақырды. Жастардың айна-

лысар кәсібінің аясы тарлығына тоқталып, өзімен көршілес халықтардың егіншілік пен қолөнерін, сауда жасауды, түрлі кәсіпті үйренуге үндейді. Ақын кейбір жастардың бойындағы еңбекке икемсіздігін, құлықсыздығын, жалқаулығын сынап, берекесіз адамның болашағы жоқтығын әрдайым еске салып отырады. Жастарға жеке басыңның қамын күйттеп кетпей, халқыңның жарқын болашағы үшін еңбек ет: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», – деген өсиет қалдырды. Абай қалың бұқараны адал еңбекке үндейді, қулық-сұмдықпен, алдау-арбаумен, ұрлық-зорлықпен, еңбексіз тапқан мал мен мүліктің: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы сықылды тез суалар...» – деп, ондай арзан дүниенің жұғымсыз екенін ұқтырды. Қулық саумақ, көз сүзіп адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жерде береді, құр тастамайды. Ол қалың қазақ жұртшылығын адал, қарапайым еңбекті қадірлей білуге, ерекше құрметтеуге және оны бағалай білуге үндейді. Жастардың әрбірінің айналысар кәсібі болуын, ол кәсіпке дағдылану машығының неғұрлым ертерек басталуын, жастық шақта еңбекке деген ұмтылыс, икемділіктің тұрақты қасиетке ұласуын құптады. Еңбек етуге де өзіндік байлам, талаптылық пен берік табандылық сияқты қасиеттердің керектігін ескертті. Ақын әрбір жастың келешегінің нұрлы, болашағының жарқын болуы адал еңбегі арқылы жүзеге асатыны туралы терең педагогикалық тұжырым жасады. Қазіргі заманғы мектептерде еңбекке баулу пәні пайда болғаннан бері, осы тұжырымдаманың дұрыстығына көз жеткізуге болады. «Еңбек түбі-береке» демекші, қазіргі кезде адамның еңбекқорлық қасиетін бала кезінен бастап бойына дарыту үшін үй ішінде де, білім ошағында да баланың еңбекке деген құмарлығын оятады. Болашақта айналысатын кәсібін де түрлі үйірмелер арқылы жастар іздестіруде. Үйірменің түрлісі бар және соның көмегімен жастар өзіне керек кәсіпті жас кезінен бастап игеруге мүмкіндік алады.

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Абай Құнанбаевтің жастарға айтқан тәрбиесі сипатталды. Қажетті материалдар жинақталып, мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. Абай Құнанбаевтің қарасөздерінің тәрбиелік мәні философиялық, педагогикалық тұрғыдан талданды.

3 Қорытынды

Абай Құнанбайұлы – халық ұстазы, шығармашылық қызметі болса, халықтың рухани қазынасы. Әлі күнге дейін, болашақта да халық ұстазының педагогикалық көзқарастары мен тәрбие жайлы терең тұжырымдамаларының орны зор. «Ұстаздық – жастарды ізгілікке, адамгершілікке, білімге үйретушілік», – деп Абай ұстаздардың жауапкершілігі жайлы айтып кеткен. Біз ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының дәуірінде айтып кеткен атама сөздерінің әлі күнге дейін өз өмірімізге қажеттілігін ұғындық. Оның адамгершілікке баулыған, тәрбиеге негізделген қара сөздері арқылы рухани азық алдық, адамдық сипатта бой түзеуге тырыстық. Демек бұл ақынның халықпен бірге жасағандығы. Ақын мұрасы – халықтың сарқылмас асыл қазынасы. Әр қазақта тәлім алар ғибратты сөздер көп болғай.

Әдебиеттер тізімі

1. Бейсембиев Қ. Абай Құнанбаев дүниетанымы 1956.
2. Тәжібаев Т.Т. Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары 1957.
3. Шаймерденова Қ. Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары 1990.
4. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» – Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
5. abai.kz – Ақпараттық порталы.

Материал редакцияға түсті: 21.02.2022

АЙДНАЛИЕВА, Н. А., ЕРУБАЕВА, А., САИПНАЗАРОВА, М.

ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ АБАЯ КУНАНБАЕВА
В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ

Когда человек рождается от родителей, он не слышит: слышит, видит, держит, учит, признает хорошее, плохое в мире, а значит, тот, кто знает, тот, кто видит, будет образован. Великий поэт призывает молодое поколение быть искушенным, всесторонне образованным. Абай показал, что все пороки, бесчестие и непристойность, невежество в молодежной среде можно устранить воспитанием и воспитанием.

Ключевые слова: образование, воспитание, человеческие качества, наглядность.

AYDNALIEVA, N., A., YERUBAYEVA, A., SAIPNAZAROVA, M.

THE EDUCATIONAL SIGNIFICANCE OF ABAI KUNANBAYEV'S PEDAGOGICAL VIEWS AT
THE PRESENT TIME

When a person is born from parents, he does not hear: he hears, sees, holds, teaches, recognizes the good and bad in the world, which means that the one who knows, the one who sees, will be educated. The great poet urges the younger generation to be sophisticated, comprehensively educated. Abai showed that all the vices, dishonor and obscenity, ignorance in the youth environment can be eliminated by education and upbringing.

Key words: education, upbringing, human qualities, visibility.

ӘОЖ 8.1751

Ерманова, С.Б.,

тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
А.Байтұрсынов атындағы ҚОУ,
Қостанай, Қазақстан

ЖІГІТ БОП ГАУҒАР ТАСТАЙ АСЫЛ БОЛСА

Түйін

«Тау тасты шабыт қылып» қазақ даласын әнмен күйге бөлеген ақиық ақын, сал-серілердің падишасы, елінің ардақтаған аяулы ұлы Ақан Қорамсаұлының ғажайып сырға толы өмірі, әсем де сазды әндері мен болашақ ұрпаққа деген өсиеті бұл баға жетпес байлығымыз, асыл мұрамыз.

Кілт сөздер: «Арқаның ақиығы Ақан сері», «Ақан сері – лирик, әнші ақын», «Біз қанжар алтынданған қынындағы».

1 Кіріспе

Ақан сері – сегіз қырлы, бір сырлы, ұлы талант иесі. Ақанның шығармашылық өнері-тазалықтың, әсемдіктің көрінісі. Ол жай ғана ақын емес, әнші-ақын, өзі шығарған өлеңін өзі әнге салып, домбырада ойнап, өзі орындаған.

Арқаның ардагері атанған Ақан – қазақтың ән өнері аспанында зор даусымен асқақтата жыр нөсерін ақтарып өткен дарын иесі; халқымыздың бойындағы тамаша талантты бойына сіңірген.

Ойлы, сырлы ғажайып шығармаларын өз даусымен орындап, қалың елге кең таратып, тыңдаушының құлақ құрышын қандырған, топшасы болат дауылпаз. Өмір сүрген ортасынан озат шығып, асыл өнерімен де, жеке бас әдет-мінездерімен де, жүріс-тұрыс, киім-кііс, сән-салтанатымен де даралана көзге түскен қазақтың ең қадірлі серілерінің бірі де, бірегейі. Асып-таспай, жабырқап жасымай әр кез арын таза ұстай білген, жақсылық пен әділеттік жолына белін бекім бұған, ақыл-парасаты биік саналы гуманист.

Притоболье, северная лесостепь, 1987 г.. 38 – крупные пос. Армизон, 39 – мелкие пос. Жиренка и Мелко-Дубровино, 38 – займища, 39 – колки с лугами, 40 – поля с мелкими колками, 41 – открытые нераспаханные участки, 42 – рямы, 43 – тростнико-осоковые болота.

Притоболье, южная лесостепь, 1987 г. 44 – поселок городского типа Макушино, 45 – мелкий пос. Обутки, 46 – поля с колками, 47 – остепненные луга, 48 – открытые поля, 49 – мелкие пос. Старо-Шадрино, 50 – колки с лугами, 51 – поля с мелкими колками, 52 – тростниковые займища озер, 53 – луга с ивняками, 54 – открытые луга, 55 – открытые поля, 56 – осиново-березовые колки с лугами, 57 – березово-сосновые леса с лугами,

Притоболье, северная степь, 1987 г. 58 – крупные пос. Новонеженка, 59 – полынные степи, 60 – тростниково-осоковые болота, 61 – припоселковые открытые поля близ пос. Новонеженка, 62 – крупные поселки, 63 – березово-сосновые леса с лугами, 64 – открытые поля, 65 – припоселковые выгоны.

Притоболье, южная степь, 1987 г. 66 – крупный пос. Наузрум, 67 – ковыльные степи, 68 – тростниковые займища, 69 – сосновые боры, 70 – полынные степи.

Притоболье, северная степь, 2022 г. Костанайская колочная степь

3, 4 Результаты и обсуждение

В зимний период плотность населения птиц, биомасса и трансформируемая ими энергия Тоболо-иртышской лесостепи и степи Северной Евразии уменьшается от селитебных, рудеральных урочищ к низинно-болотным и озерным ландшафтам, а затем к преимущественно облесенным местообитаниям лесополевого ландшафта и минимальна в открытых урочищах полевого и лугово-полевого населения. Ранее было установлено, что деятельность человека в ряде западноевропейских, североамериканских развития и южноафриканских городов значительно увеличила плотность населения птиц сравнительно с их естественными местообитаниями [9, 10, 11]. Например, в городе Туксоне штата Аризона за 70 лет его развития, обилие и биомасса птиц стала в 26 раз выше, чем в прилегающей к городу пустыне, а 65 % его орнитокомплекса составляют три экзотических вида, адаптированных к обитанию на урбанизированной территории [12]. Сходные процессы формирования населения птиц отмечен в ряде городов центра европейской части России [13, 14, 15, 16]. На исследуемой нами территории прослежен значительный контраст между населением птиц поселков и прилегающих естественных местообитаний, что отмечено в ряде ранее опубликованных работ [17, 18, 19].

Зимой в исследуемом регионе максимальное обилие птиц отмечено нами в поселках, районах жилой застройки и на полигонах утилизации твердых коммунальных бытовых отходов. Это связано с их лучшей кормностью, а в зимний период и с укрытостью местообитаний. При этом зимой здесь в поселках птиц в 1,3 раза больше, чем летом, а в застроенной части городов меньше в 1,2 раза. Минимальные значения обилия пернатых отмечены для полей, окаймленных полезащитными полосами (1 птица/км²).

Видовое богатство населения птиц Тоболо-иртышской лесостепи и степи в отличие плотности населения птиц, биомассы и количества трансформируемой энергии, наоборот изменяется в противоположном направлении. Максимальное показание параметра зафиксировано для наиболее мозаичных выделов лесополевого и лугово-степного типов населения. Снижение числа видов птиц происходит затем к низинно-болотным и селитебным местообитаниям. Далее направление снижения отмеченного числа видов происходит к открытым луговым, рудеральным и полевым ландшафтам. Предпочтение птицами лесополесных, лугово-степных и низинно-болотных местообитаний, вероятно, объясняется их биотопической неоднородностью и хорошо выраженной ярусностью растительности [20, 21, 22].

Зимой в списке лидеров на селитебной части исследуемой лесостепи и степи остаются синантропные виды (домовой и полевой воробьи). Сорока в это время становится универсальным лидером практически по суммарному обилию во всех выделенных урочищах. Этот лесостепной вид успешно стал синантропным видом не только в лесостепи и степи Тоболо-Прииртышья, но на других частях своего ареала [23]. Другие изменения в зимнем списке доминантов проявляются в появлении в нем тундровых и таежных зимующих видов. В облесенных местообитаниях это снегирь и чечетка. В открытых урочищах чечетка и пуночка. Эти виды встречаются в основном в облесенных и закустаренных лесостепных и лугово-полевых выделах. На открытых лугах, полях и в степях в число лидеров входят щегол, черный и белокрылый жаворонки, белая сова, галка и тетерев. По ряду парковых местообитаний селитебного типа список синантропных видов дополняют рябинник и свиристель. В тоже время антропогенная трансформация лесостепного и степного ландшафтов однозначно приводит к возрастанию обилия обычных и широко распространенных видов птиц, что ранее отмечено и для таежных территорий России [24, 25].

Зимой в Тоболо-иртышской лесостепи и степи по-прежнему почти повсеместное преобладание наземных птиц, даже в лесополевых ландшафтах. Это так же справедливо для лугово-полевого, селитебного типов населения с полевым типом распределения птиц. Кронно-кустарниково-наземное распределение птиц свойственно орнитокомплексам облесенных и закустаренных лесополевых местообитаний и ряду выделов селитебного типа с повышенной кормностью из-за их значительной озеленности рябиной и яблоней ягодной.

Зимой основная часть энергетических потребностей удовлетворяется за счет плодов, семян, кормов антропогенного происхождения и позвоночных животных (в среднем 85 и 15 %%). Последняя доля определяется значительной долей в населении врановых птиц, употребляющих в пищу мелких млекопитающих [26].

5 Выводы

Таким образом, среди исследованных нами местообитаний Тоболо-иртышской лесостепи и степи Северной Евразии (степного зообиома) максимальной привлекательностью в зимний период для жизни птиц обладают селитебные и рудеральные ландшафты. В лесостепи и степи Тоболо-Прииртышья в это время доминируют, как правило, синантропные виды, что подтверждает значительную антропогенную трансформацию ландшафтов исследуемых регионов [27]. В исследуемом нами регионе зимой максимальное видовое богатство птиц отмечено в наиболее мозаичных и структурно-неоднородных выделах лесополевого и лугово-степного ландшафтов лесостепи. Минимальное число видов птиц в зимний период свойственно открытым луговым и полевым урочищам, что ранее отмечено и для северной тайги Западной Сибири [18].

Список литературы

1. Федеральный закон от 24 апреля 1995 г. № 52-ФЗ «О животном мире».
2. Равкин Ю.С., Ливанов С.Г. Факторная зоогеография: принципы, методы и теоретические представления. – Новосибирск: Наука, 2008. – 205 с.
3. Равкин Ю.С., Доброхотов Б.П. К методике учета птиц лесных ландшафтов во внегнездовое время // Организация и методы учета птиц и вредных грызунов. – М., 1963. – С. 130 – 136.
4. Птицы Советского Союза. – М.: Сов. наука, 1951 – 1954. – Т. 1 – 6. – Т. 1 – 652 с. Т. 2 – 480 с. Т. 3. – 680 с. Т. 4. – 640 с. Т. 5 с.– 803. Т. 6. – 792 с.
5. Гаврилов В.М. Биоэнергетика миграций // Методы изучения миграций птиц: материалы Всесоюзной школы-семинара. – М. 1977. – С. 7 – 16.
6. Степанян Л.С. Конспект орнитологической фауны России и сопредельных территорий в границах СССР как исторической области. – М.: ИКЦ «Академкнига» – 2003. – 808 с.
7. Блинова Т.К., Блинов В.Н. Птицы Южного Зауралья: Лесостепь и степь. – Новосибирск: Наука, Сиб. отд-ние, 1997. – Т. 1: Фаунистический обзор и охрана птиц. – 296 с.

8. Блинова Т.К., Блинов В.Н. Птицы Южного Зауралья: Лесостепь и степь. – Новосибирск: Наука, Сиб. отд-ние, 1999. – Т. 2: Территориальная неоднородность населения птиц и динамические процессы. – 288 с.
9. Geroudet P. L'evolution de l'avifaune suisse dans la premiere moitie du 20 siecle. // Acta XI Congress Internat. Ornithol. – Basel 1954, Birkhäuser Verlag. – 1955. – P. 72–80.
10. Erz W. Der Vogelbestand eines Grosstadtparkes im westfälischen Industriegebiet // Ornithol. Mitteil. – 1956. – Bd. 8. – S. 221–225.
11. Ferens B. Ptaki miasta Krakowa ich ochrona i pestytucia // Ochrona przyrody. – 1957. – Bd. 24. – S. 279–336.
12. Emlen J.T. An urban bird community in Tucson, Arizona: derivation, structure, regulation // The Condor. – 1974 – Vol. 76. – P. 184 – 197.
13. Бабенко В.Г. О гнездовой авифауне в населении птиц в антропогенных ландшафтах Московской области // Тезисы докладов 7-й Всесоюзной орнитологической конференции. – Киев: Наукова думка, 1977. – Ч. 2. – С. 99 – 100.
14. Бабенко В.Г. Тенденции антропогенной трансформации орнитонаселения Северной Евразии // Орнитологические исследования в Северной Евразии: Тезисы XII Международной орнитологической конференции Северной Евразии. – Ставрополь, 2006. – С. 55–56.
15. Бабенко В.Г., Константинов В.М. Размещение некоторых синантропных врановых в гнездовый период в различных антропогенных ландшафтах Московской области // Актуальные вопросы зоогеографии: тезисы докладов 6-й Всесоюзной зоогеографической конференции – Кишинев: Штиинца, 1975. – С. 17 – 18.
16. Константинов В.М. Фауна, население и экология птиц антропогенных ландшафтов лесной зоны Русской равнины: Автореф. дис. ... д-ра биол. наук. – М., 1992. – 52 с.
17. Ануфриев В.М. Пространственная структура населения птиц средней тайги Европейского Северо-Востока СССР. – Сыктывкар, 1987. – 40 с.
18. Вартапетов Л.Г. Птицы северной тайги Западно-Сибирской равнины. – Новосибирск: Наука, Сиб. отд-ние, 1998. – 327 с.
19. Жуков В.С. Птицы лесостепи Средней Сибири – Новосибирск: Наука, 2006. – 492 с.
20. Владышевский Д.В., Шапарев Ю.П. Закономерности географического и биотопического распределения лесных птиц // Экология популяций лесных животных Сибири. – Новосибирск: Наука, Сиб. отд-ние, 1974. – С. 37–63.
21. Бабенко В.Г., Константинов В.М. Фауна и население птиц антропогенных ландшафтов центрального района Европейской части СССР // Распространение и систематика птиц. – М.: Изд-во МГУ, 1983. – С. 160–185.
22. MacArthur R.H., MacArthur J.W. On bird species diversity // Ecology. – 1961. – Vol. 42. – № 3. – P. 594–598.
23. Константинов В.М., Родинцев А.С., Пономарев В.А. и др. Сорока (Pica pica L.) в антропогенных ландшафтах Палеарктики (проблемы синантропизации и урбанизации). – М.: Прометей, 2004. – 160 с.
24. Равкин Ю.С. Антропогенная трансформация сообществ птиц лесной зоны // XVIII Международный орнитологический конгресс: тезисы докладов и стендовых сообщений. М.: Наука, 1982. – С. 29 – 30.
25. Сазонов С.В. Орнитофауна тайги Восточной Финляндии: Исторические и зонально-ландшафтные факторы формирования. – М.: Наука, 2004. – 391 с.
26. Иноземцев А.А. Особенности питания врановых птиц в Подмосковье // Орнитология. – М.: Изд-во МГУ, 1965. – Вып. 7. – С. 309–317.
27. Константинов В.М., Бабенко В.Г., Асоскова Н.И., Хохлов А.Н. Численность врановых птиц в антропогенных ландшафтах как отражение степени их синантропности // Экология, биоценологическое и хозяйственное значение врановых птиц. – М., 1984. – С. 8 – 12.

Материал поступил в редакцию 10.03.2022

СОЛОВЬЕВ, С.А., БРАГИНА, Т.М., БОБРЕНКО, М.А., РУЛЁВА, М.М.

ҚЫСТА ТОБЫЛ-ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ ОРМАНДЫ ДАЛА ЖӘНЕ ДАЛА ҚҰСТАРЫНЫҢ ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Бұл мақалада қысқы кезеңде (қаңтар, ақпан) зерттеу кезінде Солтүстік Еуразияның дала зонобиомының оңтүстік-батыс бөлігіндегі орманды дала мен дала құстарының популяциясына әдісі бойынша сипаттама берілген Ю.С. Равкин мен С.Г. Ливанов. Құстар қауымының Тобыл-Ертіс өңірінің орманды даласы мен даласының ландшафттарына басымдық беруін талдау барысында құстардың осы экстремалды кезеңінде аймақтың тұрғын және рудеральды ландшафттары олар үшін барынша тартымды болатыны анықталды. өмір.

Кілт сөздер: құстар, санақ, қыстау, Тобыл-Ертіс өңірі, орманды дала, дала, түр байлығы, молшылық.

SOLOVIEV, S.A., BRAGINA, T.M., BOBRENKO, M.A., RULEVA, M.M.

CHARACTERISTICS OF THE BIRD POPULATION OF THE FOREST-STEPPE AND STEPPE OF THE TOBOL-IRTYSH REGION IN WINTER

This article provides a description of the ornithocomplexes of the forest-steppe and steppe of the southwestern part of the steppe zoniobiome of Northern Eurasia during the study in the winter period (January, February) according to the method of Yu.S. Ravkin and S.G. Livanov. It has been established in the course of the analysis of bird communities' preference for landscapes of the forest-steppe and steppe of the Tobol-Irtysh region that residential and ruderal landscapes of the region have the maximum attractiveness for them during this extreme period of bird life.

Key words: birds, censuses, winter, Tobol-Irtysh region, forest-steppe, steppe, species richness, abundance.

УДК 582. 998 (574)

Пережогин, Ю.В.

кандидат биологических наук, доцент,
профессор кафедры биологии и химии,

Жолдыбек, М.А.

магистрант, 2 курс, «География»,

Петров, Г.Д.

магистрант, 2 курс, «География»,

Танат, Д.

магистрант, 2 курс, «География»,

КРУ имени А. Байтұрсынова,

Казахстан, Костанай

**РЕВИЗИЯ ЭНДЕМИЗМА ОТДЕЛЬНЫХ РОДОВ ФЛОРЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Аннотация

*В процессе изучения эндемичных видов родов *Arctium* (Asteraceae), *Pedicularis* (Orobanchaceae) и *Hedysarum* (Fabaceae) Республики Казахстан было выявлено, что из 6 видов, отмеченных во «Флоре Казахстана» эндемиками для рода *Arctium*, 7 видов для рода *Pedicularis* и 19 видов рода *Hedysarum* только 4,3 и 10 видов представителей данных родов соответственно таковыми являются. 3 вида (*Arctium*), 4 вида (*Pedicularis*) и 9 видов (*Hedysarum*) сведены в субэндемики. Полученный в результате исследований конспект дополнит данные об эндемичных растениях для нового издания «Флоры Казахстана».*

Ключевые слова: флора Казахстана, эндемичные виды растений, сведения о местонахождении.

1 Введение

Вопросы эндемизма флоры Казахстана до сих пор очень слабо изучены. В первую очередь это связано с устаревшим первоисточником «Флора Казахстана» [1] и недостаточно проработанным вопросом в современной ботанической литературе. Современные авторы уделяют этому вопросу значительное внимание, однако материалы по новым эндемичным видам разбросаны по электронным ресурсам разной значимости и доступности, которые плохо анализируются и не получают должного внимания со стороны других авторов. В связи с этим возникла острая необходимость в пересмотре флоры Казахстана, чтобы иметь представление о реальной картине эндемизма.

2 Материалы и методы

Материал получен в процессе изучения Гербария Московского государственного университета имени М. В. Ломоносова (MW) [2], а также официальных сайтов International Plant Names Index (IPNI) [3] и Global Biodiversity Information Facility (GBIF) [4].

Конспект видов расположен в алфавитном порядке. Для каждого вида приведены: латинское название (International Plant Names Index (IPNI) [3], данные о распространении [1]. Для субэндемичных видов распространение за пределами Казахстана дается по Plants of the World online (POWO) [5].

3 Результаты

Family: Asteraceae Bercht. & J.Presl

Genus: *Arctium* L.

Во «Флоре Казахстана» виды данного рода относились к роду *Cousinia* Cass. По данным POWO позднее они были переведены в род *Arctium* L. Всего было отмечено 6 эндемичных видов данного рода. Процент эндемизма рода *Arctium* L. составил 66,7 %.

Список видов выглядит следующим образом:

Название вида IPNI	Данные об общем распространении		
	Флора Казахстана	POWO	Общ. распр. POWO
<i>Arctium alberti</i> (Regel et Schmalh.) S.López, Romasch., Susanna et N.García	эндем	эндем	
<i>Arctium arctiodes</i> Kuntze	эндем	эндем	
<i>Arctium grandifolium</i> (Kult.) S.López, Romasch., Susanna et N.García	эндем	эндем	
<i>Arctium triflorum</i> Kuntze	эндем	субэндем	Узбекистан, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан, Иран http://powo.science.kew.org/taxon/178485-1
<i>Arctium ugamense</i> (Karmysch.) S.López, Romasch., Susanna et N.García	эндем	эндем	
<i>Arctium vavilovii</i> (Kult.) S.López, Romasch., Susanna et N.García	эндем	субэндем	Кыргызстан http://powo.science.kew.org/taxon/77112872-1

Итого, количество эндемиков флоры рода *Arctium* L. Республики Казахстан составило 4 вида. Процент эндемизма рода снизился до 44,4 %.

Family: Orobanchaceae Vent.

Genus: Pedicularis L.

Во «Флоре Казахстана» отмечены 7 эндемичных видов данного рода. Процент эндемизма рода составил 14,9%.

Список видов выглядит следующим образом:

Название вида IPNI	Данные об общем распространении		
	Флора Казахстана	POWO	Общ. распр. POWO
<i>Pedicularis czuiliensis</i> Semiotr.	эндем	эндем	
<i>Pedicularis dolichorrhiza</i> Schrenk	эндем	субэндем	Монголия, КНР, Узбекистан, Кыргызстан, Таджикистан, Афганистан, Пакистан https://powo.science.kew.org/taxon/806996-1
<i>Pedicularis interrupta</i> subsp. <i>tarbagataica</i> (Semiotr.) Kamelin	эндем	субэндем	Россия http://powo.science.kew.org/taxon/807190-1
<i>Pedicularis karatavica</i> Pavlov	эндем	субэндем	Кыргызстан https://powo.science.kew.org/taxon/807206-1
<i>Pedicularis kokpakensis</i> Semiotr.	эндем	эндем	
<i>Pedicularis masalskyi</i> Semiotr.	эндем	эндем	
<i>Pedicularis songarica</i> Schrenk ex Fisch. & C.A.Mey.	эндем	субэндем	КНР https://powo.science.kew.org/taxon/urn:lsid:ipni.org:names:807650-1

Итого, количество эндемиков флоры рода *Pedicularis* L. Республики Казахстан составило 3 вида. Процент эндемизма рода снизился до 6,4 %.

Family: Fabaceae Lindl.

Genus: Hedysarum L.

Во «Флоре Казахстана» отмечены 16 эндемичных видов данного рода. Процент эндемизма рода составил 45,7%.

Список видов выглядит следующим образом:

Название вида IPNI	Данные об общем распространении		
	Флора Казахстана	POWO	Общ. распр. POWO
<i>Hedysarum aculeatum</i> Golosk.	эндем	субэндем	Кыргызстан http://powo.science.kew.org/taxon/497432-1
<i>Hedysarum acutifolium</i> Bajtenov	эндем	субэндем	Кыргызстан http://powo.science.kew.org/taxon/497435-1
<i>Hedysarum bactauatavicum</i> Bajtenov	эндем	эндем	
<i>Hedysarum chantavicum</i> Popov ex Bajtenov	эндем	эндем	
<i>Hedysarum dmitrievae</i> Bajtenov	эндем	субэндем	Кыргызстан, Узбекистан http://powo.science.kew.org/taxon/497662-1

<i>Hedysarum iliense</i> B.Fedtsch. ex Popov	эндем	субэндем	Монголия, КНР http://powo.science.kew.org/taxon/497782-1
<i>Hedysarum karataviense</i> B.Fedtsch.	эндем	эндем	
<i>Hedysarum kasteki</i> Bajtenov	эндем	эндем	
<i>Hedysarum krylovii</i> Sumn.	эндем	субэндем	Монголия, КНР http://powo.science.kew.org/taxon/497816-1
<i>Hedysarum lintschevskyi</i> Bajtenov	эндем	субэндем	Кыргызстан, Монголия http://powo.science.kew.org/taxon/497861-1
<i>Hedysarum mindshilkense</i> Bajtenov	эндем	субэндем	Узбекистан http://powo.science.kew.org/taxon/497896-1
<i>Hedysarum nikolai</i> Kovalevsk	эндем	эндем	
<i>Hedysarum pallidiflorum</i> Pavlov	эндем	эндем	
<i>Hedysarum pavlovii</i> Bajtenov	эндем	эндем	
<i>Hedysarum plumosum</i> Boiss. et Hausskn.	эндем	субэндем	Иран, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан, Узбекистан http://powo.science.kew.org/taxon/497990-1
<i>Hedysarum subglabrum</i> (Kar. et Kir.) B. Fedtsch.	эндем	субэндем	Кыргызстан http://powo.science.kew.org/taxon/498138-1
<i>Hedysarum tarbagataicum</i> Knjaz.	отсутствует	эндем	
<i>Hedysarum ulutavicum</i> Knjaz.	отсутствует	эндем	
<i>Hedysarum villosissimum</i> Knjaz.	отсутствует	эндем	

Итого, количество эндемиков флоры рода *Hedysarum* L. Республики Казахстан составило 10 видов. Процент эндемизма рода снизился до 28,6 %.

4 Выводы

1. Во «Флоре Казахстана» виды данного рода относились к роду *Cousinia* Cass. По данным POWO позднее они были переведены в род *Arctium* L. Всего было отмечено 6 эндемичных видов данного рода. Процент эндемизма рода *Arctium* L. составил 66,7 %. В результате наших исследований количество эндемиков флоры рода *Arctium* L. Республики Казахстан составило 4 вида. Процент эндемизма рода снизился до 44,4 %.

2. Для флоры рода *Pedicularis* L. Республики Казахстан во «Флоре Казахстана» отмечены 7 эндемичных вида данного рода. Процент эндемизма рода составлял 14,9 %. В результате наших исследований количество эндемиков флоры рода *Pedicularis* L. Республики Казахстан составило 3 вида. Процент эндемизма рода снизился до 6,4 %.

3. Для флоры рода *Hedysarum* L. Республики Казахстан во «Флоре Казахстана» отмечены 16 эндемичных вида данного рода. Процент эндемизма рода составлял 45,7 %. В результате наших исследований количество эндемиков флоры рода *Hedysarum* L. Республики Казахстан составило 10 видов. Процент эндемизма рода снизился до 28,6 %.

Список литературы

1. Флора Казахстана. – Алма-Ата, Изд. АН КазССР, 1956-1966. – Т. 1-9.
2. Серегин А. П. (ред.) Коллекция «Гербарий МГУ» // Депозитарий живых систем «Ноев Ковчег» (направление «Растения»). – М.: МГУ, 2021. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://plant.depo.msu.ru/module/collectionpublic?d=P&openparams=%5Bopen-id%3D1524305%5D>.

3. International Plant Names Index (IPNI). [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.ipni.org>
4. Global Biodiversity Information Facility. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.gbif.org>
5. Plants of the World online. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://powo.science.kew.org>

Материал поступил в редакцию 03.02.2022

ПЕРЕЖОГИН, Ю.В., ЖОЛДЫБЕК М. А., ПЕТРОВ, Г. Д., ТАНАТ, Д.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЛОРАСЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТЕКТЕРІНІҢ
ЭНДЕМИЗМІНЕ РЕВИЗИЯ**

Қазақстан Республикасының *Arctium* (Asteraceae), *Pedicularis* (Orobanchaceae) және *Hedysarum* (Fabaceae) тұқымдасының эндемикалық түрлерін зерттеу барысында «Қазақстан флорасында» эндемикалық ретінде белгіленген 6 түрінің *Arctium* тұқымдасы, *Pedicularis* тұқымдасының 7 түрі және *Hedysarum* тұқымдасының 19 түрі, осы тектес өкілдерінің сәйкесінше тек 4, 3 және 10 түрі осындай. 3 түрі (*Arctium*), 4 түрі (*Pedicularis*) және 9 түрі (*Hedysarum*) субэндемиялық. Зерттеу нәтижесінде алынған реферат Қазақстан флорасының жаңа басылымы үшін эндемикалық өсімдіктер туралы мәліметтерді толықтырады.

Кілт сөздер: Қазақстан флорасы, өсімдіктердің эндемикалық түрлері, орналасқан жері туралы мәліметтер.

PEREZHOGIN, YU. V., ZHOLDYBEK, M. A., PETROV, G. D., THANAT, D.

ENDEMIC SPECIES OF THE FAMILY LAMIACEAE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

In the process of studying endemic species of the genera *Arctium* (Asteraceae), *Pedicularis* (Orobanchaceae) and *Hedysarum* (Fabaceae) of the Republic of Kazakhstan, it was found that out of 6 species noted in the "Flora of Kazakhstan" as endemic for the genus *Arctium*, 7 species for the genus *Pedicularis* and 19 species of the genus *Hedysarum*, only 4, 3 and 10 species of representatives of these genera, respectively, are such. 3 species (*Arctium*), 4 species (*Pedicularis*) and 9 species (*Hedysarum*) are subendemic. The abstract obtained as a result of the research will supplement the data on endemic plants for the new edition of the Flora of Kazakhstan.

Key words: flora of Kazakhstan, endemic plant species, information on the location.

ӘӨЖ 811.512.122

Наби, Т.Б.

«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»

оқу бағдарламасының 3курс студенті

Бекбосынова А.Х.

филология ғылымдарының кандидаты,

тілдер және әдебиет теориясы кафедрасының

қауымдастырылған профессоры

А.Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қостанай, Қазақстан

**ҚАНИПА БҰҒЫБАЕВАНЫҢ «АДАСҚАН ЖАПЫРАҚ»,
«ӘБДІЛДАНЫҢ АЛМА БАҒЫНДА» ӨЛЕҢДЕРІНІҢ
КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Түйін

Қанипа Бұғыбаеваның шығармалары көктем мен күз мезгілдерінің мамыражай сәттерін көз алдымызға елестетеді. Ақынның өлеңдері оқыған

*жанға шынайылықты көрсететін керемет туындылар. Оның жырлары
адам өмірінің шуақ шашқан, бақытты кезеңдерін еске салады.*

Кілт сөздер: *теңеу, символ, сөз қолданысы, өлең.*

1 Кіріспе

Қанипа Бұғыбаева жырларынан біз ерекше сыршылдықты, ақынның Отанына, туған ауылына деген махаббаттын сезінеміз. Ол өзін туған жердің топырағынан нәр алған жас шыбыққа теңейді. Ақын жырлары тек әлеуметтік мазмұнда ғана емес, одан табиғат, махаббат тақырыбындағы лирикалық өлеңдерді де, өз замандастарының ерсі мінездерін сынаған өлеңдерін де кездестіреміз. «Қанипа шығармаларында өмірдің ащы кезеңдерінің көп болғанына қарамастан жасу жоқ, керісінше өмірдің қатал сыңына төтеп бере алатын, рухы мықты, жалынды көркем туындылар. Анасын еске түсірсе де жасымайды. *Мен бүгін бүршік атсам, гүлдеп, ана, ол сенің ұлылығың, даналығың* деген сәтті жолдар арқылы өзін – асыл ананың жалғасы екенін айтады [1]. Өмірге деген құлшынысты арттыратын, терең мазмұнды өлеңдерін оқығанда ағалары: Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов те өз танданыстарын жасырмады.

Қанипа Бұғыбаева шығармашылығына баға берген ақын ағаларының айтқандарына қарап-ақ ақынның жырлары әсерлі, шынайы, әрі сөз қолданысының ерекше екендігі және автордың кез келген өлеңін алсақ та, оның туындылары мұңға толы ащы зар емес, керісінше өмірге деген құлшынысты арттыратын жалыны мол жырлар екенін аңғаруымызға болады.

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақалада жалпы теориялық әдіс қолданылды. Ақынның шығармаларындағы көркемдегіш құралдардың анықтамалары мен ғалымдардың еңбектері қолданыс тапты. Қажетті материалдар жинақталып, мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. Қанипа Бұғыбаеваның «Адасқан жапырақ», «Әбділданың алма бағында» шығармаларында қолданылған көріктеуіш құралдардың ерекшеліктері лингвистикалық сипаты жағынан талданды.

3, 4 Нәтижелер мен талқылаулар

Қанипа Бұғыбаеваның шығармаларын оқығанда, біріншіден оның сөз қолданысында теңеулердің көптеп қолданатындығын байқауымызға болады.

Т.Қоңыров «Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі»[2; 3 б] – деген пікір айтады.

С.Ғ.Қанапина: «Теңеу – бейнелі сөздің ең көп тараған бір түрі. Жалпы көркем әдебиеттегідей, мақал-мәтелде де бір нәрсені әсерлі, айшықты суреттеу үшін соның түр-тұлғасын көзге елестету үшін екінші бір нәрсеге ұқсастырып баламалай айту теңеу болмақ» [3,38 б] – дейді.

А.Х. Бекбосынова: «Көркемдік танымның қуатты құралдарының бірі көркем әдебиетті теңеулерсіз елестету мүмкін емес. Автор тіліндегі теңеулер әлемі, оның поэтикалық тіл арқылы көрінетін дүниетанымын көрсетеді. Теңеу – таным көзі. Салыстыру, ұқсату, теңеу арқылы таным кеңейе түседі. Теңеу – адам баласының бейнелі ойлауының, әлемді тануының және өзін қоршаған айналасын көркем қабылдауының нәтижесінде қалыптасады» [4,5 б] – дейді.

Ақынның шығармаларының бірсыпырасы табиғатпен байланысты. Солардың ішінде бізді қызықтырған екі өлеңі: «Адасқан жапырақ», «Әбділданың алма бағынанда».

«Адасқан жапырақ» өмірдің мәңгі еместігі, автордың өзін желдің айдауымен ұшып жүрген жапырақтай сезінетіндігі жайлы. Бұл өлеңде бізді қызықтырған жолдар:

Сыбдырлы сағынышпен көзімді ілем,

Жер – деген күтіп алар төзім білем.

Ұқсаттым, уақыт желі қуалаған

Адасқан жапыраққа өзімді Мен

Бұл өлең жолдарындағы *сыбдырлы сағыныш, уақыт желі, адасқан жапырақ* автордың өзіндік ерекше сөз қолданысы. Бұндағы *сыбдырлы сағыныш* деген сөз тіркесін алсақ, ағаштағы жапырақтың жел ескенде сыбдырлауының дыбысы қалай ақырын естілсе сағыныштың да дәл солай көзге көрініп, естілмесе де бұл сезімді табиғатпен байланыстырып тұр. *Уақыт желі* деген мұнда табиғаттағы желдің ескені қалай тез өтсе, уақыттың, адам ғұмырының да ұзақ көрінгенімен зымырап өте шығатындығы осылайша бір сөз тіркесіне терең мағына сыйғызылып жазылған.

Ендігі кезекте өлеңге ерекше мән беріп тұрған «*адасқан жапырақ*» сөз тіркесіне келсек, жапырақ пен ағаш символына тоқталамыз. *Ағаш* - тұрақтылық пен беріктіктің белгісі. Ағаштың жерге терең енуінің метафорасы күш, төзімділік пен жерге тамырының терең бекініп өсуі тұрақтылық туралы айтады. Бұл сондай-ақ өсуді білдіреді, өйткені ағаштың бұтағы тұрақты баяу өсудің нәтижесі. Ағаш кішкентай бұтағы мен сабағы қысқа жапырақтары азғантай күйден, тамыры жуан, сабағы мықты, бұтағы мен діңі жуан биік ағашқа айналады.

Ал *жапырақ* символына келсек, жапырақ – үміт пен жаңарудың белгісі. Жасыл жапырақтар жаңару символы болса, жапырақтар сары болса, не болмаса жерге түсіп жатқан жапырақтар – мұң мен сағыныштың белгісі. Жазушы өлеңінде қолданылған ағаштан түскен жапырақ бұл дүниенің кішкентай бөлшегімін деген ұғымда айтылған деп ойлаймыз. Ал өзін адасқан жапыраққа теңеуі өзінің ішкі дүниесінде мұң барын, өмірде өз орнын таба алмай жүргендей күйде екенін айтқысы келді.

Бұл өлеңдегі келесі жолдар өмірге байланысты автордың ерекше сөз қолданыстарымен қатар *тағдыр концептісін* кездестіреміз:

Сызығы алақанның *сызығындай*,
Жүзіне қандай *тағдыр* жазылады?..

Мұндағы тағдырдың жазылуы яғни, тағдырдың алдында адамның оған қарсы күші жоқ екені, оған әр адамның мойынұсынатындығы жайында жазылған. Алдыңғы жолдағы «*алақанның сызығындай*» сөз тіркесімен бірге қосылып бұл өлең жолдары, өмірдің адамның алақанындағы секілді қысқа, әрі тағдырына жазылғаны болатындығы айтылған.

Жалпы, *тағдыр* концептісіне келсек, С.Ғ. Қанапина: «Қазақтың ұлттық танымында «тағдырға» қанағаттануға қарағанда, қанағаттанбаушылықтың басым екендігі байқалады. «Тағдыр» өмірдің бақытты кездерінен гөрі қиыншылыққа толы кездерінен қолданыс табады. «Тағдыр» мен «өлім» концептілері арасында белгілі бір байланыс бар екендігі сөсіз. Адам өлімінің алдында да тағдырдың алдындағыдай өзінің дәрменсіз екенін мойындап, өлімді тағдырдың құрамдас бір бөлігі ретінде қабылдайды.» Бұдан шығатын қорытынды автор тағдыр концептісін өзінің өлеңінде жазмышқа тірі пенденің барлығы бағынатындығы мағынасында қолданған [3;120 б].

Қанипа Бұғыбаеваның шығармаларын оқығанда, біріншіден оның сөз қолданысында, метафора мен эпитеттерді көптеп қолданатындығын байқауымызға болады.

Әдеби тілдегі ең басты құбылтулардың бірі – метафора (*грекия metaphora – көшіру*) сөз мәнін өңдендіріп, өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту [5, 39 б].

Келесі өлең «Әбділданың алма бағында» ақындық өнері бойына біткен тұлғалар жайында. Бұл өлеңде бізді қызықтырған өлең жолдары мыналар:

Ақынға кәрілік жоқ, арманы асыл,
Сезімге *пісіп тұрған* таңданасың.

Қ. Жұмалиев: «Эпитет дегеніміз – адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін көрсету, олардың бейнесін оқушының көз алдына елестету ой қиялына әсер ету үшін қолданылатын көркем сөздердің бір түрі» [6,106 бет] – деген пікір айтады.

Бұнда біріншіден, «сезім» сөзіне тоқталсақ ақын қолданысында бұл сөз тәтті, ыстық, пәк, мөлдір сөздерімен жиі тіркесіп айтылады. Ал Қанипа Бұғыбаева өлеңіндегі «*піскен сезім*» автордың ерекше сөз қолданысы. «*Піскен сезім*» ақындық өнердің иелері шығармаларын жазулары үшін, оны жазып, сезіну үшін, оның алманың пісуіне қандай уақыт керек болса, ақынға да сезімін жеткізу үшін дәл солай уақыт қажет екені теңестіріліп, ақын өнері арқасында, қартаймайтыны айтылған. Бұндағы «сезім» сөзі «*піскен*» сөзімен тіркесіп келіп, ауыс мағынада жұмсалып, өлеңге ерекше бір сипат беріп тұр.

Бұл өлеңдегі келесі жолдар да ерекше көзге түседі:

Сілкілеп ертелі-кеш, ауық-ауық

Шайқайды *шабыт желі* алма ағашын.

Бұнда «*шабыт желі*» сөзіне тоқталсақ. Ақындық өнер иелерінің сезімдерінің жоғары қалыпта болып жетілуі, яғни шабыттың пайда болуы жайлы айтылып, жел сөзімен тіркескенде, алма ағашының шайқалуы арқылы ақындардың ішкі жан дүниесіндегі сезімдер, талант иелерін қозғалысқа, өзгеріске итермелейтіндігі жайлы айтылған. Бұл жолдардағы «жел» сөзімен тіркесіп жұмсалған «*шабыт*» сөзі эпитет ретінде қолданылып, автордың өлеңіне ерекше рең беріп тұрғанын байқаймыз.

Ендігі кезекте өлеңнің атауына арқау болған және ерекше мән беріп тұрған «*алма ағашына*» келсек:

Қызығып қарап едім, *қызыл алма*

Алаулап, «мені үзші» деп тұрды маған.

Көбінесе алма жастықтың, сұлулық пен денсаулықтың символы болып табылады. Бұрынғы заман суретешілері өз модельдерін алмамен бірге бейнелеген. Мұнда алманың түсіне назар аударсақ – бұл міндетті түрде пісіп жетілген, дәлірек айтсақ, «*қызыл*» алма ұзақ уақыттан бері денсаулық ұғымымен ассоциацияланады. Ал «*алма ағашы*» төзімділік және жемістерінің молдығымен ерекшеленетіні бәрімізге белгілі жайт, бұны ескерсек, ақынның дәл осы алма ағашын шығармасында бекерден бекер қолданбағандығын байқаймыз. Мұнда Әбділда ақын «*алма ағашына*» теңеліп, бұл символға сәйкес төзімділік және ішкі жан дүниесінде сезімінің тереңдігі, әрі мол екендігі айтылып, оқырман қауымына жырға арқау болған тұлғаның бейнесін (портретін) осылайша ассоциация түрінде береді.

Ақын осы өлеңінде алма ағашы (соның ішінде қызыл алма арқылы) Әбділда деген өзі секілді ақынның ең басты таланты – ақындық өнердің иесі физиологиялық тұрғыда қартайса да, жанының ұзақ уақыт таланты есебінен қартаймай («*шабыт желі*») арқасында жас қалпында сезінетіндігі, ақындық талантының иелері өмір бойы осылайша өмір кешетіні туралы суреттелген. Бұл өлеңде сонымен қатар *прецеденттік есімдер* де кездеседі:

Сағынған *Қозыдай боп жыр Баянын*,

Айтқандай махаббаттың тынбай әнін.

А.Х. Бекбосынова: «Прецеденттік есімдер – ақиқат өмірде болған жалпыұлттық когнитивтік базаның өзегінен орын алатын танымал тарихи тұлғалар. Тенеулердегі прецеденттік есімдерден әртүрлі қоғамдық дәуірлерде болған оқиғалардан хабар алуға болады. Көбіне мәдени-тарихи жағдайлар бір ғана атақты есіммен беріліп, ұлтқа қатысты бар сырды аңғартып, ерекше коннотациялық мәнге ие болған» [4,30 б] – дейді.

Сағынған Қозыдай боп жыр Баянын прецеденттік есімде махаббат сезімі жайлы емес, ақынның шабытының үнемі болмайтын, тұрақты емес сезім толқынысы мағынасында жұмсалып, ақын қазақ халқының ауыз әдебиетінің махаббат символына айналған атақты жыр кейіпкері Қозының Баянды қалай сағынса, ақын шабытты дәл солай сағынып күтеді деген мағынада жұмсалып тұр. Бұл прецеденттік есімді қолдану арқылы ақындардың шабытты сағынуы, лиро-эпостық жырдың бас кейіпкерлерінің бір-біріне деген сағыныш сезіміндей болатындығы бір сөз тіркесі арқылы жеткізіліп тұр.

5 Қорытынды

Қорытындылай келсек, Қанипа Бұғыбаева өлеңдеріндегі сөз қолданыстары соның ішінде талданған табиғат образы арқылы өзінің жан дүниесіндегі болып жатқан жай-күйді

(жапырақтың жел айдауымен ұшуы) және ақындық талант иелерінің ішкі дүниесіндегі болып жататын ішкі тебіреністі (бір ғана алма ағашы) арқылы жеткізуі, ақын шеберлігінің көрінісі, әрі өлеңді құруда өзіне ғана тән ерекшеліктерінің мол екенін аңғарамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. «Лениншіл жас» газеті, 1962 жыл
2. Қоңыров Т. «Қазақ теңеулері». – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1978. – 192 б.
3. Қанапина С.Ғ. «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі» (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде). – Қостанай: ТОО «Центрум», 2010 – 180 б.
4. Бекбосынова А.Х. «С.Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу». Монография. – Қостанай. ЖШС «Центрум», 2014. – 152 б.
5. Сыдықов Қ. Көркемдік өрнектер. – Алматы, 1992. – 178 б.
6. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.

Материал редакцияға түсті: 11.02.2022

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., НАБИ, Т.Б.

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ СТИХОВ КАНИПЫ БУГЫБАЕВОЙ «АДАСКАН ЖАПЫРАК», «АБДИЛДАНЫН АЛМА БАГЫНДА»

Произведения Канипы Бугыбаевой невольно заставляет нас произвести перед глазами солнечные дни весны и осени. Стихи поэтессы это прекрасные произведения которые показывает читателю подлинную искренность. Ее стихи напоминают нам радостные, счастливые этапы человеческой жизни.

Ключевые слова: сравнение, символ, употребление слов, стихотворение.

BEKBOSYNOVA A.H., NABI, T.B.

ARTISTIC FEATURES OF KANIPA BUGYBAYEVA'S POEMS «ADASKAN ZHAPYRAK», «ABDILDANYN ALMA BAGYNDA»

The works of Kanipa Buggybayeva involuntarily make us imagine sunny days of autumn and spring. The poems of the poetess are wonderful works that show the reader genuine sincerity. Her poems remind us of the joyful, happy stages of human life.

Key words: comparison, symbol, use of words, works, poem.

ӘОЖ 8.81

Қанапина, С.Ғ.

филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Байбусинова, Ж.Ж.

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті

Бейсенбай, Г.С.

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті

А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,
Қостанай, Қазақстан

ЖАЗУШЫ СПАНДИЯР КӨБЕЕВТІҢ «ҚАЛЫҢ МАЛ» РОМАНЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Түйін

Қазіргі балалар біздің халқымыздың мақал-мәтелдерін жақсы білмейді, олардың мағынасын түсінбейді. Бірақ оларда ғасырлық халық даналығы, тәжірибесі, қарапайым халықтың армандары жатыр. Мақал-

мәтелдер өз ойларын неғұрлым айқын білдіруге, адам өмірінің белгілі бір құбылысы туралы ақпаратты дәл жеткізуге көмектеседі. Мақал-мәтелдерді зерттеу сөйлеуді ғана емес, логиканы да дамытады, ойлауды ұйымдастырады, өмірлік құндылықтарды қалыптастырады.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, этнолингвистика, роман.

1 Кіріспе

Ата-бабаларымыздың осы уақытқа дейін небір асыл мұралар қалды десеңізші. Сөйлер сөзге, тілге адамзат сонау көне дәуірдің өзінде-ақ ерекше мән берген. Ғасырдан-ғасырға жетіп, бірден-бірге ұласып жатқан ел аузындағы небір ғажайып аңыз-әңгімелер, мақал-мітелдер, жазба деректер осының айғағы. Қай халықтың тарихына үңілсек те, өнер алды саналатын қызыл тілге, шешендік өнерге байланысты керемет асыл сөздерді табамыз. Сол асылдардың бірі – мақал мен мәтелдер.

Мақал – мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдегі әр түрлі құбылыстар туралы түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытылады.

«Сөздің көркі – мақал» деген аталы сөз бар. Мақалдың көмегімен айтайын дегенінді ұнамды да ұтымды жеткізуге болады. Мақал тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіріп, белгілі бір тұжырым жасайды. Мақал-мәтелде бәрі екшелген, сұрыпталған, ой-өрнек ажыраспас туыстық тапқан. Ол – бабамыздың қалдырған ақыл-өсиеті, мұраты, нақыл сөздері.

Ақын-жазушылар шығармаларының сөздері де мақалға айналып жатады. Мысалы, Абайдың жаман дос туралы «Күн жауғанда қойыңда, күн ашықта мойыңда», «Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанатты» сияқты сөздері бүгінде мақал болып кеткен.

Мақал-мәтелдер адамды жамандықтан сақтандырады, жақсылыққа тәрбиелейді. Ең алдымен, қайырымдылыққа, ұйымшылдыққа шақырады, еңбекке, ерлікке баулиды. Адалдықты, жақсылықты, адамгершілікті дәріптеп, насихаттай отырып, оған қарама-қарсы негіздегі арамдық, қараулық, өтірік-өсек, жалқаулық, екіжүзділік секілді теріс өрескел мінез-қылықтарды сынайды. Жамандықтан өзімізді безіндіреді. Оған: «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» мақалы дәлел бола алады. «Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы жер – жанның ырысы» деп, еліміздің ырысы асын десек, жақсы адам болуды дәріптеуіміз керек.

Ғалым С.Ғ. Қанапина «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде)» атты монографиясында: «Тілдегі мақал-мәтелдер – мәдениетті тану кілті, рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасуына қатысатын үлкен күш, мәдени ескерткіші, ұлт өмірінің айнасы. Тіл, сонын ішінде мақал-мәтелдер, қазіргі, келер ұрпақты үлкен бір тарихи арнаға, бүтіндікке байланыстырады.

Қазақтың белгілі паремиолог-ғалымы Ә.Қайдар мақал-мәтел туралы былай дейді: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді». Сондықтан академик Ә.Қайдар оларды шартты түрде «Адам», «Қоғам», және «Табиғат» деп атауды ұсынады. Бұлай үш салаға бөліп қараудың ұстанған принципі-барлық құбылысты түгел қамту дегендік деп түсінеміз.

Мақал-мәтелдің табиғатына тән ерекшеліктердің қатарына, ең алдымен, олардың жанр түрінде іштей жіктелуін, өмір-тіршілігіміздің сан-саласын қамтитын көп тақырыптылығын жатқызуға болады. Сондай-ақ, мақал-мәтелдер өзінің өте көнелігімен де, ғасырлар асып, бізге жеткен өзіндік дәстүрімен де ерекшеленетін, ой мен тілдің өзара түйісуі негізінде дүниеге келіп, жанр ретінде қалыптасқан құбылыс ретінде де назар аударады. Осы ерекшеліктеріне байланысты мақал-мәтелдер ауыз әдебиетінің әрі көркем сөз өрнегі, үлгісі, көркем мәтіннің тілі ретінде лингвистиканың зерттеу объектісі бола алады. Сонымен қатар,

мақал-мәтелдер этнолингвистиканың да ең бір құнарлы объектісі болып саналады. Өйткені, мақал-мәтел табиғаты халқымыздың барша болмысымен қат-қабат астарласып жатыр, мақал-мәтел жасаудың принциптері мен мотивтік негіздері ұлттық менталитетке, ежелден қалыптасқан салт-дәстүрге, дүниетанымға, болмыстағы заттар мен құбылыстарды абстракция, салыстыру, ұқсату, теңеу, қарама-қарсы қою т.б. тәсілдер арқылы танып-білуге ыңғайлы объект болып саналады[1,4].

Махметова Ақмарал Саркенқызы «М. Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдер: дәстүр мен жаңашылдық» авторефератында мақал-мәтел туралы сөз қозғаған. Екінші тараудың бесінші тармағы «Мағжан поэзиясындағы мақал-мәтелдердің көрініс табуы» деп аталады. Мақалдар мен мәтелдер және қанатты сөздер фразеологизмдердің қатарына жатқызылғанда, олардың сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай, даяр қалпында жұмсалатыны, құрамының тұрақтылығы ескеріледі.

Мақал-мәтелдер өзгеріске түсуі стильдік қолданыста сөз зергерлерінің сөз саптау шеберлігіне байланысты әртүрлі өзгерістерге түсіп отырады. Бірақ бұл негіз дәнекер болып тұрған бейнеге еш әсерін тигізбейді. «Мақал-мәтелдердің осылайша әртүрлі өзгерістерге ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін **инварианттар** дейміз. Инварианттық өзгерістер көркемдік өрнегін, образы мен бейнелеушілік әсерін, эмоционалды-экспрессивті қуатын бойында сақтай отыра, пайдаланатын талантына байланысты», -деп саралайды академик Ә. Қайдар.

Мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің шығарма тіліне қаншалықты ажар беріп, көріктендіретінін М.Жұмабаев поэзиясынан көруге болады.

«**Адам басы-алла добы**» – деген рас,

Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас [2,122].

«**Халық айтса, қалт айтпайды**»-деген ғой,

Ие бопты байтақ терең ақылға [2,217].

«**Бес байтал- әйел құны**» – деген бір сөз,

Қармаққа талай жасты іліп жатыр.[2,6]

Мағжан Жұмабаев мақал-мәтелдерді сол қалпында немесе сол мағынаны қуалап өзіндік сөз тізбектерін тізеді немесе жалпы халықтық қолданыстағы мақал-мәтелдерді әрі қарай жандандырып дамытады.

«**Ауыл болсаң-қоғам бол**» – деген сөзбен,

Бұлтармай ертеңді-кеш жүріп барсақ,

Сол шақта көр түкіріп көл де болар

Мектеп пен медреселер көп салынып,

Ағайын тату-тәтті ел де болар [2,19]

Бұл өлең жолдарына «**Ауыл болсаң-қоғам бол**» деген мақал-мәтел деген және сөзбен сөздермен түйінделген. Сонымен қатар, «Көп түкірсе, көл болар» деген халық мәтелі әрі қарай өз жалғасын тауып, көркем түрде бейнеленген (Махметова Ақмарал Саркенқызы «М.Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдер: дәстүр мен жаңашылдық» авторефераты Қ.Р. Астана, 2006ж).

Зерттеуші Қарсыбекова Шолпан Пернекұлқызы«Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері» атты авторефератында: «ММ-дер – ресми тарих пен өткен уақыт бойында сақтап келе жатқан рухани шежіре. Ел жадына сақталған кейбір ММ-дерден есте жоқ ескі замандардың сарынын аңғарып, тарихи дәуірлердің дүбірлерін сезінуге болады.

ММ-дердің мағыналық тіркестерге қарай жіктелуі. Қазақ ММ-дерінің тұла бойы тұнып тұрған тарих, халықтың басып өткен ұзақ өмірінің анасы.

Тіл элементтері қарапайым қалпынан күрделенуге қарай, аз саннан көп санға қарай бағытталады, дыбыстан сөз, сөзден- тіркес, тіркестен-сөйлем туады. Қазақ және түркі тілдерінің барлығында фразеологиялық тіркестер күрделі синтаксистік бірлік – ММ-дердің құрамдық элементі болып қызмет атқарады. Мысалы, қазақ тілінде «Біреуге көр қазба!»

деген сөз алғаш фразеологизм ретінде қалыптасқан. Енді осы тағылым – ескертпенің логикалық жалғасы ретінде «Біреуге көр қазба, өзің түсерсің» деген «көр қазбаудың» себебін айқындайтын мақал пайда болып отыр.

Әрбір ММ-дің бойына этнос болмысына тән, оның рухани, заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. ерекшелітеріне бай ақпарат жиналғанын көреміз. Мысалы, «Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал «Отбасында қандай тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге көрген бала өсіп, ер жеткенде де соны істейді» деген ауыс мағынада қолданылып тұр [3, 136].

Қазақ ММ-дерін халық арасынан толық болмаса да жинап, әр түрлі басылымдарда жариялау XIX ғасырда көріне бастады. 1879 ж алғаш қазақ ММ-дерін жарияланған (Хрестоматия, Орынбор) және 1906ж. толықтырып, ең тыңдаулыларын қайта жариялаған қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин болатын.

Одан соң, 1890 ж. өзіне дейінгі жарияланған 1500 ММ-ді жинақтап, «Сборник киргизских пословиц» (Оренбург) деген атпен жариялаған қазақ тілін алғаш зерттеуші түркологтардың бірі В.В Катаринский болды.

ММ-дің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға ат салысқан әдебиетші ғалымдардың қатарында М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ғ. Мүсірепов, С.Мұқанов, М.Базарбаев, М.Әлімбаев, Б.Ақмұқанова т.б атауға болады.

ММ-дердің тұрақты тіркес ретінде атқаратын куммулятивтік қызметі, мағыналық даму заңдылығы, қолданыс ерекшеліктері жатады. Осы орайда, қазақ ММ-дерін зерттеген тілші ғалымдар- Р.Сәрсенбаев, Ғ.Тұрабаева, Ә.Қайдар т.б.

Ғалым **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы** өзінің **«Қазақ тілінің стилистикасы»** атты оқу құралында: «Ұлттық болмысымызды танытаты бай мұралардың бірі-мақал-мәтелдер. Олай дейтініміз мақал-мәтелдерден халықтың таным әлемі, ұлттық және әлеуметтік болмысы көрінеді. «Мақал-мәтелдер халық өмірін, философиялық түсінігін, тіршілік тынысын, ерлік рухын, әдет-ғұрпын кеңінен қамтиды. Оларға тұтас құрылым ретінде қарайтын болсақ, халық өмірінің бүтін бейнесін көз алдымызға келтіргендей боламыз» [4,15].

Авторлық баяндауда келген мақал-мәтелдер әсерлілің, ықшамдылық, айқындылық үшін қолданылады:

Сол менсінбеген қалпы, **«Ауылдың аузы сасық»** дегендейін, Алтайдан асып арғы беттегі кедейден жар таңдайды(О.Б.268).

«Есектің еті арам, күші адал» дейді екен қазақтар(О.Б.11)

Мақал-мәтелдердің тұлғасына дәстүрлі тұрақтылық тән болғанымен, белгілі бір контексте қаламгердің сөз саптау шеберлігіне байланысты түрлі өзгерістерге түсіп отырады. О.Бөкей тіліндегі мақал-мәтелдердің авторлық өңдеумен қолданылған тұстары:

Алашқа барып сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол дегеніңіз- ау, бұл, ақсақал (О.Б. 435).

Жүрек қыз-қыз қайнайды, күресуге дәрмен жоқ.

О. Бөкей халық тіліндегі өзге елде **ұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол, Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ** деген мақалдарды негізгі мазмұнын сақтай отырып өзінше қолданған [Есіркепова К.Қ «Қоркем мәтін стилистикасы» 179-бет, 156.].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Мақал-мәтелдің шығу тегі, түрлері жайлы зерттеген ғалымдар еңбектері қаралды. Қажетті материалдар жинақталып, мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. С. Көбеевтің «Қалың мал» шығармасында қолданылған мақал-мәтелдер этнолингвистикалық сипаты жағынан талданды.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

С. Көбеевтің «Қалың мал» романында кездесетін мақал-мәтелдер:

Бұрынғы еткен аталарымыздың айтқаны бар емес пе: **«Қатын өлді — қамшының сабы сынды», «Байдың қатыны өлсе төсегі жаңғырар, жарлының қатыны өлсе, басы қаңғырар»** деп, басы қаңғырады дейтін жарлы емессің, жастың алпысқа келгеніне қарамай-ақ мал берсең, біреу өзі-ақ қызын әкеп тастар. (Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адамқандар: - Алматы: «Жазушы» 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы, 72 б)

1. «Қатын өлді – қамшының сабы сынды»

Қарашаш сұлу Жиренше үйде жоқта ауырып қаза болыпты. Өз Жәнібек хан «Жиреншеге біз естірте алмаспыз, өзіне-өзі естіртсін, ешқайсың сездіріп қоймандар», – деп уәзірлерімен сөз байлап қояды. Бір күні Жиренше шешен елге қайта оралып ханның үйіне түсіп сәлемдесіп отырады. Хан Жиреншеге:

- Ау, шешенім, әкесі өлген қалай болады? – депті. Жиренше шешен отырып:
- Әкесі өлсе асқар тауы құлағанмен бірдей болады, – депті.
- Шешесі өлген қалай болады?
- Ағар бұлағы суалғанмен бірдей болады.
- Ағасы өлген қалай болады?
- Оң қанаты қайрылғанмен бірдей болады.
- Інісі өлген қалай болады?
- Сол қанаты қайрылғанмен бірдей болады.
- Апа-қарындасы өлген қалай болады?
- Ұзын өрісі қысқарғанмен бірдей болады.
- Қатыны өлген қалай болады?

– Ah!.. Менің Қарашашым өлген екен ғой? – депті Жиренше. Ол күйініп қамшысын таянғанда, қамшының сабы ортасынан шарт сынып кетіпті. **«Қатын өлді, қамшының сабы сынды»** деген сөз содан қалған екен.

Ағылшын тілінде математиканы оқытудың ерекшеліктері тіл білімінің коммуникативтік мәселелерін шешуде [2]. Берзин (2013) өз еңбегінде математиканы ағылшын тілінде оқыту тәжірибесінің, оқытудың жоғары сатыларында да білім алушылар жаттығуларды орындау кезінде де, әңгімелесу тәжірибесінде мазмұндық конструкцияларды қолдану кезінде де айтарлықтай қателіктер жіберетіндігін көрсеткенін айтады [2]. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы конструкцияларды дұрыс қолданбау баяндау логикасының бұзылуына, соның салдарынан қарым-қатынас міндеттерінің орындалмауына әкеледі [7]. Берзин бұл мәселенің шешу үшін математиканы ғылым ретінде, оқу құралы ретінде ағылшын тілінде оқыту кезінде білім алушыларға математикалық контекстті ана тіліндегі математикадан бұрыннан алған білімдері, соның ішінде білімнің жеке призмасы арқылы қабылдауы керек екенін түсіндіру маңыздылығын көрсете отыра, мұғалімге сөздің немесе белгілі бір терминнің барлық мағыналарын мүмкіндігінше дәл жеткізу керек екендігін айтады [2]. Әрбір сабақтың басында немесе ерекше күрделі материал алдында элемент-терминдерге, өте нақты өрнектерге көп көңіл бөлу маңызды болып көрінеді. Терминологиялық математикалық аспект ағылшын тіліндегі математика сабақтарының құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені ұғымдар мен терминдердің мағынасын, ережелер мен формулаларды меңгеру кезеңін оқыту қажеттілігі артып келеді, т.б. құбылыстың мәні.

Ағылшын тіліндегі батыс математикасының «біздің» математикадан айтарлықтай айырмашылығы бар. Арнайы бағдарламалардың егжей-тегжейіне тоқталмай, біз бір жалпы және ең маңызды мүмкіндікті атап өтеміз. Бұл ерекшелік менталитеттердің түбегейлі айырмашылығымен байланысты және ағылшын тіліндегі математиканың практикалық қолданбаларға көбірек бағытталғандығынан көрінеді [2]. Батыстың математикалық білімінің негізгі мақсаты – «know how», ал орыс тілі «know why» деп бекер айтпаса керек. Соның салдарынан күрделі сандармен күрделі өрнектерді түрлендіруге, матрицаларды инверсиялауға және сызықтық теңдеулер жүйесін шешуге қабілетті көптеген білім алушыларымыз қарапайым комбинаторлық, статистикалық немесе қаржылық есептерде дәрменсіз болып қалады, графикалық ақпаратта шатасады және нақты өмірлік жағдай тұрғысынан сипатталған мәселені шешуде қиналады. Бірақ, мұның бәрі Батыс мектептерінде төртінші сыныптан бастап оқытылады [2].

Орыс мұғалімдерінің тәжірибесін қарастырайық [7]. Яковлев және Малкова, атап айтқанда, SAT, ACT, GMAT және GRE сынақтарына дайындық бағдарламалары, сондай-ақ A-level емтихандарына дайындық бойынша жұмыс жасайды. Сабақтар жекелей де, шағын топтарда да өткізіледі. Олар бұл жұмыста репетиторлық қызметтің негізгі принциптерін қолдануды ұсынады: әрбір студентке көңіл бөлу, жеке ерекшеліктерін ескере отырып, нәтижеге бағытталу.

Ағылшын тілінде оқытудың да белгілі бір кемшіліктері бар екенін ескеру керек. Атап айтқанда, білім алушылардың өзге тілдегі материалды қабылдауы қиынырақ. Ағылшын тілінде материалды өту жылдамдығы қазақ тілді немесе орыс тілді материалдарға қарағанда біршама төмен болуы мүмкін. Мысалы, мұғалім кейбір терминдер мен ұғымдарды қазақ немесе орыс тіліне көшіруге мәжбүр болады, бұл білім алушылар тарапынан біраз уақыт пен күш жұмсайды.

3 Нәтижелер мен талқылау

Білім алушылардың бақылау жұмыстарын сәтті жазуы және емтихандарды тапсыруы олардың негізгі тілдік дайындығына көп байланысты емес, көбінесе студенттің талпынысы мен орта мектепте алған жақсы математикалық дағдыларына байланысты екені анықталды. Алгебра бойынша дәрістер мен практикалық сабақтар ағылшын тілінде күрделі грамматикалық құрылымдарды пайдалануды қажет етпейді. Бірақ, екінші жағынан, тілді «жеңілдетуге» болмайды, ол жеткілікті бай және жанды болуы керек. Студенттер ағылшын тілін жеткілікті меңгермейтін немесе түсінуге қиын акцентпен сөйлейтін мұғалімдерге шағымданады [2].

Ағылшын тіліндегі математикалық сабақтары өте динамикалық болуы керек, сіз аудиторияның тұрақты қызығушылығын сақтауға тырысуыңыз керек және бұл ана тіліндегі ұқсас сабақтарға қарағанда әлдеқайда қиын. Ағылшын тілі тыңдаушылар үшін ана тілі болмағандықтан, олардың назарын ұсынылатын материалға аудару қиынырақ. Осыған байланысты аудиторияда тыныштық пен тәртіпті сақтау ерекше маңызды болады. Екінші жағынан, жақсы дамыған батыс оқулығын [8] пайдалану даусыз артықшылықтар береді.

Мұғалімдер Завалишина және Полющенко [4] ағылшын тілінде математиканы тиімді оқытудың құрамдас бөліктерінің бірі өмірмен, басқа пәндермен байланыстыру екенін жазады. Пәнаралық мазмұны немесе қолданбалы сипаты бар тапсырмалар әрбір тақырыпты жақсырақ ашуға көмектеседі. Математика сабағын ізгілендіру тұлғаның үйлесімді дамуына көмектеседі. Сол оқулықта [4] математикалық ұғымдардың шығу тегіне, демек математикаға және басқа пәндерге деген қызығушылықты арттыру, олардың өмірмен, басқа пәндермен байланысын көрсету мақсатында «Ағылшын тіліндегі математика, математикадағы ағылшын тілі» атты қызықты кесте берілген.

Оқытудың жаңа технологиялары еріксіз есте сақтауға ықпал етеді, пәнге ғана емес, сонымен қатар таным процесінің өзіне деген қызығушылықты дамытады, олардың білім сапасы мен оны шығарып алу қабілетін арттырады. Математика мен ағылшын тілінің байланысы анық. Математикалық терминдер нақты және мәнерлі, айтылғанның мағынасын барынша жақын жеткізеді. Ағылшын тілінде математиканы оқыту мақсаттарының бірі – математикалық ұғымдардың шығу тегіне, ал математика және басқа пәндерге деген қызығушылықты арттыру, олардың өмірмен, басқа пәндермен байланысын көрсету [5].

4 Қорытынды

Бұл ізденістен алынған қорытынды практикалық сабақтарда барлық негізгі математикалық терминдерді қазақ немесе орыс тіліне аудару керек. Осылайша, білім алушылар математикалық терминологияны ағылшын тілінде ғана емес, орыс және қазақ тілдерінде де меңгереді. Әр сабақтың басында тақтаға ағылшын тілінде тақырып жазылып, бірден ауызша аудармасы беріледі. Осыған байланысты оқушылар сабақта қандай материалды игеру керек екенін бірден түсінеді. Жақсырақ түсіну үшін сабақ барысында тақтаға көбірек жазу керек, ал «орыс тілді» немесе «қазақ тілді» топтарда көптеген фразалар дауыстап айтуға жеткілікті.

Есептерді шешу үшін тақтаға шақырылған білім алушылар ағылшын тілін меңгеруі және басқа тілге ауыспауы керек. Мұғалім, қажет болған жағдайда, оқушыны түзетеді, ал сөз тіркесін аудиторияға жеткілікті дауыспен қайталайды. Практикалық бағытта қолданылатын есептер өмірмен байланысты болса, білім алушының есеп шығаруға деген қызығушылығы арта түседі және сол арқылы ағылшын тіліндегі есептерді шығаруға көбірек жаттығатын болады. Бұндай есептер білім алушының есінде көбірек уақыт сақталады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бекмухамедова, Д. А. Математикалық курстарды ағылшын тілінде оқытудың ерекшеліктері.
2. Берзин, Д. В. (2013). Преподавание математики на английском языке для студентов-финансистов. *Международный научно-исследовательский журнал*, (4-3 (11)).
3. Еркін А. Үштұғырлы тіл атты мәдени жобасы / А.Еркін // Алматы: Қазақстан. 2012. – 20 мамыр. – 27 б.
4. Завалишина, Т. И., & Полющенко, В. С. (2009). Определение, происхождение математических терминов, правописание и произношение их на английском языке.
5. Сукова, Н. И. (2009). Интегрированный урок математика (геометрия)+ английский язык по теме: "Площадь фигур. Решение задач в 8-м классе". *Преподавание математики*, 5-8.
6. Тумэдхан, М. (2017). «Ағылшын Тілі – Бүкіл Әлемдік Тіл». <http://oqu-zaman.kz/?p=21384>
7. Яковлев, И. В., & Малкова, А. Г. (2010). Преподавание математики на английском языке. М.: *Репетиторство*.
8. Anton H., Rorres C. Elementary linear algebra: Applications version, 9th edition. – John Wiley & Sons, 2005.
9. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>.

Материал редакцияға түсті: 09.03.2022

**PATULLAYEVA KH.N., AKTAYEV M.B., AIDOSOVA A.E.,
FEATURES OF TEACHING MATHEMATICS IN ENGLISH: TEACHING MATHEMATICS IN
RELATION TO REAL LIFE**

This article describes the features of teaching mathematics in English. In addition, the proposed solutions to the difficulties encountered in teaching mathematics in English will be discussed, as well as an effective way of teaching.

Key words: *mathematics in English, teaching mathematics.*

**ПАТУЛЛАЕВА Х.Н., АКТАЕВ М.Б., АЙДОСОВА А.Е.,
ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ:
ПРЕПОДАВАНИЕ МАТЕМАТИКИ В ОТНОШЕНИИ К РЕАЛЬНОЙ ЖИЗНИ**

В данной статье описаны особенности преподавания математики на английском языке. Кроме того, будут обсуждаться предлагаемые решения трудностей, возникающих при обучении математике на английском языке, а также эффективный способ обучения.

Ключевые слова: математика на английском языке, преподавание математики.

ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ НАУЧНЫЕ РАБОТЫ МОЛОДЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

UDC – 510

Batyrov, Zh.,
*«7M01501 - Mathematics» master student,
Department of Natural Sciences and
Mathematics Education,
Suleyma Demirel University,
Qaskelen, Almaty, Kazakhstan*

THEORETICAL ASPECTS OF THE FORMATION OF FUNCTIONAL LITERACY OF SCHOOLCHILDREN

Abstract

The article considers the issues of the formation of functional literacy of schoolchildren and ways of increasing students' functional literacy that is seen as an indicator of mastering the competencies required in education. This article also discusses the current level of functional literacy of students and the causes and consequences of this issue. Also, this article analyzes domestic and foreign experience and conceptual ideas in the formation of functional literacy of students, which determines the practical and theoretical aspects of the study, and provides methodological recommendations. This article also discusses the results of international research conducted in the framework of TIMMS and the Student Assessment Program PISA in mathematics and science and identifies the factors that shape the functional literacy of students. In addition, a questionnaire was used to determine the role of mathematics teachers in the formation of functional literacy. When analyzing the answers to the questionnaire, several advantages and disadvantages were identified.

Key words: *functional literacy, skills, theoretical aspects, conceptual ideas, methodological ideas.*

1 Introduction

Nowadays, as the level of development of society is growing from year to year, high demands are placed on human life, level of development, and general culture. The processes and phenomena that take place in real life create the need for broad thinking and analysis, the ability to think deeply. That is why functional literacy plays a very important role, both in everyday life and in school. Functional literacy means that students must be able to relate everyday phenomena and processes to the knowledge they receive at school, and at the same time be able to combine knowledge with life.

At the end of the 1960s, the concept of «functional literacy» first appeared in UNESCO documents and later came into use. Functional literacy, in the broadest sense, reflects the way a person is socially oriented, integrated between the connection of knowledge and multifaceted human activity. In the modern world, functional literacy is one of the basic factors that contribute to people's active participation in social, cultural, political and economic activities, as well as lifelong learning [1].

Comparing the research of different authors, we can see that the most commonly used concepts are: «functional literacy», «functionally literate individual». Functional literacy considers the level of students' cognitive abilities and indicators of students' productive work as the level of knowledge; this level is based on applied knowledge in solving tasks in different spheres of life. A functionally literate person acts by the values of society, by the established interests of the social situation.

The concept of «functional literacy» defines new achievements of students in the field of education under the international research program; be able to apply the knowledge acquired at school in real-life situations, to work with data from different sources, to critically evaluate the information obtained, to justify their hypotheses and research from their point of view. That is why functional literacy has a special place for schoolchildren. We need to be able to form functional literacy in students, taking into account the cognitive knowledge of students.

Throughout a diversity of situations, the aim of functional literacy remains basically the same: to mobilize, train and educate still insufficiently utilized manpower, to make it more productive and more useful to itself and to society. On the plane of development, most of the Third World countries have set themselves two main objectives: industrialization and modernization of agriculture. Industrialization requires capital, raw materials, and power; it also presupposes a high level of technology, supplies of skilled labor, and genuine know-how. These demands would be out of the question without qualified and specialist personnel at all levels. It is obvious that the industrialization of a country necessitates the production not only of technical personnel but also of a diversity of 'labor corps with the required skills and know-how. Now, a country that is just embarking on the industrialization process does not at first possess workers trained for industrial production. Very often, firms are obliged to take on untrained workers newly arrived from the country districts. These workers have to adapt to factory conditions and to the ideas of output and productivity. Accustomed in their villages to work to the rhythm of natural phenomena-sun, rain, the moon's phases, the seasons-they suddenly have to adapt to the rhythm of the machine, to the exigencies of precision, exactness, punctuality, and discipline, which industrial production implies. The difficulties presented by this adaptation are at the root of a great many failings which slow up production or make it costly and non-competitive. A few examples of this are frequent botches in tooling and waste of raw materials, numerous breakdowns of machines, unsatisfactory maintenance of equipment, deterioration of tools, accidents at work, large-scale absenteeism, etc.

2 Methods and materials

Our country has huge possibilities for improving the functional literacy of students. Functional literacy is education and human skills, the indicator of personal development. The main goal of youth is to contribute to the becoming of our country among 30 development countries in the world. At the same time, large-scale student assessment of the quality of education is needed to analyze on basis of international comparative studies' results [2].

What benefits the country's participation in international studies gives?

- Improvement of education monitoring and assessment;
- Integration of Kazakhstan education system into the world education;
- Modernizing of the educational curriculum, the creation of Kazakhstan control system of the quality of education;
- Creation of opportunities for national personnel development.

Analyzing different factors in the international studies demonstrates particular features of participating countries. Questionnaires provide a comprehensive assessment not only for the educational process but also for necessary conditions of the student's development in his family.

The influence of background information on education is used in several international projects, including an independent objective assessment of experts in TIMSS and PISA.

At the same time, the result of the development of functional literacy is the mastery of a system of basic competencies that allow students to effectively use the knowledge acquired by young people in practical situations and the process of social adaptation. Key competencies are the state's requirements for the quality of a high school graduate and the educational outcomes specified in the curriculum. Moreover, upon graduation from high school, students must have the following competencies: Management (problem-solving skills); Information (ability to self-cognitive activity or lifelong learning); Communication (ability to communicate orally, in writing, and effectively); Social (ability to interact socially); Personality (self-realization, self-improvement, life, and professional self-determination, ability to be resilient); Citizenship (the ability to feel responsible

for their homeland based on consciousness and cultural identity); Technological (ability to use technology at the level of effective use, including scientific, digital technologies). In addition to the main competencies, there are subject competencies within certain subject areas: special knowledge, business acumen, skills acquired within the subject. Basic and subject competencies must be clear, measurable, accessible, realistic and timely as a result of education. Curricula also focus on the development of functional literacy of schoolchildren and the achievement of basic, subject competencies.

As noted above, the growing interest in the term functional literacy is matched by the results of TIMSS (Third International Mathematical and Science Study) and the student assessment program PISA. An analysis of PISA results in Kazakhstan in 2019 showed that the study was not aimed at determining the level of mastery of the curriculum, but at assessing the ability of students to apply the acquired knowledge and skills in everyday situations. The analysis of the situation in the education system for the formation of functional literacy in Kazakhstan showed the following.

In the ranking of the Global Competitiveness Index according to the WEF, in 2019 Kazakhstan took 59th place among 140 countries. Out of 12 factors of competitiveness, an improvement occurred in 28 indicators, deterioration in 76 indicators, and 10 indicators showed no changes. The worst impact on the downgrade was the deterioration of the macroeconomic situation in the world in 2016.

3 Results and discussion

The authors studied school and university environments where school students and their would-be teachers are trained. This made it possible to identify a set of conditions necessary for the development of functional literacy of students, to find similarities and differences in the work of university and school students and teachers.

Having analyzed the questionnaire data, the authors identified the inconsistency in the views of teachers at pedagogical universities regarding the nature and ways of forming functional literacy of students and schoolchildren.

Most respondents note poor conditions for the formation of functional literacy all levels of general education, which refers to university and schoolteachers, high school students, and university students. The results showed that university and schoolteachers understand that student teaching and community-based internships will be the most effective regarding the formation of functional literacy of schoolchildren and university students. Unfortunately, the teacher did not consider it important to develop student's personality, although it is what ensures successful socialization in modern society.

The findings of the questionnaire conducted among eleventh graders and third-year students confirmed the idea that functional literacy is formed only when the individual is engaged in an activity that has personal significance to them and that can be either purposeful or spontaneous, but always driven by personal motives. This is confirmed by low assessment of teaching methods (1 point each) and educational environment (especially by university students).

At the same time, school and university students assessed the educational content differently. The school students considered it more significant and relevant regarding the development of functional literacy, while it was less important for university students. It can be assumed that in this case, university students realize the need for practical-oriented, competency-based educational texts, the number of which is currently insufficient. The eleventh-graders do not realize this yet.

At the same time, the research finding points to the need for changes in general education and teacher training at universities. It is obvious that modern approaches and the corresponding interactive methods that are insufficiently used in modern education, both at school and in university teacher training course, have an important role in the development of functional literacy. Subject knowledge should be flexible, deep and well mastered, as this is prerequisite for the formation of the functional literacy of learners as the integral characteristic of personality, their ability to take a public stance in a certain activity and science. At present, functional literacy is the first step for successful self-realization in society.

Specific features of functional literacy:

- focus on solving social and everyday problem;
- situational characteristics of the personality which reveal themselves in certain social circumstances;
- a link to solving standard, typical tasks;
- mastery of certain elementary (basic) level of reading and writing skills;
- is primarily used to assess adults;
- is relevant mainly in the context of finding efficient ways to increase literacy.

Within the system of training and career development of school and university teacher, the following conditions should be created:

- an integrated approach to teachers training aimed at preparing them to develop functional literacy of students;
- mastery of subject content, modern teaching methods and techniques;
- teaching methods and techniques are applied in accordance with the goal;
- conducting student's research projects;
- taking into account individual needs, interests and aptitudes of students;
- organizing the work of the teams of teachers under the supervision of their organizing, professional associations and unions;
- facilitating the use of digital resources in education and information systems to assess the development of each student;
- design, planning and management of the educational environment in cooperation with other teachers and partner;
- after action review and making necessary adjustments.

Thus, functional literacy is a meta-subjective, integral phenomenon that is formed in the course of studying school subjects with focus on personal features and that is manifested in various forms.

4 Conclusion

Summarizing the above, we add that a systematic approach is needed to develop the most important skills, the task of which should be an integral component of the curriculum. As aspects of educational activities that most affect the quality of education, the following are distinguished by the quality of personnel, which implies a high qualification of teaching and managerial personnel; the quality of educational programs, combining the level of teaching and innovative technologies, their compliance with government orders and public demand [3].

According to domestic's researchers, the current trends in the education of the republic and challenges facing its various levels necessitate a rethinking of their role, function, and place in the general education system, the development of new approaches in their future development [4]. We consider it necessary to determine the state and prospects of the updated content of education and training of the competitive younger generation: Thus, the goal of modernizing the quality of education, its transition to new content is the development of the functional literacy of schoolchildren. This approach to the definition of core competencies is consistent with the understanding of the fundamental goal of education outlined in UNESCO documents.

References:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.
2. Formation of functional literacy of 12-year school students in English. Methodological instructions. – Astana: National academy of education named after Y. Altynsarin NAE, 2013. – 38 p.
3. OECD (2019), Program for International Assessment (PISA) Results from PISA 2018 https://www.oecd.org/pisa/publications/PISA2018_CN_KAZ.pdf
4. Bellahsene, C. Practical guide to functional literacy: a method of training for development. Paris: UNESCO (United Nations Educational, Scientific and Cultural Education), 1973, – 170p

Material received by the editorial office: 03.03.2022

**БАТЫРОВ, Ж.
МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Бұл мақалада мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және білім беруде талап етілетін дағдыларды игерудің көрсеткіші болып табылатын оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары қарастырылған. Бұл мақалада оқушылардың функционалдық сауаттылығының қазіргі деңгейі мен бұл мәселенің себептері мен салдарлары туралы айтылады. Сонымен қатар бұл мақалада зерттеудің практикалық және теориялық аспектілерін анықтайтын оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы отандық және шетелдік тәжірибе мен тұжырымды ойлар талданып, әдістемелік ұсыныстар берілген. Сондай-ақ, осы мақалада математика және жаратылыстану бойынша білім нәтижелері TIMMS және оқушыларды бағалау бағдарламасы PISA шеңберінде жүргізілген халықаралық зерттеулердің қорытындылары талқыланып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын факторларды анықтадық. Сонымен қатар, математика мұғалімдерінің функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы ролін анықтау үшін сауалнама құралы қолданылды. Сауалнамадағы жауаптарды талдау кезінде бірнеше артықшылықтар мен кемшіліктерге көз жеткізілді.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, дағды, теориялық аспектілер, тұжырымды ойлар, әдістемелік ұсыныс.

**БАТЫРОВ, Ж.
ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ
ШКОЛЬНИКОВ**

В статье рассматриваются вопросы формирования функциональной грамотности школьников и пути повышения функциональной грамотности школьников, что рассматривается как показатель усвоения необходимых в образовании компетенции. В этой статье также обсуждается текущий уровень функциональной грамотности студентов, а также причины этой проблемы. В также в данной статье анализируется отечественный и зарубежный опыт и концептуальные идеи в формировании функциональной грамотности студентов, что определяет практические и теоретические аспекты изучения, а также дает методические рекомендации. В этой статье также обсуждаются результаты международного исследования, проведенного в рамках TIMMS и Программы оценки учащихся PISA по математике и естественным наукам, и определяются факторы, формирующие функциональную грамотность учащихся. Кроме того, была использована анкета для определения роли учителей математики в формировании функциональной грамотности. При анализе ответов на анкету было выявлено несколько преимуществ и недостатков.

Ключевые слова: функциональная грамотность, навыки, теоретические аспекты, концептуальные идеи, методические рекомендации.

ӘОЖ 514.113.6

Жакилова, С.О.
«7M015001 – Математика» оқу
бағдарламасының 2 курс магистранты,
Сүлейман Демирел атындағы университет,
Қаскелең, Қазақстан

**МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН СТЕРЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУГЕ
ҮЙРЕТУДІҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Түйін

Мақалада геометриялық денелерге қатысты стереометриялық есептерді шығарудың кейбір әдістемелік аспектілері қарастырылған. Көпжақтар мен айналу денелеріне арналған стереометриялық есептер геометрия пәнінен жоғары сынып бағдарламасының соңғы бөлімінде

үйретіледі. Жаратылыстану-математика бағытындағы және профильдік сыныптарында оқытын оқушылар үшін аса маңызды тақырыптардың бірі болып саналады. Мақала 10-11 сынып білім алушыларының деңгейінде геометрия пәнін оқытуға арналған бірнеше ерекшеліктердің әдістемелік негіздерінің таныстырылымы болып табылады. Берілген мақалада ҰБТ-да стереометриялық есептердің шықпауына әкеліп соғатын (теориялық білімнің әлсіздігі, мектеп оқулығында бір типті есептердің жиілігі) және қиындық туғызатын (кеңістікте елестету қабілетінің әлсіздігі) мәселелер қарастырылды. Білім алушылардан ҰБТ уақытында қандай есептерге көңіл бөледі, стереометрия бөліміне арналған және басқа есептерді шығару бойынша сауалнама алынды. Сауалнамадағы жауаптарды талдау кезінде ҰБТ уақытында стереометрия есептерін шығаруда уақыт аз бөлінетіндігі немесе мүлде бөлмейтіндігі анықталды. Стереометриялық есептерді шығаруды үйретуде, кеңістікте елестету қабілетін жетілдіруге және өзіндік білімін шыңдауға және есеп шығару дағдысын дамытуға сабақ үстінде көрнекі құралдардың, мультимедиялық технологиялардың қолдануы және есеп шығаруда әр түрлі әдістердің қарастырылуы есептің оңай әрі тиімді жолмен шығуына жалпы оң қабылдауын көрсетті.

Кілт сөздер: планиметрия, стереометрия, көпжақтар, айналу денелері, диагональдік қима, аудан, көлем.

1 Кіріспе

Кез-келген есепті шығару нәтижесі ББД (білім, білік, дағды)-ға тәуелді, яғни білім алушының есепке қатысты формулаларды, теориялар мен қажетті анықтамаларды білу қажеттілігі, сұрыптай алуы, ақпараттың негізгісін негізгісі емесінен және маңыздысын маңызды емесінен дұрыс айыра білуі және кеңістікте елестетуі, логикалық ойлау деңгейінің дамуымен тікелей байланысты. Геометриялық есептер логикалық ойлауды, яғни ұғымдарды, логикалық байланыстарды пайдалануға тіреледі, соның ішінде стереометриялық есептер білім алушылардың кеңістіктік түсініктері мен елестетуін (практикалық тұрғыдан) қалыптастырады және дамытады, объектілердің кеңістіктік қасиеттері мен қатынастарын ажырата білу және оларды мәселені шешу процесінде қолдана білу қабілетін қалыптастырады. Геометрия курсындағы есептерден планиметриялық есептер білім алушыларға оңай тисе, стереометрия бөлімдегі есептер оқушыларға біршама қиындықтар туғызып, білім алушының стереометриялық есептер шығаруға деген мотивациясын жоққа шығарып, стереометриялық есептерді шығармай сол күйі тастап кетуге алып келуі мүмкін. Сол стереометриялық есептерді шешу есептерді шығарудың әр кезеңдерінің логикалық байланысын түсіне отырып, нақты және жүйелі ойлануды қажет етеді және мұғалімнің мақсаты, осы қадамдарды білім алушы бойына сіңдіру [1].

2 Материалдар мен әдістер

Стереометриялық есептерді шығару барысындағы кемшіліктердің алдын алу үшін жасалу қажет қадамдарды көрсету мақсатында стереометриялық есептерді шешуді оқытудың әдістерін қарастырдық.

Егер де планиметрия бөлімі есептерінің шешімін табуда көптеген білім алушыларда еш кедергі болмаса, алынған сауалнама көрсеткендей, стереометрия бөлімінен алынған есептер көптеген білім алушыларға бірқатар қиындық туғызады.

ҰБТ-да негізінен параллелепипедке, пирамидаға, призмаға, конус пен цилиндрге және түзу мен жазықтық, жазықтық пен жазықтық арасындағы бұрыштарды, сонымен қатар аудан мен көлемді есептеуге берілетін орта деңгейдегі есептер кездеседі. Мұндай есептерді шығару үшін ең алдымен, стереометрия формулаларын білумен қатар, сызбаны дұрыс сала білу шарт. Екінші жасалынатын амал, ол есепті алғаш ойымызға келген тәсілден гөрі, есептің басқа қарапайым жеңіл әдісін табуға назар аудару керек. Бұл білім алушыға уақыт үнемдеуге көмектеседі. Стереометрияға қатысты есептерде планиметрия бөлімінде қарастыратын фигуралардың (үшбұрыш, тіктөртбұрыш не болмаса шеңбер болсын), жеке есепке

байланысты, осы фигуралардың белгілі бір қасиетін есептің шешімін табу үшін көптеген қасиеттерін пайдаланамыз. Геометриялық есептеулерде қолданылатын базалық алгоритмдер (Пифагор теоремасы, косинустар теоремасы, синустар теоремасы және т.б.) мен ережелер де өздерінің қолданысын осы курстан бастау алады. Оған қоса, жоғарыда айтып өткен теоремалардан бөлек, үшбұрыштардың теңдік белгілері, ұқсастық белгілері - әртүрлі геометриялық тұжырымдарды дәлелдеулерде, планиметриялық есептерді және стереометриялық есептерді шығаруда кеңінен қолданылады.

Есептің шешемін іздестіруге бағыт-бағдар беруге көмектесетін планиметрия мен стереометрияға қатысты бірнеше анықтамаларды, теоремаларды, тұжырымдамалармен байланысты оқушылардың жиі жіберетін қателіктерін қарастырайық:

- оқушылар теоремалардың тұжырымдарын білмейді (Пифагор теоремасы, Синустар теоремасы және косинустар теоремасын және т.б.) және оларды есептерді шешкенде, әсіресе стереометрия курсына қолдана алмайды;

- білім алушылар сырттай және іштей сызылған шеңбердің центрі не болып табылатынын білмейді;

- фигураның ішкі, және әсіресе сыртқы облысынан қосымша салуларды сыза алмайды;

- үшбұрыштың теңдік/ұқсастық белгілерін пайдалана алмайды;

- жазықтықта (кеңістікте) фигураларды дұрыс бейнелеуді білмейді;

- стереометрияда жіберілетін көптеген қателіктердің негізі кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы туралы сұрақтарды білмеу болып табылады (әсіресе түзудің арасындағы бұрыш туралы мәселе және жазықтықтар арасындағы бұрыш туралы мәселе);

- стереометриялық есептерді шешуде тригонометрияны қолдана алмайды;

- көпбұрыштар мен айналу денелерінің қималарын қалай құру керектігін/ауданын табуды білмейді;

- есеп шарты бойынша геометриялық денені және оның элементтерін сызу кезінде олар оқулықтың суреттері мен сызбаларына еліктеуге тырысады, бірақ жаңа жағдайда үш өлшемді фигураның сызбасын салуда үлкен қиындықтарға тап болады;

- кеңістік елестетуінің, әсіресе іштей және сырттай сызылған көпжақтар мен айналу денелерінің орналасуын сызуда нашар дамуы және дұрыс жетілмеуі.

- планиметрия/стереометрия бөлімінде қарастырылатын фигуралардың ауданын/көлемін табуға арналған формулаларды білмейді [2, 9-10 бб];

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Оқушыларға есептерді, соның ішінде стереометриялық есептерді шешуге үйрету бойынша оқу процесін ұйымдастыру кезінде оқырманға осы процесте оқушылардың таным қозғалысының төрт формасы бар екенін еске салу керек:

- а) кейбір сезімдік бейнелерден басқаларына (сезімдік таным);

- б) бір ұғымнан екінші ұғымға (логикалық таным);

- в) бейнелерден ұғымдарға (сезімдік және логикалық танымның өзара әрекеті);

- г) ұғымдардан бейнелерге (логикалық және сенсорлық танымның өзара әрекеті) [2, 12 бет];

Оқушылардың жалпы геометриялық, атап айтқанда, стереометриялық есептерді шешу қабілетінің қалыптасуының төмен деңгейі болуының себептерін үш топқа бөлуге болады:

- 1) психологиялық факторларға байланысты себептер (психикалық функциялардың әлсіреуі: зейін, есте сақтау, ойлау).

- 2) оқу бағдарламалары мен оқулықтардың кемшіліктерінен (ақпараттың толыққанды берілмеуі, бір типті есептердің жиілігі және т.б.) туындайтын себептер.

- 3) оқу процесін ұйымдастырудың жетілмегендігіне байланысты себептер.

Жоғарыда айтылып өткен мәселелердің бар екендігін, 11 сынып оқушыларынан алынған сауалнама растайды.

Сауалнама нәтижесі
Математика пәнінен «Стереометрия» бөлімі бойынша
11 сынып білім алушыларына арналған сауалнама

Кесте 1.

Сұрақтар № Жауап	Пифагор т.-ын білесіз бе?		Косинустар т.-ын білесіз бе?		Сиинустар т.-ын білесіз бе?	
Бірінші рет естіп тұрмын	2,9%	1	5,7%	2	5,7%	2
Теоремамен таныспын, алайда қолдана алмаймын	5,7%	2	11,4%	4	17,1%	6
Теоремамен таныспын және қолдана аламын	91,4%	32	82,9%	29	77,1%	27

Кесте 2.

Сұрақтар № Жауап	ҰБТ тапсырмалары арасында келген стереометрияға қатысты есептерді		Көпжақтарға қатысты есептерді		Айналу дене- леріне қатысты есептерді	
Міндетті түрде шығаруға тырысамын	45,7%	16	60%	21	62,9%	22
Мүлдем шығармай, өткізіп жіберемін	5,7%	2	2,9%	1	8,6%	3
Уақыт қалып жатса, қараймын, яғни соңына қалдырамын	14,3%	5	20%	7	11,4%	4
Шығарып, шығармауым есеп күрделілігіне байланысты / есеп түріне қарап қиын сияқты көрінсе, көбіне өткізіп жібере саламын	34,3%	12	17,1%	6	17,1%	6

Кесте 3.

Сұрақтар № Жауап	Параллелеп ипедке қатысты есептерде		Призмаға қатысты есептерде		Пирамидаға қатысты есептерде		Қиық пирамидаға қатысты есептерде	
Фигураға қатысты формуланы білмеймін/білемін, бірақ қолдана алмаймын	20%	7	28,6%	10	37,1%	13	28,6%	10
Фигураның б. б./т. б. ауданын/көлемін табу қиыншылық туғызады	5,7%	2	11,4%	4	8,6%	3	25,7%	9
Фигураның диагональдік кимасының сызбасын салу/ауданын т. қ. т.	8,6%	3	8,6%	3	11,4%	4	0%	0
Берілген фигураға қатысты есептер қиындық туғызбайды	48,6%	17	28,6%	10	34,3%	12	34,3%	12
Басқа жауап (басқа не бірнеше қиындықтар бар болса)	17,1%	6	22,9%	8	8,6%	3	11,4%	4

Кесте 4.

Сұрақтар № Жауап	Цилиндрге қатысты есептерде		Конуска қатысты есептерде		Қиық конуска қ. е.		Шарға (сфераға) қ. е.	
Фигураға қатысты формуланы білмеймін/білемін, бірақ қолдана алмаймын	25,7%	9	22,9%	8	28,6%	10	34,3%	12

73

$$AN = \sqrt{a^2 + \frac{a^2}{3}} = \frac{2}{\sqrt{3}}a.$$

Кейін, AKN үшбұрышының ауданын екі түрлі әдіспен өрнектеп, аламыз:

$$KL = \frac{AK \cdot NH}{AN}$$

Табылған мәндерді орнына қойып, $KL = \frac{3}{4a}$ анықтаймыз. Бұдан BCL үшбұрышының ауданы $S = \frac{3}{8}a^3$.

Бұл есепті шығару барысында кезінде қадамдап/кезеңдеп есептеу немесе тікелей есептеу әдісі деп аталатын әдісті қолдандық. Бұл алгебралық әдістің бір түрі болып табылады. Кезеңдеп шешумен аралық шамалар дәйекті түрде есептеледі, олардың көмегімен қажетті шамалар деректермен байланысады. Есеп шешілгеннен кейін, шешімнің дұрыстығына көз жеткізіп, есепті шешіміне әкелетін қысқа жолды табуға тырысу керек. Көрсетілген шешімді қарастыратын болсақ, BCL үшбұрышының KL биіктігін басқа жолмен анықтауға болатынын байқаймыз. KL кесіндісі AKL тікбұрышты үшбұрышының катеті болып табылады. Оның гипотенузасы $AK = \frac{\sqrt{3}}{2}a$, AN көлбеу бүйір қабырғасының табан жазықтығы арасындағы α бұрышын табуға болады. Осылайша, есептің осындай шешіміне келеміз. AHN үшбұрышынан $NH = a$ және $AN = \frac{a}{\sqrt{3}}$ болғандықтан, $\operatorname{tg} \alpha = \frac{NH}{AN}$ табамыз. $\operatorname{tg} \alpha = \sqrt{3}$ және $\alpha = 60^\circ$ екендігі анықталды. AKL үшбұрышынан

$$KL = AK \sin 60^\circ = \frac{a\sqrt{3}}{2} \cdot \frac{\sqrt{3}}{2} = \frac{3}{4}a.$$

Бұдан, $S = \frac{3}{8}a^3$.

Бұл шешімді тағы да шамалы жеңілдетуге болады, егер де BCL үшбұрышы ABC үшбұрышының BCL жазықтығына ортогональ проекциясы екендігін байқасақ, сол үшін $S = S_{ABC} \cdot \cos \beta$,

Мұндағы, $\beta = \angle AKL$ – BCL мен ABC жазықтықтары арасындағы екіжақты бұрыштық сызықтық бұрышы.

$S = \frac{a^2\sqrt{3}}{4}$ және $\beta = 30^\circ$ болғандықтан,

$$S = \frac{a^2\sqrt{3}}{4} \cdot \cos 30^\circ = \frac{3}{8}a^3.$$

Есепті екінші әдіспен шығару барысында, біз дұрыс үшбұрышты пирамиданың қасиетін білдік: егер де дұрыс үшбұрышты пирамиданың биіктігі табан ұзындығына тең болатын болса, пирамиданың бүйір қабырғасы мен табан жазықтығы арасындағы бұрыш 60° тең болады.

Есепті үшінші әдіспен шығару барысында біз көпбұрыштың жазықтыққа ортогональ проекциясының ауданы туралы теореманы қолдандық.

$$S_{\text{пр}} = S \cdot \cos \varphi,$$

Мұндағы, S – берілген көпбұрыштың ауданы, $S_{\text{пр}}$ – оның жазықтыққа проекциясының ауданы, φ көпбұрыш жазықтығымен оның проекциясының арасындағы бұрыш. Бұл теореманың дәлелдеуін геометрия оқулықтарынан табуға болады. Формула пирамиданың бүйір бетінің ауданын және көпжақтардың қималарының ауданын есептеуге келетін кейбір есептерге қолданысын табады. Мысалда көрсеткендей, кейбір жағдайда, белгілі элементтерден белгісіз элементтерге апаратын амалдар бірнешеу болуы мүмкін және бір есеп бірне-

ше жолмен, әртүрлі әдіспен шығуы мүмкін. Әрине, сол амалдардың ішінде бізге оңай және уақыт жағынан тиімді болатынын таңдауға талпыну керек. Атақты математик Д. Пойа өзінің «Есепті қалай шығару керек?» кітабында былай деп жазған: «Екі дәлел бір дәлелден қарағанда жақсы. Мақалда айтылғандай: Екі зәкірде тұрған сенімдірек.» Стереометриялық есептерді шешуде тригонометриялық функциялар да жиі қолданылады. Кей жағдайларда, стереометриялық есептің шешімі жеңілдетіледі, егер алгебралық емес, тригонометриялық теңдеу құрайтын болсақ. Келесі мысалды қарастырайық.

Мысал 2. $ABCA_1B_1C_1$ тік призманың табаны тең бүйірлі тікбұрышты үшбұрыш. $AC = CB = \sqrt{6}$ жазықтығы табан жазықтығымен 60° бұрыш жасайды. Призманың көлемін табыңыз [4].

Тік призманың сызбасын GeoGebra немесе 3D studioMAX және т.б. бағдарламалардың көмегін интерактивті тақтаны пайдаланып оқушы ешкімнің қолдауынсыз өзі сызады. Бұл білім алушының кеңістікте елестету қабілетін ода әрі жетілдіреді және есепті өз күшімен шығара алатындығына сенімділік береді. Сызбаның дұрыстығына көз жеткізгеннен кейін, есепті шығаруға көшейік.

Есеп шығарудың алдында оқушылармен келесі мәліметтерді қайталап, талдап өткен жөн болады.

1. Үш перпендикуляр туралы теореманы еске түсіреміз (түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы)
2. Тікбұрышты үшбұрыштың катеттерінің өзара қатынасы қандай тригонометриялық қатынасты береді? ($\operatorname{tg} \alpha = \frac{a}{b}$)
3. Призманың көлемі қалай табылады? ($V = S_{\text{таб}} * H$)

Шешуі:

1) Есеп шарты бойынша екіжақты бұрыштық сызықтық бұрышы C_1DC бұрышы болып табылады. Мұнда D нүктесі AB қабырғасының орта нүктесі, өйткені $AC = CB$ олай болса CD – биіктік, Үш перпендикуляр теорема бойынша C_1D AB кесінділері перпендикуляр орналасқан.

2) $AB = AC\sqrt{3} = 2\sqrt{3}$ Екенін байқаймыз, байқамаған жағдайда Пифагор теоремасымен есептеп аламыз, ал $CD = \frac{1}{2}AB = \sqrt{3}$.

3) 60° – тық бұрышы бар C_1DC тікбұрышты үшбұрышын қарастыра отырып, тікбұрышты үшбұрыштың катеттерінің өзара қатынасын теңдік аламыз. Одан C_1C –ді табамыз.


4) $C_1C = CD * \operatorname{tg} 60^\circ = \sqrt{3} * \sqrt{3} = 3$.

5) Призманың көлемін есептейік.

Формула бойынша: $V = S_{\text{таб}} * H = 3 * \frac{1}{2} * AC * CB * 3 * \frac{1}{2} \sqrt{6} * \sqrt{6} = 9$.

Айналу денелері тақырыбы көбіне білім алушыларға қиын тиеді. Бірақ айналу денелеріндегі тақырыптар әрқашан көптеген теореманы, формулаларды қажет етпейді. Тек қана есепті жүйелі түрде талдауды, планиметрия бөліміндегі кей ақпараттарды ғана қажет етеді.

Мысал 3. KP кесіндісінің ұштары цилиндр табанындағы шеңберлерде жатыр. Цилиндрдің биіктігі 16 – ға, табан радиусы 10 – ға тең, ал KP түзуі мен табан жазықтығы 45° бұрыш жасайды. Цилиндрдің осінен K және P нүктелері арқылы өтетін оған параллель жазықтыққа дейінгі қашықтықты табындар.



Сурет 2

технологиялардың қолдануы білім алушылардың өздігінен ешкімнің көмегінсіз сызба салуына оң әсерін тигізеді. Оған қоса, есепте шығаруда білім алушы негізгі әдістерді біле ғана қоймай, практикада қолдана алса, белгілі бір есепті шешкен кезде, оған есепті ұтымды шешуге мүмкіндік беретін жаңа әдісті немесе техниканы табу оңайға тиеді. Стереометриялық есептерді шешудің бірнеше әдіс-тәсілдері қарастырдық. Алгебралық әдіс, барлық дерлік есептерді шығаруда қолданылады. Себебі, барлық есептер теңдеу көмегімен шығарылады. Егерде есеп шартында бұрыш, не ізделінді элемент бұрыш болса, тригонометриялық функцияларды қолданбай шығару мүмкін емес. Одан бөлек, айтып өткендей тригонометрияны қолдану есеп шығару барысын жеңілдетеді. Стереометриялық есептерді нәтижелі түрде шығару үшін қарапайымнан жеңілге көшу жүйесі, мектеп бағдарламасы бекіткен кітаптардан бөлек қосымша ақпарат алып іздену ҰБТ тапсырушысы үшін өте маңызды. Стереометриялық есептерді шығару үшін практикалық тұрғыдан көп уақыт бөлген жөн. Практика көп болған сайын, стереометриялық есептер еш қиындықтар туғызбайтын болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. М. Д. Раманова. Геометриялық есептерді сызбасы бойынша жылдам шешудің тиімді жолдары. URL: <https://infourok.ru/geometriyali-esepтерdi-sizbasi-boyinsha-zhildam-sheshudi-tiimdi-zholdari-666160.html>
2. В.А. Далингер. Есеп шығару арқылы стереометрияны оқыту әдістемесі: СПО-ға арналған оқу құралы. – 2 басылым, өзгерт. және толықт. – М: Басылыс «Юрайт», 2017. – 9-13 беттер.
3. Э. Г. Готман. Стереометриялық есептер және оларды шешу әдістері. – М.: МЦНМО, 2006. – 7-11 бб.
4. А. А. Жалиева. Ұлттық бірыңғай тестілеудегі есептер.
5. URL: <https://bilimdiler.kz/matematika/18584-ulttyk-biryngay-testileudegi-stereometriya-esepтери.html>

Материал редакцияға түсті 01.03.2022

ЖАКИЛОВА, С.О.

НЕКОТОРЫЕ МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ РЕШЕНИЮ ЗАДАЧ ПО ТЕМЕ «ТЕЛА ВРАЩЕНИЯ»

В статье рассмотрены некоторые методические аспекты обучения учащихся школ решению стереометрических задач, связанных с геометрическими телами. Стереометрические задачи на многогранники и тела вращения изучаются в последних разделах программы старших классов по геометрии и считаются одной из наиболее важных тем для учащихся естественно-математического направления и профильных классов. Произведен анализ условий, приводящих к неспособности учащихся решать стереометрические задачи на ЕНТ (слабые теоретические знания, частота однотипных задач в школьном учебнике) и вызывающие затруднения при решении стереометрических задач (слаборазвитая способность пространственного воображения). Приведены результаты анкетирования учащихся и анализ ответов, в которых установлено, что во время подготовки к ЕНТ мало времени отводится или вообще не выделяется на решение задач стереометрии. Использование наглядных пособий, мультимедийных технологий на занятиях по обучению решению стереометрических задач, совершенствованию пространственного воображения и развитию навыков решения задач, а также рассмотрение различных методов решения задач показали общее положительное восприятие изучению методов решения задач.

Ключевые слова: планиметрия, стереометрия, многогранники, тела вращения, задачи, диагональное сечение, площадь, объем.

ZHAKILOVA, S.O.

SOME METHODOLOGICAL FEATURES OF TEACHING STUDENTS TO SOLVE PROBLEMS ON THE TOPIC «SOLIDS OF REVOLUTION»

The article deals with some methodological aspects of teaching school students to solve stereometric problems related to geometric bodies. Stereometric problems on polyhedra and bodies of rotation are studied in the last sections of the high school geometry program and are considered one of the most important topics for students of the natural-mathematical direction and specialized classes. The article is an

introduction to the methodological foundations of a number of features for studying the subject of geometry at the level of students in grades 10-11. The article deals with the issues that lead to the inability to solve stereometric problems at the UNT (weakness of theoretical knowledge, the frequency of similar problems in a school textbook) and cause difficulties (weak ability to represent in space). Among the students, a survey was conducted on which tasks they first pay attention to during the UNT in the section of stereometry and in solving other problems. When analyzing the answers in the questionnaire, it was found that during the UNT, little or no time is allocated when solving problems of stereometry. The use of visual aids, multimedia technologies in the classroom for teaching the solution of stereometric problems, improving spatial imagination and self-education and the development of problem-solving skills, as well as the consideration of various methods of problem solving, showed a general positive perception of the problem in an easy and effective way.

Key words: *planimetry, stereometry, polyhedra, bodies of rotation, problems, diagonal section, area, volume.*

UDC 27.01.45

Abdullayeva, ZH. B.

*Master of Suleyman Demirel University
Faculty of Education and
Humanities Sciences, Almaty*

METHODOLOGICAL FEATURES OF COMPILING AND CONDUCTING CONTROL TASKS IN MATHEMATICS

Annotation

The article is devoted to the study of methodological features of compiling and conducting control tasks in mathematics. Possible options for tests used to test students' knowledge, as well as the main tools in the preparation of control tasks, are considered. An algorithm for compiling and conducting control tasks in mathematics is provided.

Key words: *mathematics, control work, control tasks, methods of conducting control work.*

1 Introduction

The control of students' knowledge is an integral part of the learning process, so its improvement is an important task for the teacher. The relevance of the chosen topic is due to the fact that the requirements for conducting and compiling control tasks in mathematics are different from conducting tests on other subjects.

In other researches, for example, and specific mathematical anxiety is associated with the knowledge of arithmetic. However, it is not clear when math anxiety appears in young children and how it is related to academic performance in arithmetic at an early age. As a result, this study investigated the premature association between mathematical anxiety and arithmetic performance in grades 2 and 3 by taking into account joint anxiety and subsequent study of the prevailing direction of the anxiety-performance relationship. The results showed that this association was actually important in the 3rd grade, with the dominant direction from math anxiety to academic performance, and not vice versa. Overall, these findings highlight the importance of predicting early anxiety in school for improving academic achievement.[1]

The preferences of utilizing advanced assets in instructing arithmetic in essential classes in the advancement of understudies' cognitive capacities are analyzed. For illustration, the focal points of accessibility of instruction, personality-oriented learning, creation of an data educational environment, the plausibility of choosing an person direction, imaginative movement, motivational breakthrough, exhibit circumstance, etc. are described.[2]

2 Conditions and methods of research

When writing the work, the method of searching and summarizing information on the topic of the article was used.

During the online lessons, there were difficulties with control works. For example, prior to the flare-up of the widespread, online lessons were utilized exceptionally small in the schools included. Arrangements have been completely lacking by instruction specialists and local decision-makers in schools, as well as by instructors, guardians and students. This created considerable challenges and different drawbacks for a few bunches of understudies. On the other hand, the switch from face-to-face to online instructing driven to certain benefits that the surveyed bunches had suggested for future shapes of educating.[3]

3 Results and discussion

By definition, control is the ratio of the results achieved to the planned learning objectives. Properly set control of students' learning activities allows the teacher to evaluate the knowledge and skills they receive, provide the necessary assistance in time and achieve their learning goals. All this together creates favorable conditions for the development of cognitive abilities of students and the activation of their independent work in mathematics lessons.

Test work is one of the main forms of knowledge testing, performed in accordance with the curriculum, contributing to the consolidation of theoretical knowledge and forming additional skills in students for independent analysis of theory and practice. The control work is a written answer to a question (solving a problem or performing a specific task), which is considered within one or more topics of the academic discipline.

The purpose of the control work is to check the assimilation of the topic at the end of its study. The content of control tasks corresponds to the program of mathematics. When compiling control tasks, it should be remembered that as a result of the work, the material required for assimilation must be checked at the level required by the program.

The control work should include mainly tasks of a reconstructive nature, the work should include exercises that test several skills, it is recommended to include tasks of increased difficulty in the control work. The topics of examinations are developed by the teacher of mathematics, they must cover the full course of the discipline. Answers to tasks should be specific and logical [4].

Control tasks must meet the following requirements:

- tasks should be equivalent in content and volume;
- they should be aimed at developing basic skills;
- they should provide a reliable check of the level of training.

In the recommendations for the preparation of examinations, evaluation criteria are given, the number of recommended options is indicated, and the approach to selecting tasks. When compiling and conducting control tasks at school, the teacher must comply with a number of methodological requirements:

- Pupils should be warned about the upcoming test work a few weeks in advance and appropriate training should be carried out in connection with this. Simultaneously with the study of the lesson material, it is advisable to offer students similar tasks that are assumed in the control work so that they develop a clear mechanism for completing tasks of a certain type. It is also useful to carry out the so-called preventive test work, which allows you to determine the degree of preparedness of students for the upcoming test work;

- it is important that the content of the test cover both the main provisions of the material studied (the main part), and also preferably include such questions, the solution of which would require students to show intelligence and creativity (additional part);

- when conducting tests, it is necessary to ensure that students independently complete the tasks given, to prevent prompts and cheating. To do this, it is advisable to prepare options for tasks of various levels of complexity that meet the requirements for knowledge, skills, skills of students on a particular topic or course of the subject, as well as take into account the individual characteristics and abilities of the child (individual and differentiated approach);

- the teacher must first complete the tasks proposed in the control work; write down the text of the work on the board before the lesson (children with visual impairments must be given a card with the assignment of its version); provide for a multi-level test material in terms of complexity (the use of checkboxes with options);

- up to 35-40 minutes of the lesson are allocated for the performance of the control work held at the end of the quarter (in the first grade 20-30 minutes); the duration of work related to checking students' mastery of a particular topic should not exceed 25 minutes;

- tests, as a rule, should be carried out in the first half of the week and preferably in the second and third lessons. Transferring tests to the end of the week or to the last lessons is not advisable, since at this time students experience increased fatigue, which, of course, can adversely affect the performance of tests and, ultimately, the results. It is also unacceptable to conduct several tests on the same day;

- final examinations (quarterly, semi-annual, annual) are carried out in special notebooks for examinations and are kept by the teacher during the school year, and notebooks of poorly performing students - during all years of education in elementary school, in the middle level, in high school. When transferring to another school, the student, along with the "Diary of Observations", is also given notebooks for examinations. When moving from one link to another, notebooks are transferred to another teacher to analyze gaps in knowledge and organize differentiated work;

- the teacher is obliged to carefully check and objectively evaluate the tests, as well as analyze the quality of their performance, classify the mistakes made by the students and carry out subsequent work to eliminate gaps in their knowledge;

- in the next lesson after the test, under the guidance of the teacher, work on mistakes is organized, which is carried out in control notebooks. The student completes only the task in which he made a mistake. After individual work on the mistakes in the same lesson, a repetition of the material with students of the whole class is organized, taking into account the analysis of control work.

Understanding the relationship between compiling and conducting control tasks will allow the teacher to achieve an increase in the efficiency and effectiveness of compiling and solving problems. The sequence of operations in the process of compiling tasks is as follows:

- detection and presence of a mathematical problem situation;
- identification and analysis of the elements of the task situation (the primary model of the task);

- a brief record of the task condition with the execution of a drawing, drawing, graph or diagram;

- secondary analysis of the condition with the allocation of theory and laws that describe the problem situation;

- simplification of the condition, addition of the condition with missing data, constant;

- the choice of methods, techniques, ways of solving the problem;

- selection of links (equations, conclusions, etc.);

- finding and implementing a solution in a general form;

- analysis of the problem model, its precise formulation and correction;

- verification and evaluation of the conditions of the problem;

- study of the problem, its final revision, discussion, selection and formulation of new problem situations [5].

For the compilation and implementation of mathematical problems, it is the facts from the practical activity of man to meet human needs that serve as the basis. The worldview orientation of the task approach to mathematical education requires:

- a holistic vision of the subject of mathematics at each stage with a deepening of the picture of mathematical reality from stage to stage;

- "proportionality" to a person, his needs, emotional and intellectual spheres;

- reflection of worldview ideas and conclusions [6].

A typical test consists of 1 - 2 or 1 - 4 options, which are approximately equal in difficulty. In turn, each option includes tasks that check whether the student has mastered any well-defined skill. However, a job with few options inevitably increases the likelihood of cheating, especially in high school. Therefore, in order to ensure individual work of students, some teachers increase the number of options. Basically, the test consists of 5 tasks. The student receives a grade corresponding to the number of correctly solved tasks.

According to the methodological features of conducting control tasks in mathematics, it is allowed to carry out tests at different levels. Control tasks according to the level of complexity are usually divided into basic, basic and advanced.

The basic level is designed for poorly trained students. It is focused mainly on the achievement by students of the required level of preparation. For many tasks, answers, instructions, step-by-step instructions, some data for self-control are given here.

The main level includes tasks similar to tasks from the main material of the textbook. They are considered preliminary in the lessons, but are not so simple or important that the ability to solve them becomes mandatory for all students.

The advanced level is designed for students with good preparation. It includes tasks that require not only free possession of acquired knowledge, but also creativity, ingenuity and ingenuity.

The teacher himself determines which option to work for a particular student. Moreover, during the academic year, the student can move from one option to another. All three of these options are assessed in the same way as the classic test papers.

There are some objections to such tests. First, the distribution of options among students differentiates them by level even before the work is checked. Secondly, students who solved different options with the same assessment completed the work of different levels of complexity.

It is widely believed that, by virtue of their abilities, they showed equal zeal. And the labor of one student, spent on easier tasks, is equal to the efforts of another, engaged in more difficult tasks. It is the final result that should be the measure of the assessment of the work of the student. It is necessary that, according to the assessment, it was possible to immediately present the specific abilities of the student on this topic. These questions can be answered by conducting different types of control work at different levels.

Multi-level control work must meet the following requirements:

1. All options must be equivalent, although in different options tasks with dissimilar wordings are acceptable.
2. Any variant is divided into levels, each of which covers all the tested skills and abilities [7].

Compiling a problem in mathematics should be understood not as a simple reproduction of a problem from a collection or textbook, but as an independent formulation and solution of a problem by students, which in the general case is solved with the help of logical conclusions, mathematical actions based on the laws and methods of mathematics.

When compiling control tasks, the following tools are used:

- open tasks are problem situations that occur in real life. To solve them, it is necessary to independently comprehend, formulate the condition, the question of the problem, sometimes find the information necessary to solve it. Open problems can be divided into "inventive" and "research". Open problems have a "fuzzy" condition, different solutions and ambiguous answers;
- closed problems, in which there is a clear condition, a well-known solution algorithm and a single answer. Closed problems are of two types: for the calculation of some quantity or for proof. Such tasks can even be called exercises to develop some learning skills while learning new material.

Tasks in school textbooks are, as a rule, closed tasks. It is in the power of the teacher to make a miraculous transformation with them. To compose open problems, three basic requirements for the condition of an educational (inventive or research) problem should be observed:

- sufficiency of the condition;
- correctness of the question;

- the presence of a contradiction [8].

In this case, the condition of the task should be related to the life situation. What should be kept in mind when creating an open task? It should be interesting, understandable in the text and fundamentally solvable. It can be assumed that the use of open tasks in control tasks contributes to the formation of non-standard thinking in students, which makes it possible to achieve meta-subject results.

All tests are graded by the teacher and the grades are recorded in the classroom journal. When evaluating the written work of students, teachers are guided by the relevant standards for assessing the knowledge, skills and abilities of students. After checking the written work, students are given the task of correcting errors or completing tasks that prevent the repetition of similar errors. Work on errors is carried out in the same notebooks in which the corresponding written work was performed.

4 Conclusion

Thus, if you teach a lesson or present a topic, and then immediately conduct a knowledge control, learning does not occur. Mistakes that students make in intermediate classroom and homework are corrected by the teacher. Misunderstood material is reworked. Only a complete study of the topic with students allows you to proceed to the final test of knowledge. Therefore, control tasks should be carried out after the time allotted for the passage of the topic has been exhausted. Only after the topic has been worked out, it is possible to assign a control assessment of knowledge. After checking the completed tests, the teacher sums up the results for the students. Students work on mistakes, thereby reinforcing the learning material.

Hence the conclusion follows: in the system of educational work, all the above methods of compiling and conducting tests in mathematics should be applied in order to test and evaluate knowledge in order to ensure the necessary systematic and depth control over the quality of students' progress.

Reference

1. Cargnelutti, E. How is anxiety related to math performance in young students? longitudinal study of Grade 2 to Grade 3 children / Cargnelutti, E. Tomasetto, C., Passolunghi, M.C. Scopus, Cognition and Emotion, 2017.31 (4), pp. 755-764. doi: 10.1080/02699931.2016.1147421
2. Thomas G. Online lessons in Corona time / G. Thomas. Bulletin of the Dumaty University, 2021. – № 2, – 16 p.
3. Turalbaeva A.T. Cifrlı bilim beru resurstary arkyly bastaush synyptarda matematikany okytu Mymkindikteri / A.T. Turalbaeva, A.ZH. Kenzhaly, S.A. Fejzuldaeva. VESTNIK KazNPU im. Abaya, seriya «Pedagogicheskie nauki», 2021. №3 (71), – 10 c.
4. Dalinger, V.A. Metodika obucheniya matematike. Kognitivno-vizual'nyj podhod: uchebnik dlya vuzov / V.A. Dalinger, S.D. Simonzhnikov. – 2-e izd., pererab. i dop. – M.: Izdatel'stvo YUrajt, 2020. – 340 s. –
5. Filenko, S. A. Priemy sostavleniya otkrytyh zadach po matematike v sisteme osnovnogo obshchego obrazovaniya // Molodoj uchenyj. — 2020. — № 4 (294). — S. 324-326. [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <https://moluch.ru/archive/294/66811/>. Data obrashcheniya: 02.03.2022.
6. Kalinchenko, A.V. Metodika prepodavaniya nachal'nogo kursa matematiki: Uchebnoe posobie / A.V. Kalinchenko. – M.: Academia, 2018. – 320 c.
7. Metodicheskie rekomendacii dlya uchitelej matematiki [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <https://videouroki.net/razrabotki/mietodichieskie-riekomiendatsii-dlia-uchitielei-matiematiki.html>. Data obrashcheniya: 02.03.2022.
8. Savenkova N. P. CHislennyye metody v matematicheskom modelirovanii : ucheb. posobie / N. P. Savenkova, O. G. Provorova, A. YU. Mokin. – 2-e izd., ispr. i dop. – M. : INFRA-M, 2017. – 176 s

Material received by the editorial office: 12.03.2022

АБДУЛЛАЕВА, Ж. Б.

**МАТЕМАТИКАДАН БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚҰРАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУДІҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақала математикадан бақылау тапсырмаларын құрастырудың және өткізудің әдістемелік ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Студенттердің білімін тексеру үшін қолданылатын тесттердің мүмкін нұсқалары, сонымен қатар бақылау тапсырмаларын дайындаудағы негізгі құралдар қарастырылады. Математикадан бақылау тапсырмаларын құрастыру және өткізу алгоритмі берілген.

Кілт сөздер: математика, бақылау жұмысы, бақылау тапсырмалары, бақылау жұмысын жүргізу әдістемесі.

АБДУЛЛАЕВА, Ж. Б.

**МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СОСТАВЛЕНИЯ И ПРОВЕДЕНИЯ КОНТРОЛЬНЫХ
ЗАДАНИЙ ПО МАТЕМАТИКЕ**

Статья посвящена изучению методических особенностей составления и проведения контрольных заданий по математике. Рассмотрены возможные варианты контрольных работ, применяемых для проверки знаний учащихся, также основные инструменты при составлении контрольных заданий. Предоставлен алгоритм составления и проведения контрольных заданий по математике.

Ключевые слова: математика, контрольная работа, контрольные задачи, методика проведения контрольных работ.

ӘОЖ 82.0 (574)

Умиртаева, Д.К.

«Туризм» мамандығының 4 курс студенті

Жүмекенова, Д.Е.

Дене шынықтыру және спорт теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы, география магистрі

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ

Қостанай, Қазақстан

**ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОНАҚ ҮЙ-МЕЙРАМХАНА КЕШЕНДЕРІНДЕГІ
ЕКІ ТІЛДІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ**

Түйін

Мақалада қостілділік туристік индустрияны дамыту тұрғысынан әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылады. Туризм индустриясындағы билингвизмнің рөлі және Қостанай қаласының қонақ үй-мейрамхана кешендері қызметкерлерінің дайындық деңгейі талданады. Билингвизм лингвистикалық тұрғыдан да, психологиялық-педагогикалық жағынан да қарастырылады. Екінші тілді білу, сөзсіз, болашақ кәсіби маман даярлаудың өзекті тілдік компоненті ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: қонақ үй-мейрамхана бизнесі, қонақ үй-мейрамхана кешені, қостілділік, туристік индустрия, кадрларды даярлау.

Қонақжайлылық индустриясы әлеуметтік және жеке қызмет көрсеттеін туризм және демалыс ұйымдарының әртүрлі топтарын қамтид. Туристік қызметтер, оның ішінде қонақ үй қызметі аясындағы қызметтер әлеуметтік-мәдени қызметтерге жатады. Олар заманауи қонақжайлылық қағидаттарына негізделеді, бұл олардың әлмедік туризмді дамытудағы рөлін арттырады, сонымен қатар қонақ үй-мейрамхана қызметтері үшін кадрлар даярлау жүйесінде бегілі бір міндеттер қояды.

Қазіргі таңда қызмет көрсету саласының белсенді дамуы тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандыратын факторлардың артуына әкелуде. Қазіргі уақытта Қазақстанда қызмет көрсету саласындағы көстілділік мәселесі өзекті болып отыр, өйткені қандай да бір қызмет көрсететін кәсіпорындардың көпшілігінде тұтынушының қазақ немесе орыс тілдеріндегі қажеттілігін қанағаттандыратын персоналдың мүлде болмауы немесе жеткіліксіздігі туындауда [1].

Болашақтың табысты туристік бизнесі – бұл тілдерді білуге негізделген бизнес. Бұл туристік өнімдер мен қызметтерді өндіруді, жылжытуды және сатуды ұйымдастырудағы құзыреттілік пен кәсібилік. Билингвизм (lat. Bi – екі, lingua – тіл) – екі тілділік, яғни адамда немесе бүкіл халықта, әдетте, бірінші - ана тілінде және екінші тілде бірге өмір сүру.

Қазіргі көп өлшемді және көп тілді әлемде билингвизмді өте кең таралған құбылыс деп тану керек. Қазіргі уақытта балалардың билингвизмі біздің планетамыздағы балалардың жартысына жуығын қамтитыны белгілі. Бұл үрдіс одан әрі өседі деп болжауға болады. Билингвизм «әртүрлі мәдениеттерді білдіретін адамдардың қарым-қатынасы» ретінде анықталған мәдениетаралық қарым-қатынастың ең жарқын құбылыстарының біріне айналды [2].

Екі тілді ортада елдің және аймақтың ұлттық-мәдени ерекшеліктері айқын көрінеді. Билингвизм әлеуметтік-мәдени ілім ретінде өзінің әлеуетін сауатты пайдалану жағдайында шынайы билингвизмге қол жеткізуге, халықтардың жақындасуына, мәдениет пен тілге, басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрмепен қарау дағдыларын дамытуға, интеграция процесінде ортақ міндеттер мен мақсаттарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Бүкіл әлемде туристік бизнес үшін кадрлар даярлауға көп көңіл бөлінеді. Себебі туристік бизнес үшін білікті кадрлар мәселесі өте маңызды, өйткені туризмде тұтынушыға ұсынылатын өнім тауар емес, қызмет болып табылады.

Туристік қызметтердің сапасын қамтамасыз ету – қызметтерді көрсететін мамандардың кәсібилілігімен, туристік ресурстарды білумен және олардың сапасымен тікелей байланысты. Тұтынушы осы қызметті ұсынатын менеджердің білімі мен дағдыларына байланысты шешім қабылдайды.

Қонақжайлылық саласы туристке, оның қажеттіліктері мен қалауына тікелей бағытталған. Іскерлік этикетті сақтау, сөйлеу әрекеттері клиенттердің мінез-құлқының қажеттіліктері мен мотивтеріне, қызмет қажеттіліктеріне бағытталуы керек. Алайда қазіргі туристік кеңістік идеалдан алыс. «Клиент дұрыс» қағидасы әрдайым жұмыс істемейді. Клиенттерге қызмет көрсетудің мәдениаралық ерекшеліктеріне назар аудару керек.

Қонақжайлылық дәстүрін қарастыра отырып, біз бұрын қонақжайлылық туралы ғылыми әдебиеттерде көлеңкеде қалған немесе нашар және дұрыс емес жарықтандырылған мәселелерді шешуге тырысамыз.

Қазіргі қонақжайлылық индустриясына келетін болсақ, мұнда туристерге қызмет көрсетудің арнайы және міндетті ережелері жасалған. Клиенттерге қызмет көрсету деңгейі анықталатын стандарттар бар. Бұл ретте халықтың идеяларын, тәжірибесі мен мәдени мұрасын пайдалану туристік бизнесті халықаралық стандарттарға жақындатуға ықпал ететін болады [3].

Мұндай стандарттарға келесі талаптар кіреді: лингвистикалық мәдениет; шет тілін білу; қызметкерлердің сыртқы келбеті; қонақты безендіруге және орналастыруға бөлінген уақыт. Туризм индустриясында, сондай-ақ экономикалық және саяси салаларда мәдениетаралық және халықаралық байланыстар дамуда. Жаңа жерге барған кезде қызуғышылық танытқан туристер мен демалушылар аймақтың, қаланың, өзеннің, таудың және т.б. атаулары туралы сұрақтар қояды.

Қазіргі уақытта туризм бойынша қызметтің түрлі салалары үшін мәтіндерді, аударма кадрларын, экскурсоводтарды дайындау, туристік істің жұмысын әртүрлі халықаралық деңгейлерде ұйымдастыру сияқты аударма процесін зерделеу қажеттілігі сезіледі. Мұның бәрі туризмді дамытудың қазіргі жағдайында жаһандану мен мәдени плюрализмді сақтау, адамдардың ойлары мен іс-әрекеттерінде үйлесімділік пен бірігу арасындағы тепе-теңдікті

табуға мүмкіндік береді. Негізгі коммуникативтік құзыреттілік әскери серіктестермен тікелей байланыс және телефон арқылы сөйлесу үшін, сондай-ақ әріптестермен іскерлік келіссөздерге қатысу және хаттар, жарнамалар, көрме даңғылдары және т.б. мазмұнын аудару үшін қажет [4].

Билингвизм мәселелерін көптеген отандық және шетелдік ғалымдар қарқынды зерттеп жатыр, бірақ «билингвизм» ұғымының анықтамасы мен мазмұны туралы консенсус әлі де жоқ. Көпұлтты Қазақстанда тұлғаны әлеуметтендіру процесі құндылық бағдарларын қалыптастыру, оның ішінде әртүрлі ұлт өкілдерінің әлеуметтік өзара іс-қимылында да жүреді. Көп ұлтты қоғамда екі тілділік-бұл табиғи процесс және жеке тұлғалардың көбеюін қамтиды. Бұл мәселені зерттеген ғалымдар әртүрлі көзқарастарды ұстанды. Мәселен, Кеңес заманында екі тілді шамамен бірдей, екі тілді еркін белсенді меңгеру деп түсінді, тіпті оларды аудармасыз ойлау қабілетіне дейін.

Қазіргі уақытта Қазақстанда этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде орыс тілі қолданылады. Қазіргі заман шындығы мынадай, тіпті қазақтардың этностық элитасы басқа этностардың өкілдерін айтпағанда, айтарлықтай дәрежеде орыстандырылған. Қазақтар орыс тілін өте кәсіби қолданады, олар үшін ол ғылыми шығармашылық пен кәсіби қызмет тілі болып қала береді. Орыс тілі бұқаралық коммуникация саласында көш бастап тұр. Республикада хабар таратудың үлкен үлесі орыс тілінде. Ол сондай-ақ мемлекеттік басқару саласында басым: билеуші топтардың өкілдері орыс тілінде сөйлейтіндер болды, оларды ана ретінде жақсы білді [5].

Ғасырлар тоғысында Қазақстанда жаңа тәуелсіз мемлекеттің пайда болуымен және қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берумен байланысты тілдік ахуалдың өзгеруі байқалады. Бұл ретте қазақстандық билингвалды авторлардың заманауи публицистикалық мәтіндері этнотілдік ландшафтты ерекше құбылыс ретінде сипаттауға мүмкіндік берді. Қазақтардың екі тілді де тұрмыстық деңгейде де, шығармашылық тұрғыда да еркін қолдануының көптеген мысалдарын келтіруге болады, ал басқа этнос өкілдерінің қазақ тілін меңгеріп, жетік сөйлегені мысалдар саусақпен санарлық [6].

Қостілділік саясаты болғанымен қазіргі таңда көптеген кәсіпорындарда тек қана орыс тілінде қызмет көрсетіледі. Соның қатарында Қостанай қаласының қонақ үй-мейрамхана кешендерінде де осындай мәселе алдыңғы қатарда тұр.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша қаладағы қонақ үй-мейрамхана кешендеріндегі екітілділік деңгейіне талдау жасалынған болатын. Салыстырмалы талдау нәтижелері төменгі кестеде көрсетілген.

Сызба 1 – Қостанай қаласының қонақ үй-мейрамхана кешендеріндегі екітілділік деңгейі

№	Кәсіпорын атауы	Кәсіпорын түрі	Ашылған күні	Екітілділік деңгейі
1.	«Глория»	Қонақ үй-мейрамхана кешені	31 тамыз 2016 жыл	Төмен (құжаттылық пен қызмет көрсету орыс тілінде жүргізіледі)
2.	«Palazzo»	Қонақ үй-мейрамхана кешені	2017 жыл	Төмен (құжаттылық пен қызмет көрсету орыс тілінде жүргізіледі)
3.	«Tan Tengri»	Қонақ үй-мейрамхана кешені	4 желтоқсан 2021 жыл	Орташа (қызмет көрсету екі тілде, ал құжаттар тек орыс тілінде жүргізіледі)
4.	«Остров»	Қонақ үй-мейрамхана кешені	сәуір 2016 жыл	Орташа (қызмет көрсету екі тілде, ал құжаттар тек орыс тілінде жүргізіледі)

5.	«Фессла»	Қонақ үй-мейрамхана кешені	күз 2016 жыл	Төмен (құжаттылық пен қызмет көрсету орыс тілінде жүргізіледі)
6.	«Медеу»	Қонақ үй-мейрамхана кешені	КСРО ыдырауынан кейін 2016 жылдың маусым айында қайта құрылды	Жоғары
7.	«Алатау»	Қонақ үй-мейрамхана кешені	-	Орташа (қызмет көрсету екі тілде, ал құжаттар тек орыс тілінде жүргізіледі)
9.	«Сәтті»	Қонақ үй-мейрамхана кешені	-	Орташа (қызмет көрсету екі тілде, ал құжаттар тек орыс тілінде жүргізіледі)

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша кәсіпорында екітілді қызметкерлерің тапшы екенін байқауға болады. Бұл туризм саласындағы, қонақ үй индустриясындағы екітілді кадрлардың жеткіліксіздік болуының әсері болып табылады. Сөйлеу әрекеттерін талдай отырып және ана тілдерінің коммуникативті мінез-құлқының ерекшеліктерін атап көрсете отырып, авторлар сөйлеу этикетіне туризм саласындағы қарым-қатынас нормалары мен стереотиптерінің жиынтығы ретінде назар аударады, егер ана тілінде сөйлейтіндер сөйлеу қарым-қатынас ережелерін сақтама, туристерге қызмет көрсетудің жоғары деңгейі туралы айту мүмкін емес. Сөйлеу этикеті халықтың мәдениеті мен дәстүрін баса көрсететіндіктен, әр тұтынушының сөйлеу әрекеттеріндегі айырмашылықтарды ескеру қажет, өйткені әр тілде өзіндік қалыптасқан байланыс жүйесі бар.

Қорытындылай келе, тілдік орта әртүрлі жеке мүмкіндіктері, қажеттіліктері мен даму әлеуеті бар адамдар үшін билингвизм арқылы туристік процесті дамытуда маңызды рөл атқарады. Осылайша, туристік индустриядағы билингвизм теориялық және практикалық тұрғыдан шешілуі керек күрделі мәселе болып табылады. Тілдерді зерттеу интегративті, салыстырмалы түрде болуы керек екенін атап өткен жөн.

Әдетте адамдарда екі тіл әртүрлі дәрежеде қалыптасады, өйткені тілдер мен олар ұсынған мәдениеттер әрекетінің екі бірдей әлеуметтік саласы жоқ. Сондықтан туризм саласында екі тілді де еркін меңгеру талабы жоқ. Бұл қоғамның қажеттілігі [7].

Кәсіпорындардағы екітілді мамандардың жеткіліксіздігі немесе тіпті болмауы кадрларды даярлаудағы кәсіби деңгейдің төмендігін көрсетеді. Қазіргі таңда туризм саласында оқитын білім алушылардың көптен бір бөлігі орыс тілінде ғана білім алады, ал қазақ тілінде білім алуға оқу құралдарының тапшылығы кедергі.

Әдебиеттер тізімі

1. Быстров, С. А. Организация гостиничного дела: учебное пособие / С.А. Быстров. – Москва: ФОРУМ: ИНФРА-М, 2021. – 432 с.
2. Вакуленко, Р. Я. Управление гостиничным предприятием: учебное пособие / Р. Я. Вакуленко, Е. А. Кочкурова. – Москва: Университетская книга; Логос, 2020. – 320 с.
3. Вотинцева, Н. А. Правовое обеспечение гостиничной деятельности: учебное пособие / Н. А. Вотинцева. – Москва: РИОР: ИНФРА-М, 2020. – 299 с.
4. Глазков, В. Н. Методы научных исследований в сфере туризма и гостиничного дела: учебное пособие для вузов / В. Н. Глазков. – Москва: Издательство Юрайт, 2021. – 177 с.
5. Гостиничное дело: словарь / Н.С. Морозова, М.А. Морозов, Т.И. Зворыкина [и др.]; под ред. д-ра экон. наук, проф. Н.С. Морозовой. – Москва: ИНФРА-М, 2020. – 247 с.

6. Никитинский Е.С. Туризм в Казахстане - приоритетная отрасль экономики страны // Международная научно-практическая конференция «Туризм в Казахстане: проблемы и перспективы», Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана. – 2006 г. – С. 16-19.

7. Худобина О.Ф. Билингвальное образование как междисциплинарный феномен // Известия Волгоградского государственного технического. – 2005. – №4(13). – С. 161-163.

Материал редакцияға түсті: 15.03.2022

УМИРТАЕВА, Д.К., ЖҰМЕКЕНОВА, Д.Е.

АНАЛИЗ ЭФФЕКТИВНОСТИ РАБОТЫ ДВУЯЗЫЧНЫХ СОТРУДНИКОВ В ГОСТИНИЧНО-РЕСТОРАННЫХ КОМПЛЕКСАХ ГОРОДА КОСТАНАЙ

В статье рассматривается двуязычие как социально-культурный феномен с точки зрения развития туристической индустрии. Анализируется роль билингвизма в индустрии туризма и уровень подготовки сотрудников гостинично-ресторанных комплексов города Костанай. Билингвизм рассматривается как с лингвистической точки зрения, так и с психолого-педагогической стороны. Знание второго языка, несомненно, рассматривается как актуальный языковой компонент подготовки будущего профессионального специалиста.

Ключевые слова: гостиничный-ресторанный бизнес, гостинично-ресторанный комплекс, двуязычие, туристская индустрия, подготовка кадров.

UMIRTAEVA, D.K., ZHUMEKENOVA, D.E.

ANALYSIS OF THE EFFECTIVENESS OF BILINGUAL EMPLOYEES IN THE HOTEL AND RESTAURANT COMPLEXES OF KOSTANAY

The article considers bilingualism as a socio-cultural phenomenon from the point of view of the development of the tourism industry. The role of bilingualism in the tourism industry and the level of training of employees of hotel and restaurant complexes of Kostanay are analyzed. Bilingualism is considered both from the linguistic point of view and from the psychological and pedagogical side. Knowledge of a second language is undoubtedly considered as an actual language component of the training of a future professional specialist.

Key words: hotel and restaurant business, hotel and restaurant complex, bilingualism, tourism industry, personnel training.

ӘОЖ 811.512.122

Базылханова, А.Т.,

«7М02312» - Шетел филологиясы»

оқу бағдарламысының 2 курс магистранты

Әл-Фараби атындағы

Қазақ Ұлттық университеті,

Алматы, Қазақстан

ДЖОН ФАУЛЗДЫҢ «МАНТИССА» РОМАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ АРХЕТИПІ

Түйін

Мақалада көрнекті ағылшын постмодернизм жазушысы Джон Фаулздың «Мантисса» романындағы әйел архетипіне талдау жасалады. «Мантисса» романы бір-біріне қабаттаса суреттелген кеңістіктегі образдарға, көптеген халықтар мен дәуірлердің шындықтары мен көркем әдебиеттеріне бағыттайтын дәйексөздер мен мәдени-тарихи аллюзияларға толы интермәтін екені айшықталады. Романға негіз болып отырған архетип ұғымының өзектілігі талданады. Уақыт пен жағдайға бағынбайтын бірнеше образдарға бір мезетте айнала алатын бас кейіпкер Эрато – «Мантисса» романындағы әйел бейнесінің архетипін ашу арқылы

Джон Фаулз барлық кездегі барлық халықтардағы әйел психологиясының көрінісін қамтуға ұмтылады.

Кілт сөздер: архетип, мифология, әйел архетипі, мифтік сана, постмодернизм, аллюзия.

1 Кіріспе

Ағылшын жазушыларының мифке оралу үрдісінің үдеуін XX ғасырда Британия мен Американың әдебиеттану ғылымында тұтас мифтік сын (мифокритика) бағытының қалыптасуынан көреміз. Жалпы мифке оралудың өзектілігі өз ұлтының берік тұғырлы түпсана идеяларын насихаттап, қоғамға сіңіріп, өз болашағын бағдарлайтын елдің төл тарихына, түп-тамырына үңілумен келетіндігі екенінде. Ондағы мақсат өткеннен сабақ алу, елдік айқышты нақтылау, ұлттық діңгекті бекіту. Өткеннің бағзы архетиптерін қайта жаңғыртып, болашақпен ұштастыратындай жаңа мәнді қайта қарау өскелең ұрпақтың өз тарихына деген жаңа көзқараспен қарауына, құрмет көрсетіп, идеал тұтуына жетелейді. Осы тұста Ғарифолла Есімнің «Мифология – адамдардың өзін қоршаған орта туралы түсінігін тарихи, өздігінен болды деп сенетін түрлі бейнелер, кейіпкерлер мен оқиғалар арқылы жеткізуге. Мифологиядағы бейнелер арқылы ұжымдық түсінік қалыптасады. Мифология сол кездегі адамдардың таным объектісі. Онда адамшылық нормалары сөз болады. Олардың түйгендері мен түйсінгендері санасында екшеліп, көркемөнер үлгілері түрінде (сурет, ән, би, салт т.б.) көрініс береді. Осыдан біртіндеп әлемдік мәдениет нұсқалары жинақтала бастайды» [1, 8 б.] деп тұжырымдап өткеніндей миф тарих пен бүгін арасын байланыстырушы ұлттық жәдігер болып табылады. Адам баласы санасына ғасырлар бойы әбден сіңген халық мифологиясындағы мифтік образдар мен сюжеттерді архетиптер деп атап жүрміз.

Мақалаға негіз болып отырған «архетип» ұғымы философия, психология, антропология, әдебиеттану, лингвистика, өнер және басқа да салаларда өзекті зерттеу нысанына айналды. «Архетип» термині (грек тілінен аударғанда «үлгі», «бастапқы сұлба», «прообраз») – яғни, адам санасында қалыптасқан бастапқы образдар жүйесі, тізбегі. Юнгтің айтуынша бейсаналы түрде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан бейнелер, символдар, сюжеттер мен мотивтер дей келе, ол архетипті «ұжымдық бейсаналық» ұғымымен сабақтастырады, ол аталмыш тіркесті француз әлеуметтік мектеп өкілдері Э. Дюркгейм мен Л. Леви-Брюльдің «ұжымдық таным» (коллективное представление) ұғымы негізінде қалыптастырды. К.Г. Юнг: «тұлғалық» архетиптен «ұжымдық» архетиптер басым болатындығын әлемдік мифологиямен сабақтастықта қарастырады [2, 19 б.]. Сондықтан мақала міндеті – «Мантисса» романдағы әйел бейнесінің архетиптік табиғатын көрсету.

2 Материалдар мен әдістер

XX ғасырда Зигмунд Фрейд негізін қалаған аналитикалық психологияның дамуына орай архетип ұғымы, оның ішінде ұжымдық бейсаналық теориясын жасаған Карл Густав Юнгтің «архетип» дегеніміз «бейсаналы түрде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан бейнелер, символдар, сюжеттер мен мотивтер» деп ғылыми айналысқа енгізіп, өзектілігін арттырды. Өз кезегінде «архетип» атауының тарихы Е.М. Мелетинскийдің пайымдағанындай ежелгі дәуірлерден бастау алады. Платон мен Августиннің еңбектерінде, кейін «ұжымдық танымда» Э. Дюркгейм, И. Кант зерттеулерінде нақты архетип термині болмаса да, мағыналық сипаты көрініс тапқан [3, 5 б.]. Архетипті тәжірибелік тұрғыда зерттеу мүмкін еместігін айтқан ғалымдар жоқ емес. Мысалы, ғалым М.Бекетов «Архетип» атты альманахта оны тәжірибелік тұрғыда зерттеу мүмкін еместігін айтқан [4, 25].

Дж. Фрейзердің ритуалды-мифологиялық теориясы, К.Юнгтің архетиптер теориясы, Н. Фрай мен Р. Барттың тұжырымдары мақаланың материалдық негізіне сүйеу болды.

Карл Густав Юнгтің есімі «Мантисса» романының орыс тіліне аудармасында тікелей айтылған: « – оқышы, қане, Джонг не деп жазып жатыр. – Сен Юнг деп айтқың келіп тұрма? Швейцариялық психолог?» [1, 183]. Ал түпнұсқада сөздер ойынын оңай байқауға болады: «Jong – Jung» швейцариялық психолог есімін «'Read Jong.' 'The Swiss psychologist?'» [3: 120] деп бүкпе мәнде қалдырады. Американдық жазушы Эрика Джонг пен

психоаналитик К.Г. Юнгтің байланысы кездейсоқ емес: оның әйелдерге деген көзқарасының архетиптік табиғатын мысқылды тұспалдап отыр. Кейіпкер былай дейді: «...I happen to be a female archetype with an archetypally good sense, developed over several millennia, of deeper values» [3: 139] («...Мен бірнеше мыңжылдықтар бойы дамыған, терең құндылықтары бар архетиптік жалпы мағынасы бар әйел архетипімін» [3: 139]. Муза кейіпкерден қолын өзінің толарсағынан алуын талап еткенде ол бар болғаны архетиптерде толарсақ бар-жоғын тексергісі келгенін айтып мысқылдап жауап береді. Фаулзда муза-кейіпкердің өзі («архетип») сана мен түпсанаға ие.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Қарама-қайшы да даулы пікірлердің нысаны болған әйгілі ағылшын постмодерн жазушысының Джон Фаулздың 1982 жылы жарық көрген алтыншы романы «Мантисса» туындысы «ұлы мистификатордың» барлық алдыңғы «Коллекция жиюшы» (The Collector, 1963), «Бақсы» (The Magus, 1965), «Француз лейтенантының әйелі» (The French Lieutenant's Woman, 1969), «Қара ағаш мұнарасы» (The Ebony Tower, 1974), «Дэниел Мартин» (англ. Daniel Martin, 1977) сынды шығармаларын толықтырып қана қоймай, оларды өзгеше интерпретацияларда саралауға мүмкіндік береді. Интеллектуалды проза мен әдеби китчті шебер ұштастыра жазған Джон Фаулздың бұл эксперименттік жанрын «метапрозаға» жатқызады. Автор өз қолжазбасында «Мантиссаға» Оксфорд ағылшынша сөздігіндегі «салыстырмалы түрде аз маңыздылықты, әсіресе әдеби мәтінге немесе пайымдауға қосу» анықтамасын келтіреді. [5, 281]. «Мантисса» – кейіпкерлер әлемі мен сол кейіпкерлер әлемінің жасалу жолын ашып көрсететін әдеби шығармашылық әлемінен құралған қос құрылымды «роман туралы роман» болып табылады. Шығарманың сюжеті жазушы Майлз Грин мен оның музасы арасындағы диалогқа негізделген. Ғашықтардың ұрыс-керістерін еске салатын жазушы мен оның музасы арасындағы келіспеушілік бүкіл шығарма барысында бой көтеріп, бір тақырыптан екінші тақырыпқа ауысады, яғни постмодерндік прозаға тән қайта түрленіп отыру, ойын принципі жүзеге асырылады. Дегенмен де оқиға өзегі болып өзанықталу мен шығармашылық мәселесі қалады.

«Мантисса» романы бір-біріне қабаттаса суреттелген кеңістіктегі образдарға, көптеген халықтар мен дәуірлердің шындықтары мен көркем әдебиеттеріне бағыттайтын дәйексөздер мен мәдени-тарихи аллюзияларға толы интермәтін үлгісіндегі шығарма. Бұл мағынада «Мантисса» тіпті роман туралы роман емес, метароман метароман туралы. Автор өз туындыларын жазу барысында кезінде аналитикалық психология идеяларын жиі қолданғандығын мойындайды: «Мен Фрейд пен Юнгтің кейбір идеяларын өз «қуыршағымды» жасау үшін қолдандым. Әсіресе маған Юнг көмектесті» [6, 553]. Біздің ойымызша, «Мантисса» романындағы әйел бейнесінің архетиптілігі негізінен жазушының басқа шығармаларына тән көп мотивтілік қасиетінде көрінеді. Фаулздың дерлік барлық романдарында ежелгі мотивтер бар, бірақ «Мантиссада» олар басты рөл атқарады, өйткені романның кейіпкері – грек құдайы. Оның ішінде қайсысы екенін анықтау өте қиын: негізінен ол Эрато, махаббат поэзиясының музасы ролінде ойнайды, бірақ сонымен бірге грек мифологиясында кек алу құдайы болып табылатын Немезидтің бейнесінде, сондай-ақ таңғажайып нәзіктіктің символы грек мифология аруы – Кора бейнелерінде кездеседі.

Кейіпкер өзінің муза-әпкелері мен Афродита «тәтесі» туралы басқа кейіпкерлер сияқты айтады. Алайда, оның Кора мен Немезидаға айналуы кейіпкердің көп қырлылығын, әйел құдайының белгілі бір архетипін айқын көрсетеді. Алайда, оның «құдайшылдығы, таңғажайыптылығы» басқа түрге құбылу қабілетіне ғана байланысты емес, жазушының пікірінше, көптеген әйелдерге тән ойлау қабілетінің, түйсік-танымының және дамыған қиялының ерекшеліктеріне байланысты. Эратоның ақыл-ойы мен көзқарасы Майлздың ой-танымына қарсы қойылып суреттелген. Былай қарағанда бұл осы шығарма аясындағы ғана шиеленіс емес, жалпы ерлер мен әйелдердің дүниетанымы мен ойлау ерекшеліктері арасындағы бітпейтін мәңгілік қақтығыс. Романда осы жанжал бірде бәсең тартып, бірде басқаша өршіп отырады. Осылайша, Эрато бір мезетте Музаның да, сүйікті жардың да

архтепі болып отырады, бірақ бұл образды мінсіз деп атай алмаймыз. Мұның себептерінің бірі – кейіпкердің мінез-құлқындағы үздіксіз өзгерістер, әйел затына тән болжап біле алмайтын аяқ-асты оқыс мінез-құлық: сондай мейірімді дәрігер А.Дельфи мен ақкөңіл сіңлі Кориден, ол ойда жоқта ұнамсыз, бетпак, баттастыра макияжға оранған Немезидаға, одан соң ерке-қыңыр, қылымсып қалған назды Эратоға айнала салады.

Фаулздың әдеби прозасының, оның ішінде «Мантисса» романының сюжеттерінде әйел кейіпкерлер жеңіп шығатын немесе тәуелсіз позицияға ие болғандай етіп бейнеленген, ал ер кейіпкерлер былайша айтқанда ақымақ боп қалады: «Менің кітаптарымның айқын тенденциясы деп әйел бейнелерінің ерлерге үстемдік етуін айта аламын. Мен ер адамға жасанды нәрсе ретінде қараймын, ал әйел мен үшін шындық. Ол, ер адам – суық идеяның көрінісі, ал ол, әйел-жылы шындық» [7: 50]. Жалпы постмодернизмнің, ең алдымен, біртектілік, монотондылық және қалыпты ойлаудан бас тарту негізінде пайда болып, ешқандай белгілі әмбебап нормаларды қабылдамайтындығын ескерсек, дәл осы тұста Фаулз өз ұстанымынан бір қадам артқа шегініп, өз шығармаларындағы ер адамды әрқашан жасаушы, ойлаптапқыш, әрекетші етіп, ал әйел адамды – шабыт көзі мен ынтықтықтың нысаны етіп көрсетеді. Бұған дәлел ретінде «Мантиссаның» келесі сюжетін көрсетуге болады: Эрато Овид, Горац, Катулл, Шекспир сияқты қаламның басқа да ұлы шеберлерін тізімдей бастайды, алайда олардың төл туындыларды шатастырады. Күлетін де жылайтын, өйткені ол сізді Эратоның шабыт ретінде және әйел ретінде тұрақсыздығы туралы ойлануға мәжбүр етеді. Эрато ұлы суретшілер туралы өте ұнамсыз сөйлейді, ал өзі ештеңе жасамайды. Ол Майлз Гринді Одиссейге жазғанына сендіруге тырысады, бірақ кейіпкер оған сенбейді. Осылайша, Эратоның рөлі негізінен пассивті: оның болуы шығармашылық процестің қажетті шарты болып табылады, бірақ процестің өзі белсенді ерлердің басшылығымен жүреді. Фаулздың әдеби прозасындағы кейіпкерлердің орны әрдайым түсініксіз, кейде парадоксалды. «Бұл ішінара, өйткені әйел мен үшін құпия болып қала береді», – деп түсіндіреді жазушы [6: 568].

5 Қорытынды

Қорыта айтқанда «Мантисса» метароманында Фаулз постмодерн сарынына сәйкес оқырманға жауабы әу бастан белгілі жұмбақтарды ұсынбайды, керісінше оқырманның зияткерлік, ой-танымдық әуелетін сынай түсетін, оған өз дүниетанымы мен пайымдауының тереңдігін бойлауға мүмкіндік беретін интеллектуалды ойын құрады. Бірде муза, бірде қазіргі заман әйелі өкілі және тағы бірнеше образдарға айнала алатын Эрато барлық кездегі барлық халықтардағы әйел психологиясының көрінісі, айнасы. Фаулз әдеттегідей күрделі аллюзивті образ-символдарды қиыстыра ұсына отырып, оқырманнан кейіпкер логикасы мен автор идеясына терең үңілуге талап етеді. Оқиғаларды циклді түрде жаңа интерпретациямен, жаңа түсіндірмелерді орағытып әкеліп, басқа шындықты ұсынады. Бірнеше қайнаркөздерден алынған аллюзивті метафоралар, немесе бір қайнаркөздің бірнеше түсіндірмесі оқырманның қалыптасқан білімі мен түсініктерімен ойнап, бірде шатастырып, бірде қызықтырады. Оқырман күтіп отырған сюжет оралымы ол мүлдем ойламаған жағдайда жүзеге асады. «Мантисса» романындағы әйел архетипі мифологиялық элемент ретінде тұтастай ашылып, әйелге қатысты мифологияның едеуір бөлігін қамтып, не жанап өтеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Есім Ғ., Артемьев А., Қанаев С., Біләлова Г. Дінтану негіздері. – Алматы: Білім, 2003. – 156 б.
2. Юнг К.Г. Архетип и символ. – Санкт-Петербург: Ренессанс, 1991. – С. 208.
3. Мелетинский Е.М. О литературных архетипах. – Москва: Российский государственный гуманитарный университет, 1994. – С. 136.
4. Архетип. Культурологический альманах. – Шадринск, 1996. Вып. 1. – 70 с.
5. Фаулз Дж. Мантисса / ағылш.тілінен ауд. И.М.Бессмертная. Москва: Эксмо, 2016. – 288 бет.
6. Фаулз Дж. Кротовые норы / пер. с англ. И.Бессмертной, И.Тогоевой. М., 2002.

7. Fowles J. Mantissa. L.: Picador, 1993.

Материал редакцияға түсті 15.03.2022

БАЗЫЛХАНОВА, А.Т.

ЖЕНСКИЙ АРХЕТИП ДЖОНА ФАУЛЗА В РОМАНЕ «МАНТИССА»

